

«Д.ҚОНАЕВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫ» КММ



2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ Д.ҚОНАЕВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ЖОСПАРЫ

Ақтөбе қаласы



БЕКІТЕМІН:

«Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» КММ директоры А.А.Тажимишев

2024 жылғы «31» тамыз

Хаттама №2



2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

(«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығы және 2024 жылғы 10 маусымдағы №2 хаттамасымен бекітілген «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатты негізге ала отырып жасалды)

Ақтөбе қаласы, 2024 жыл

**2023-3024 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ
Д.ҚОНАЕВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕП
ЖҰМЫСЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ**

Ақтөбе қаласы

«Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» КММ
2023-2024 оқу жылындағы жұмысына талдау және
2024-2025 оқу жылына мақсат-міндеттері

МАЗМҰНЫ

I. Мектептің жалпы сипаттамасы

- 1.1. Білім беру деңгейлері бойынша мектепте білім алушылар контингенті туралы мәліметтер
- 1.2. Мектептің әлеуметтік паспорты
- 1.3. Педагогикалық кадрлардың сандық-сапалық құрамы
- 1.4. Мектептің материалдық-техникалық қызметі

II. Білім беру үдерісін ұйымдастыру.

- 2.1. Мектепті басқару алқалы органдарының жұмысы
- 2.2. Мектептегі әдістемелік жұмыс
- 2.3. Жалпы бастауыш, жалпы негізгі және орта білім беру деңгейіндегі білім беру сапасы
- 2.4. Дарынды оқушылармен жұмыс
- 2.5. Мектептің психологиялық-әлеуметтік қызметі

III. Мектептің тәрбие жұмысын ұйымдастыру.

- 3.1. Құқықбұзушылықтың алдын алу және патриоттық тәрбие
- 3.2. Мектептің спорттық-сауықтыру бағытындағы жұмыс қорытындысы
- 3.3. Қосымша білім беру қызметі
- 3.4. Кітапхана жұмысы
- 3.5. Мектептегі кәсіптік бағыт-бағдар беру бойынша жұмыс
- 3.6. Мектептегі өзін-өзі басқару жүйесі

IV. Жалпы қорытындылар: даму перспективалары мен 2023-2024 оқу жылына мақсат-міндеттер мен жұмыс жоспары

МЕКТЕП ПАСПОРТЫ

Тіркелген мекен-жайы	Ақтөбе қаласы, Қарғалы тұрғындар алабы 12 А
Ашылған уақыты	01.09.2016 ж
Мектеп директоры	Тажимишев Абзал Амантаевич
Мектеп ұраны	Жоғары сапалы орта білім
Оқушы саны	Барлығы – 3657 оқушы Қазақ класында – 2923 (79,9%) Орыс класында – 734 (20,1%) 1-ауысымда – 1594 (43,6%) 2-ауысымда (аралық) – 1590 (43,5%) 3- ауысымда – 473 (12,9%) Класс комплекті саны – 140 1-4 кластар – 65 (46,4%) 5-9 кластар – 66 (47,1%) 10-11 кластар – 9 (6,5%)
Мұғалімдердің білімі туралы ақпарат	2023-2024 оқу жылын 240 педагогпен аяқтадық. Жоғары білімді – 223 (87,3 %) Арнаулы орта білімді – 17 (12,6 %)
Мұғалімдер санаты туралы ақпарат	Педагог-шебер – 4 (1,6%) Педагог-зерттеуші – 64 (26,6%) Педагог-сарапшы – 43 (17,9%) Педагог-модератор – 60 (25%) Санаты жоқ – 69 (28,7%) Сапалық құрам – 46,25%
Материалдық базасы	Оқу кабинеті – 57 Класс кабинеті – 39 Интерактивті тақтасы бар класс – 64 Паспортталған кабинет – 42 Зертханалық (арнайы мамандандырылған) кабинет – 5 Спорт зал – 1 Гимнастика залы - 1 Мәжіліс залы – 1 Мектеп асханасы – 1 Кітапхана – 1 Мұражай – 1 Авторлық кабинеті –2 (шахмат – 1, бейнелеу – « ART VIEW » шығармашылық студиясы – 1) Ағылшын тілі кабинеті – 6 ІТ кабинет – 1 Робототехника - 1 Информатика кабинеті – 3 Психолог кабинеті – 1 Логопед кабинеті - 1 Өзін-өзі тану кабинеті – 1 «Бақытты бала» субұрқағы – 1 Би залы - 1 «Жеңіс» спорт орталығы: фитнес залы, бокс алаңы, күрес алаңы «Жас дарын» шығармашылық орталығы: би залы, шахмат кабинеті

ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫҢ МІНЕЗДЕМЕСІ

«Мұғалім – зор тұлға, ол күннің құдіретті сәулесі сияқты» деген К.Ушинский. Мұғалімнің бойындағы қаруы – терең білімі мен мағыналы сөзі. Бала ата-анадан өмір алса, өмірді жақсы етіп өткізуге – мектеп және жүрегі – мұғалім жауапты. Мұғалім беделі – қоғамның ең күшті құралы. Бала бойына білім нәрін себетін, адамгершілік дәнін егетін басты тұлға – Ұстаз. Өскелең ұрпаққа тәрбие беруде ұстаздардың еңбегі зор.

Қазіргі заманда сындарлы оқыту теориясына сай, бала білім алып қана қоймай, алған білімін өмірде керегіне жарата алатындай азамат етіп қалыптастыру – ұстаз қауымы алдындағы басты міндет болып отыр.

2023-2024 оқу жылында Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясында 240 педагог еңбек етті.

Педагогтердің білімі туралы мәлімет:

Оқу жылы	2022-2023	2023-2024	Өзгеріс
Жоғары білімді	219	223	+4
Арнаулы орта білімді	21	17	-4
Өзгеріс динамикасы	8%	7%	-1%

Мұғалімдердің санаты туралы мәлімет:

Оқу жылы	2022-2023	2023-2024
Мектептегі барлық мұғалім саны	240	240
Жоғары санатты мұғалім саны	1	0
I санатты	0	0
II санатты	3	0
педагог-шебер	5	4
педагог-зерттеуші	68	64
педагог-сарапшы	42	43
педагог-модератор	60	60
Санаты жоқ	61	69
Сапалық құрам	48,3%	46,2%

Педагогтердің ғылыми атағының болуы, оның ішінде магистрлер:

Оқу жылы	2022-2023	2023-2024	Өзгеріс
Жалпы педагог саны	245	240	240
Магистрлер саны	18	24	28
Өзгеріс динамикасы	7,3%	10%	11,6%

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕСЕБІ

Мектеп проблемасы: «Мәңгілік ел» ұлттық идеямызды жүзеге асырудағы қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өз оқушыларымызға «табысты тұлға» ретінде үлгі болу және педагогиканың соңғы жетістіктерін қолдану арқылы барлық оқушыларымызды ең үздік біліммен қаруландырып, бәсекелестікке қабілетті, азаматтық, ұлттық, тарихи сана-сезімі қалыптасқан, ойлау қабілеті дамыған, функционалдық сауаттылығы жоғары Қазақстан Республикасының азаматтарын тәрбиелеуге аянбай еңбек ету.

Әдістемелік кеңес мәселесі: Білім беруде инновациялық технологияларды пайдалана отырып, мұғалімнің кәсіби біліктілігін және оқушылардың коммуникативті құзыреттілігін арттыру.

Міндеттері:

- Педагогтардың кәсіби біліктерін шыңдау, ізденіс тудыру жұмыстарын жалғастыру;
- Білім беру мен тәрбиелеуді толығымен қамту;
- Озық іс- тәжірибе тарату;
- Дарынды оқушылармен жұмысты күшейту, жүргізілген жұмыстарға қолдау жасау;
- Ашық сабақ, апталықты уақытында жүргізіп отыру;
- Педагогтардың біліктілігін көтеру;
- Озық тәжірибені, жаңа әдістемелік технологияларды зерттеу, талдау.
- Білім беру технологияларын сабақта қолдану.

Мектебімізде 10 әдістемелік кафедра жұмыс жасайды. Әр кафедра өзінің белгілеген әдістемелік өзекті мәселесін басшылыққа алып, жұмыстанып келеді.

Мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін және оқушылардың өнерін, дарынын көрсететін жұмыстың түріне пән апталықтарын өткізу жатады. Оларды өткізу жоспары жылдың басында жасалынды. Жыл басында бекітілген оқу-тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес мектепте 10 кафедраның мүшелерімен 15 пәндік апталықтар өткізілді. Пән апталығын өткізудің қорытындысы әдістемелік кеңестің отырысында қаралып, әрқайсысының материалдары жинақталып, тапсырылды.

Аптаның әр жұма күні әдістемелік күн болып белгіленіп, тәжірибелі мұғалімдер мен жас мамандардың тәжірибе алмасуына көп септігін тигізді.

Үш тілде білім беру – қазіргі заман талабы. Еліміздің білім саласында осы талапқа сай үштілді білім беру үдерісі қарқынды түрде іске асырылып жатыр. Үш тілде білім беру үдерісін іске асырушылар қатарында жаратылыстану-математикалық циклдағы пәндердің мұғалімдері екені баршамызға аян. Біздің білім ордамызда жаратылыстану пәндерін үш тілде оқытатын физика, информатика, химия пәндерінің мұғалімдерінен құралған шығармашылық топ жұмыс жасайды. Мектебімізде аталған бағытта жұмыс жасайтын шығармашылық топ бар. Шығармашылық топтың құрамы жаңа оқу жылында ағылшын тілі пәні мұғалімдерімен толықтырылды.

Жас мамандармен жұмыс барысына тоқталар болсам, мектебімізде бірнеше жылдан бері «Жас мамандар мектебі» жұмыс жасайды. Жас мамандардың саны соңғы оқу жылында 47 жасты құрады. Оның ішінде биыл ғана оқу орнын аяқтап, тәлімгерлер бекітілген жас мамандардың саны – 7. Жас мамандардың даму жоспары мен тәлімгердің жас маманмен жұмыс жоспары бекітіліп, әдістемелік күн барысында есептері тыңдалды.

Оқу жылының басында жас мамандар әдістемелік нұсқау хатпен, нормативтік құжаттармен және жекелеген пәндер бойынша оқу бағдарламасымен таныстырылды.

Мектепке келген жас мамандарды қолдау, олардың кәсіби дамуына ықпал ету мақсатында 3 жыл қатарынан мектебімізде «Үздік жас маман» конкурс-марафоны өткізілді.

Әр аптаның жұма күні жас мамандарға арналған күн болып жарияланды, яғни бұл күндері мектебіміздің мұғалімдері өз тәжірибелерімен бөлісіп, жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетілді.

№ 1 отырыста «Ұстаз қоржыны» тақырыбында әдістемелік көмек көрсетілді.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

- 1.Ербозымова М.Н. бекітілген тәлімгермен тәлім алушының бұйрығымен таныстырды
- 2.Сарина С.Р. мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырды,сонымен қатар тәлімгерлік жоспарды құру үлгісін көрсетті.

3.Тарих пәнінің мұғалімі Сыдыкова А.С. қысқа мерзімді жоспарды құру үлгісін көрсетіп, жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін қолданудың тиімділігі туралы айтты.

№ 2 отырыста «Жаңа форматты сабақтың құрылымы» тақырыбында әдістемелік көмек көрсетілді.

Мақсаты:

Орыс тілі және ағылшын тілі пәні мұғалімдерімен тәжірибе алмасу.

Жас мамандарға әдістемелік көрсету.

1.Ербозымова М.Н. жас мамандардың қысқа мерзімді жоспарды құру барысында жіберетін қателіктеріне тоқталды.

2.Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Байгутдиева С.А. өз тәжірибесімен бөлісті. «Тургенев. Воробей» 7-кластағы сабағына талдау жасап, сабақ барысында қолданған жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін, тірек сызба «РАФТ» стратегияларын қолдану тәсілдерін жас мамандарға үйретті.

3. Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Отарбаева Б.Ж. рефлексияның түрлерімен таныстырып, жас мамандармен жаңа форматта рефлексияның сабақ беру үдерісіндегі маңыздылығы туралы мағлұмат берді.



№ 3 отырыста «Жаңа форматты сабақтың құрылымы» тақырыбында әдістемелік көмек көрсетілді.

Мақсаты: Жас мамандарға сабақ жоспарын құрудың талаптарымен таныстыру, сабақты қорытындылау және талдау жасауға дағдыландыру.

Жас мамандарға көмек көрсету.

Қазақ тілі және математика пәні мұғалімдерімен тәжірибе алмасу.

1.Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Кужахметова А.С. өз тәжірибесімен бөлісті. Инновациялық технологиялардың әдістерін яғни «Бес қадам», «Графикалық диктант», «Мылқау кесте» және интерактивті ойын түрлерін жас мамандарға түсіндіре отырып, практикалық жұмыстар жүргізді. Жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін үйрену, қолдану барысында материалдардың тиімді мүмкіндіктерінің жолдарын көрсетті.

2.Ағылшын тілі пәні мұғалімі Утаршиева Г.С. 7-сыныпта өткізген «Traveller's tales» тақырыбындағы сабақтың қысқа мерзімді жоспарын талдады. Сабақтың мақсаттары, дескрипторлар, ойын әдістері, жоспар бойынша сабақта қолданылған «Wordwall», «Bilimland» платформалары рефлексия түрлері көрсетілді.

3.Ағылшын тілі пәні мұғалімі Қуатбаева С.К. жас мамандарға «Рефлексия билетін» үйлестірді. Өткізілген отырыс бойынша жас мамандар отырыстан «Менің ұққаным», «Алдыңғы отырыстан күтетінім» аталатын парақтарға өз ұсыныстарын, пікірлерін қалдырды.

№ 4 отырыста «Әр сабақ-мұғалімнің ізденісінің жемісі» тақырыбында отырыс өтті.

Мақсаты: Қазақ тілі мен әдебиеті, математика пәні мұғалімдерімен тәжірибе алмасу. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету.

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Ербозымова «Е-портфолио дайындаудың әдістемелік негіздері» тақырыбында жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетті. Т.Алшағырова «Бағалау және оның түрлері», А.Оразова «Оқушының білім жетістігін бағалауда дескрипторларды қолдану» тақырыбында жұмыстарын көрсетті, А.Бозшина рефлексия бөлімін жүргізді.

№ 5 отырыста «Әр сабақ – мұғалімнің ізденісінің жемісі» тақырыбындағы әдістемелік көмек көрсетілді. Мақсаты: Химия пәні мұғалімдерімен тәжірибе алмасу. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету.

М.Тажмаганбетова «Сабақ мақсатына негізделген тапсырмаға сай дескриптор құру», К.Тамбаева «Критериалды бағалау жүйесін химия пәнін оқытуда қолдану» тақырыбында баяндама оқып, тәжірибелерімен бөлісті.



№ 6 отырыста «Сабақ беру жаңадан жаңаны табатын өнер» тақырыбында отырыс өтті.

Мақсаты:

Жаратылыстану пәні мұғалімдерімен тәжірибе алмасу.

Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету.

Мажитова Шынаркуль Умирзаковна «География сабағында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер», Кеулова Айгерим Максотовна «География сабағында оқушылардың танымдық әрекетін дамыту» тақырыбында жұмыстарын көрсетіп, рефлексия жүргізді.





2023-2024 оқу жылының басында жас мамандармен жүргізілетін жұмыс жоспары бекітіліп, жас мамандардың тізімі жинақталды. Тәлімгер мен тәлім алушыларға үлгі жоспар жіберілді, ҚР білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту туралы 2023-2024 оқу жылына арналған нұсқау хатпен мектеп ережесімен таныстырылды. Жас мамандарға арналған инстаграмм парақшасы жасақталды. Категориясы жоқ және модератор педагогтер үшін, ББЖ ұйымдастырылды, тізімі жинақталып, қорытындысы уақытылы жасалды..

Ресми құжаттар: бұйрық, сұраныс уақытылы жіберіліп отырды. Мұғалімдерді өз іс-тәжірибесін насихаттау мақсатында қалалық, облыстық байқауларға, семинарларға қатысуы уақытылы жүргізіліп отырды. Мектепшілік бақылау жұмыстары ұйымдастырылды.

24.11.23 күні "Сабақ беру - жаңадан жаңаны табатын өнер" тақырыбында жас мамандарға арналған отырыс өтті.

*Мақсаты: Жаратылыстану пәнінің мұғалімдерімен тәжірибе алмасу.

Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету.

*География пәнінің мұғалімі Ш.Мажитова география сабағында қолданатын тиімді әдіс-тәсілдердің түрлерін, "Ментальды карта", РАФТ" әдістері және осы әдістердің көмегімен оқу мақсаттарына жету, игеру жолдарын айтып жас мамандармен практикалық жұмыстар жүргізді.

*География пәнінің мұғалімі А.М.Кеулова география сабағында оқушылардың танымдық әрекетін дамыту жолдары айтылып, "Тарсия", "Роунд Робин" әдісі арқылы сабақты бекіту, қорытындылау түрлері көрсетіліп, "Padlet" тақтасы арқылы рефлексия алынды.

2024 жылдың 12 қаңтар күні мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туғанына 112 жыл толуына орай мектебімізде қалалық деңгейдегі іс-шаралар – "Қонаев оқулары" байқауы, сурет байқауы, шахмат турнирі өткізілді. «Қонаев оқулары» берілген тарқырыптардың біріне эссе жазу, Д.А.Қонаевтың нақыл сөздерін жатқа айту, Д.А.Қонаевтың өмір жолы мен қызметтік жолына байланысты тест сұрақтарына жауап беру байқауларынан тұрды. Әр байқаудың арнайы әділ-қазылар алқасы қала мектептерінен келген қасысушылардың жұмысын бағалап, өз бағасын берді. Келесі күні байқау жеңімпаздарын қалалық білім бөлімінің басшысы мен мектебіміздің директоры сахнада марапаттады.

Үздік тәжірибе – ортақ игілік. Қалалық әдістемелік кабинеттің жоспарына сәйкес қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші Кужахметова Айнур Самухановнаның «Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеулер» қалалық шығармашылық шеберханасы жұмыс жасады. Оқу жылының басында шеберхананың 4 отырысының тақырыбы бұйрықпен бекітіліп, құрамына қала мектептерінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінен 14 мұғалім алынды. Әр тоқсан сайын жоспарлы отырыстар өткізіліп, оқу жылының соңында қорытындыланды.

Сонымен қатар ынтымақтастық туралы меморандум аясында ақтөбе облыстық әдістемелік орталықпен және Ақтөбе облысы бойынша "Өрлеу" филиалының тыңдаушылары үшін Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп базасында бірнеше семинар-практикум өткізілді.

2023-2024 оқу жылында 8 семинар-практикум өткізілді. Оның ішінде 2 қалалық деңгейде бастауыш кластар мен жаратылыстану кафедрасының мұғалімдерімен, 2 облыстық деңгейдегі мектептің іс-тәжірибесін тарату мақсатындағы мектеп басшылары мен басшы орынбасарлары үшін және бастауыш класс, орыс тілі мен ағылшын тілі пәні мұғалімдері үшін, тарих пәні мұғалімдері үшін, көркем еңбек пәні мұғалімдері үшін облыстық деңгейде тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілді. Мектебіміздің бірқатар мұғалімдері өз тәжірибесімен бөлісіп, алғыс хаттармен марапатталды.

2023 жылдың 7 желтоқсан күні Ақтөбе облыстық әдістемелік орталықтың жоспарына сәйкес білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру мақсатында «Мектептегі менеджмент: тиімді басқару және сапалы білім» облыстық семинарының тәжірибелік алаңына Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы алынған болатын Семинардың тәжірибелік бөлімінің тақырыбы: "Басқару менеджменті: мектеп тәжірибесі".

Облыс аудандарының мектептерінен келген басшылар Д.Қонаев атындағы ЖББОМГ директоры А.А.Тажимишевтің алғысөзінен соң, мектеп оқушыларының шығармашылық қабілетін шыңдау мақсатында ашылған үйірмелердің жұмысын тамашалады. Мектеп жертөлесінде ашылған бірнеше спорттық секциялар, өнер үйірмелері, "Qonaev TV" телестудиясы оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бағытталған. 4 мыңға жуық оқушы білім алатын мектеп-гимназияның гимні шырқалып, қонақтарды бір серпілтіп тастады. Аз уақытта бірқатар белестерді бағындырған білім ордасының тарихы жетістіктерге бай. Мектепте 2018-2019 оқу жылында «Асыл мұра» мұражайы ашылған болатын. Семинар тыңдаушылары мұражайдың экспонаттарымен танысты.

2024 жылдың 27 сәуір күні "Дизайн және көркемдік модельдеу саласында мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін арттыру" тақырыбында көркем еңбек пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен "Өрлеу" БАҰО АҚ Ақтөбе филиалы кәсіби даму институтының курс тыңдаушыларына арналған облыстық семинар өтті. Семинардың мақсаты: Дизайн және көркемдік модельдеу саласында бейнелеу өнері мен көркем еңбек мұғалімдерінің тәжірибе алмасуы арқылы кәсіби құзіреттіліктерін және шығармашылық қабілеттерін шыңдай түсу. Семинарда "Эбру техникасы", "Үй тұмарын дайындау", "Типстен бұйымдар жасау", "Принт техникасы арқылы бұйымдар жасау", "Орайтпек кестесімен кестелеу", "Ниткография", "Макроме техникасымен гүл сауыт түйіндеу", "Қамшы өру технологиясы", "Ағашты күйдіріп өрнектеу" шебер кластары көрсетілді. Семинарға қатысушылар кәсіби құнды іс-тәжірибені меңгере отырып, ұйымдастырушыларға ізгі лебіздерін білдірді.

2024 жылдың 10 мамыр күні шәкіртінің жүрегіне әнмен бойлап, әсем жүзімен сән беріп, тамылжыған даусымен тәнті еткен талантты ұстаз, музыка пәнінің мұғалімі Дәмелі Орынбасарқызының 35 жылдық шығармашылық кеші мен мерейлі 55 жасының куәгері болдық. Салтанатты шараға тәжірибелі ұстазын ардақтай, ортасында беделді әріптесін құрметтей келген қонақтар мен ұжымдастары жиналды. Кеш барысында Дәмелі Орынбасарқызының кәсіби жетістігі мен шығармашылық даму жолымен танысып, шәкірттерінің әсем ән-әуендерімен сусындап, әріптестерінің ыстық лебізімен кеш иесінің мерейін үстем етті.

4 наурыз күні қалалық «Әдістемелік кабинет» КММ-нің жоспарына сәйкес мектебімізде жаратылыстану әдістемелік кафедрасының «Жаратылыстану пәндерін оқытудағы тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану» тақырыбында қалалық семинар өтті. Семинардың мақсаты: Жаратылыстану пәндерін оқытудағы жаңа технологияларды және белсенді әдіс-тәсілдерді мұғалімдердің іс-тәжірибесі арқылы алмасу. Семинарды әдістемелік кабинет әдіскері А.С.Садыкова мен мектеп-гимназия директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары М.Н.Ербозымова мен Н.К.Давлетова алғыс сөзбен ашты. Семинар жоспарына сәйкес география пәнінің мұғалімі Атығай Гүлбақыт 8 «Ж» класында «Эндокринді бездер қызметінің бұзылтуынан туындаған аурулар» тақырыбында ашық сабақ, география пәнінің мұғалімі Әуес Қызғалдақ Нұрланқызы 8 «Ә» класында «Демографиялық проблемалар» тақырыбында ашық сабақ, биология пәнінің мұғалімі Исенбаева Айсулу 7 «Ә» класында «Адам ағзасы үшін ұйқының маңызы. Биологиялық ритмдер. Ұйқының кезеңдері: баяу және жылдам ұйқы. Жұмысқа қабілеттілік. Күн тәртібі» тақырыбында ашық сабақ, география пәнінің мұғалімі Кеулова Айгерім 11 «Ә» класында «Қазақстанның геосаяси интеграциясы» тақырыбында ашық сабақ өткізді. География пәнінің мұғалімі Мажитова Шынарғұл Умирзаковна, химия пәнінің мұғалімдері Тамбаева Камшат Казыбаевна, Тұрғанбаева Гүлбақыт Саматқызы «Тиімді әдіс-тәсілдер сапалы сабақ кепілі» тақырыбында коучинг өткізді. Семинар соңында шараға қатысқан педагогтерден «Padlet» тақтасы арқылы кері байланыс алынып, әдістемелік кабинет әдіскері А.С.Садыкова жасалған жұмысты түйіндеді. Семинарға қатысқан қала мектептерінен келген ұстаздар жылы лебіздерін білдіріп, шараға оң бағасын берді. Химия пәнінің мұғалімі Тажмағанбетова Мирангуль 9 «Б» класында «Ағзадағы кейбір элементтерді анықтау. №14 зертханалық тәжірибе» «Сүйек құрамындағы кальцийді анықтау» №15 зертханалық тәжірибе «Тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау» тақырыбында ашық сабақ, химия пәнінің мұғалімі Шамшадин Төребек 8 «З» класында «Ерітіндідегі заттардың молярлық концентрациясы» №5 практикалық

жұмыс «Пайыздық және молярлық концентрациясы берілген ерітінділерді дайындау» тақырыбында ашық сабақ өткізді.



Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған (2023 жылғы 25 сәуірдегі №3 хаттамасы) негізінде 2023-2024 оқу жылында орта білім беру ұйымдарында білім сапасын арттыру, оның ішінде үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты жалғастыру қажет екені көрсетілген. Осы орайда мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары М.Н.Ербозымова және С.Р.Сарина үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасау барысы туралы, білім сапасын арттыру, жұмыстың жүргізу қағидаларымен таныстырып, үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасауда әр оқушыға назар аудару маңызды екені айтылды.

Биылғы 2023-2024 оқу жылында қалалық әдістемелік кабинеттің жоспарына сәйкес қала мектептерінің директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасарларын қала бойынша 8 микротопқа бөлген болатын. Әр микротопқа белгіленген тақырыптар бойынша тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізіліп келеді. 2024 жылдың 11 сәуір күні 7-ші микротоптың семинары ұйымдастырылды. Микротоп мүшесі ретінде мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары М.Н.Ербозымова және С.Р.Сарина өз тәжірибелерімен бөлісті. «Мектептегі жоба – ХХІ ғасырда басқару мен стратегиялық дамудың тетігі» тақырыбында директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасарларының кезекті микротоптағы тәжірибе алмасу алаңында "Жас мамандар мектебі: әдістеме және тәжірибе" тақырыбында өз жобаларын ұсынды. Жобаның мектеп ашылғалы өткен кезеңдері мен қазіргі күнгі жұмыс барысы таныстырылды. Тыңдаушылар тарапынан оң пікірге ие болып, жас мамандарымыздың ән шашуымен жақсы көңіл-күйде жұмыстың нүктесі қойылды. Жас мамандар мектебіндегі жұмыстар әлі де өз жалғасын таба бермек

2024 жылдың 17 мамыр күні жылдық жоспарға сәйкес Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының қолдауымен орыс тілі және ағылшын тілі пәні мұғалімдеріне арналған "Шетел тілін оқытудағы іскерлік пен дағдының маңызы" тақырыбында облыстық семинар-практикум өтті. Семинар Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының әдіскері Аскербекова Ақгүль Аскербековнаның алғысөзімен ашылды. Ұстаздардың арасындағы психологиялық жайлылықты қалыптастыру үшін танысу тренингі өтіп, шара ашық сабақтармен жалғасты. Ағылшын тілі пәні мұғалімдері Д.Мамбетжанованың, Г.Ибрашеваның және орыс тілі пәні мұғалімдері Ж.Жаймаганбетованың, Б.Отарбаеваның ашық сабақтары өткізілді. Ашық сабақтан кейін семинар қатысушылары "Сабақ үдерісінде тілдік дағдыларды дамыту" коучинг сессиясына қатысып, өзара тәжірибе алмасты. Семинар түйіні ретінде рефлексия жасалып, әдемі кері байланыс берілді. Семинарға қала және аудан

мектептерінен 30 мұғалім қатысты. Шара соңында семинар қатысушыларына сертификат және тәжірибесімен бөліскен мұғалімдерге әдістемелік орталықтың Алғыс хаты табысталды.

Мектептегі инновациялық және әдістемелік жұмыстың негізі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс болып табылады. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс – білім беру мекемесінің миссиясын орындау бойынша жетекші қызметтердің бірі.

Мектебімізде «Soft skills технологияларын заманауи мұғалімнің практикасына енгізу» тақырыбындағы 2021-2024 жылдарына арналған тәжірибелік-эксперименттік өз жұмысын жалғастырды және “Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін интеграциялап оқытуда заманауи технологияларды қолдану” тақырыбында 2023-2026 жылдарға арналған эксперимент алаңы өз жұмысын бастады. Экспериментке алынған кластарда топтық жұмысты жетілдіру бойынша сабақтар өткізілді. Әр тоқсан сайын эксперименттік алаңның мүшелерімен отырыстар өткізілді. Топтық жұмыстар тек оқушылардың арасында емес, тәжірибе алмасу барысында мұғалімдермен өткізіліп отырды. Ол жұмыстарды бақылау үшін тәуелсіз сарапшылар шақырылды. Алаңдағы 15 мұғалім өздерінің жинаған тәжірибелерін үнемі ортаға салып, өзін-өзі дамытуға жұмыс жасады. Басқа мектептердегі әріптестермен тәжірибе алмасу үшін кезектесіп семинар-практикумдарға да қатысты.

2024 жылдың 27 наурыз күні эксперименттік алаң жұмысы бойынша «Білім берудің заманауи бағыттары: Педагогтердің кәсіби дамуындағы SOFT skills ролі» тақырыбындағы облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияның секциялық отырысында әріптестеріміз бастауыш класс мұғалімдері Г.Конарова мен Г.Казахова өз тәжірибесімен бөлісті және эксперименттік алаң мүшелері 7 әріптес конференцияның жинағына өз мақалаларын жариялады.

2024 жылдың 30 наурыз күнгі №5 педагогикалық кеңестің алдында мектептегі эксперименттік-тәжірибелік алаңның жұмысын тиімді ұйымдастырғаны үшін директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Н.Ербозымоваға "Өрлеу" кәсіби даму институтының Алғыс хаты мен төсбелгісі табысталды.

2024 жылдың 11 сәуір күні қала мектептері директорларының ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасарларының «Мектептегі жоба – XXI ғасырда басқару мен стратегиялық дамудың тетігі» тақырыбында қалалық семинары өтті. Әріптесім Сауле Рзаевна екеуіміз "Жас мамандар мектебі: әдістеме және тәжірибе" жобасын ұсындық. Өз жобамызды ұсынуға біздің мектептің жас мамандары да атсалысты. Жұрт қызыға тыңдаған әсерлі жоба болды.

2022 жылы қазан айында басталған “DIGITAL USTAZ” облыстық байқауының жеңімпаздары оқу жылының аяғында марапатталды. Мектепте цифрландыруды танымал етуге бағытталған алғашқы байқауға қатысқан 62 педагогтің ішінде мектебіміздің 30 жасқа дейінгі ұстаздары да бақ сынасқан болатын. Нәтижесінде тарих пәні мұғалімі А.Қ.Ешмұқанова 150 000 теңге, химия пәні мұғалімі Г.С.Тұрғанбаева 80 000 теңге, дене шықтыру пәні мұғалімі Н.С.Самат 60 000 теңге көлемінде қаржылай сыйлықпен марапатталды.

2023-2024 оқу жылының ерекшеліктерінің бірі – мектеп оқушыларының қазақ тілі пәнінен аралық аттестатау емтихандарын тапсыруы болды. Мамыр айында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінен арнайы комиссия құрып, емтихан материалдарын дайындап, оларды тексеріп, басып шығарумен айналыстық. Мамыр айының 26-31 күндері аралығында әріптестерім аралық және мемлекеттік емтихандарды өткізіп, оқушылардың жұмыстарын тексерумен айналысты. Осы тұста әдістемелік көмекті қажет ететін әріптестеріме қолдау көрсетілді.

Қорыта келе, төмендегідей ұсыныстарды ұсынамын:

-озат педагогикалық тәжірибелі ұстаздардың сабақтағы ең тиімді әдістерін пайдалану.

-жас мамандардың педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

-өз бетімен білімін көтеру жұмысының нәтижелілігін арттыру.

-сабақтастық жұмыстарын ұйымдастыру

Әлді	Әлсіз
Пән апталықтарының уақытылы, қызықты өткізілуі Біліктілік санатын көтеруге өтініш берген мұғалімдердің артуы, біліктілік тесттерінен өтуі	Жас мамандармен жұмыстың бір жүйеге қойылмауы
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатер
Деңгейлік бағдарлама курстары бойынша	Әдістемелік кафедра жетекшілерінің іс-

сертификатталған мұғалімдердің іс-тәжірибесін тарату арқылы жас мамандар мектебінің жұмысын жандандыру	құжаттарының бірізділігінің жоқтығы
--	-------------------------------------

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР БОЙЫНША ӨТКЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ, ОБЛЫСТЫҚ, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕЗЕҢДЕРІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Пән олимпиадасы дарынды балаларды анықтаудың, оларды ғылым жолына бағыттау жоба. Дарынды тұлғаларды олимпиадалық есептер, логикалық тапсырмалар, күрделенген сұрақтар бала дарынының өсуіне, логикасының дамуына үлкен септігін тигізіп, баланы мұқияттылық пен еңбекқорлыққа тәрбиелейді. Сонымен қатар, пән олимпиадалары ұстаздардың деңгейін арттырып, мұғалімнің педагогтік беделін арттыратыны сөзсіз. Оқушының пән олимпиадасындағы деңгейі жоғарылаған сайын сәйкесінше ұстаздың да деңгейі жоғарылай түседі. Ал, ұзақ уақыт олимпиадаға шәкірт тәрбиелеген ұстаздың кәсіптік білімі өзгеден оқ бойы озық тұрады анық.

Елімізде көп жылдар бойы ғылым негіздерін құрайтын барлық пәндер бойынша республикалық олимпиаданың мектепшілік, аудандық, облыстық және республикалық кезеңдері өткізіліп келеді. Мектебіміз ашылғалы 9-11 класс оқушылары олимпиадаға жыл сайын қатысып келеді. Олимпиадада төмендегі **пәндер** қамтылады:

Гуманитарлық бағытта 7 пән:

- ✓ Қазақ тілі және әдебиеті (қазақ кластарында)
- ✓ Қазақ тілі және әдебиеті (орыс кластарында)
- ✓ Орыс тілі және әдебиеті (қазақ кластарында)
- ✓ Орыс тілі және әдебиеті (орыс кластарында)
- ✓ Ағылшын тілі
- ✓ Қазақстан тарихы
- ✓ Құқық негіздері

Жаратылыстану-математикалық бағытта 6 пән:

- ✓ Математика
- ✓ Информатика
- ✓ Физика
- ✓ География
- ✓ Биология
- ✓ Химия

(Барлығы 13 пән)

2023 жылдың 19-21 желтоқсан күндері олимпиаданың қалалық кезеңі өтті. Алдын ала ҚББ ұсынылған сұраныс бойынша 13 пәннен қалалық кезеңге 37 оқушы қатысып, оның 24-і түрлі деңгейдегі жүлделі орындарға ие болды. 5 оқушы 1-орын, 11 оқушы 2-орын, 5 оқушы 3-орын, 3 оқушы алғысхат (4-орын) иеленді. Барлығы 24 жүлделі орын (бұл қатысқан оқушылардың 65%).

Қалалық олимпиада қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша 2 күнге бөлініп өткізілді. Жүлделі орындарды осы бағытта қарастыратын болсақ, мектеп қоржынына гуманитарлық бағытта 14 жүлде, математикалық бағытта - 10 жүлде түскен екен. Мектеп командасы қала мектеп-гимназиялары арасында жүлделі 3-орынға тұрақтады. Бұл нәтиже биыл ғана «мектеп-гимназия» статусын алған біз үшін үлкен жетістік болды.

Биылғы оқу жылы олимпиаданың барлық 13 пән бойынша түрлі деңгейде жүлделі орындар бар. 9,10,11 кластар бойынша бір-бір оқушыдан қатыстырғанда, мектептен 39 оқушыны қатыстыруға мүмкіндік бар.

Пәндік олимпиаданың **ҚАЛАЛЫҚ** кезеңдеріне талдау

Оқу жылдары	қатысқаны	қазақ т және әдеб	қазақ т (орыс кл)	орыс т және әдеб	орыс т (қазақ кл)	ағылшын тілі	тарих	құқық негіздері	математика	физика	информатика	химия	биология	география	жүлде саны, пайыз	команда-лық есепте
2021-2022	27	2	1	-	-	1	1	2	1	-	-	-	1	2	11 (40,7%)	4-орын
2022-2023	28	2	1	1	1	1	2	-	1	2	-	1	1	1	14 (50%)	4-орын
2023-2024	37	3/3	2/2	3/1	2/2	3/2	3/2	3/2	3/1	3/1	3/2	3/2	3/1	3/3	24 (65%)	3-орын

Оқушыларды қалалық кезеңге дайындап, жоғары нәтижелер көрсеткен пәндер - **қазақ тілі және әдебиеті, қазақ тілі (орыс кластарында), орыс тілі (қазақ кластарында), география**. Бұл пәндер бойынша сапа – 100%, яғни қатысқан 10 оқушының барлығы жүлделі болды.

Жақсы нәтиже көрсете алған - **ағылшын тілі, тарих, құқық, химия, информатика**. 15 оқушының 10-ы жүлделі орындар алған, яғни 66,6% нәтижелі болды. Сәл төмен, бірақ жүлделі орындар бар – **орыс кластарындағы орыс тілі және әдебиеті, математика, физика, биология**. Бұл пәндерден 12 оқушы қатысқан, оның тек 4-і жүлделі орындарға ие болды. Бұл дегеніміз аталған пәндер бойынша қатысқан оқушылардың -33%. Олимпиаданың қалалық кезеңінен кейін әр жетекшіге оқушысының нәтижесіне қарай жұмысын бағалау үшін талдау жасалды. Олимпиаданың өз заңдылығы бар, оның басты ерекшелігі сол - оқушының сабақ үлгеріміне аса байланысты емес. Олардың басты артықшылығы – логикалық ойлау өрісінің өте жоғарылығы. Ал, қалыпты қабілетті баланың сабақ үлгерімі өте жақсы болуы мүмкін, бірақ, оның өзгеше ойлау қабілеті мен түсінігі терең болуы екіталай. Яғни, стандартты толық меңгеруге қабілеті жеткенімен, олимпиада шыңына жету мүмкіндігі төмен болып қалатын жағдайлар болады. Жалпы, олимпиадалық қозғалыстың соңғы 3 жылдық көрсеткіштерін алып қарайтын болсақ, қазақ тілі, ағылшын тілі, тарих, математика, биология, географиядан жыл сайын нәтижелі болған. Информатикадан биыл ғана жүлдегерлер шығып отыр. 9-кластардың олимпиадаға биыл 1-рет қатысуы, қобалжу да болды. Аса белсенділік танытқан 10-11 класс оқушылары, себебі олар 2-3 жылдан бері қатысып жүр және олимпиадалық тапсырмалардың күрделілігін, жеңіске жетуде еңбекқорлық пен табандылық керек екенін жақсы түсінеді. Ұстаз оқушыға әр сатыда үлкен мотивация беріп отыруды, оқушы деңгейі жоғарылаған сайын, үздіксіз стратегиялы дайындық қойып, шабыттандырып отыру өте үлкен көмек, әрі табысқа жетудің кілті. Себебі, тек үздіксіз жігерленіп отырған бала ғана үздіксіз жүктемемен жұмыс істей алады. Әйтпесе, рухани жақтан немесе физиологиялық жақтан шаршап кетуі әбден мүмкін. Әрине, бұл жерде баланы олимпиадаға дайындайтын пән мұғалімдерінің еңбегі зор. Дарынды оқушыны тәрбиелеу - үлкен жауапкершілікті талап ететін әрекет. Себебі, бала психологиясын бәсекеге дайындап, қабілетін ашу, оқушыны дұрыс таңдап, бағыт-бағдар беру үлкен қабілетті және мол тәжірибені қажет етеді. Қарапайым мұғалімнен үздік шәкірт тәрбиелейтін ұстазға айналу әрбіріміздің міндетімізге айналуы керек. Бірнеше жылдан бері оқушының даралығын шыңдап, жүлдегер шығарып жүрген Романова М, Сырбаева С., Кужахметова А., Бозшина А., Садыкова Б., Сыдықова Ж., Қоныратбаева А., Тамбаева К., Исенбаева А., Мажитова Ш., Кеулова А., Касимов Е. сынды жетекшілердің еңбектері көпке үлгі. Сонымен, олимпиадалық ереже бойынша қалалық кезеңде 1,2 орын алған 16 оқушы жарыстың облыстық кезеңіне жолдама алып, қатысты.

Пәндік олимпиаданың **ОБЛЫСТЫҚ** кезеңдеріне талдау

Оқу жылдары	Қатысқан оқушы саны	қазақ т және әдеб	қазақ т (орыс кл)	орыс т және әдеб	орыс т (қазақ кл)	ағылшын тілі	тарих	құқық негіздері	математика	физика	информатика	химия	биология	география	жүлде саны, пайыз	команда-лық есепте
2021-2022	8	2	1					1					1	1	6 (75%)	-
2022-2023	8	2	1		1							1	1		6 (75%)	2-ОРЫН
2023-2024	16	3/3	1/1	-	2/1	1/1	1/0		1/0		2/0	2/0	1/0	2/2	8 (50%)	-

2023-2024 оқу жылының облыстық пәндік олимпиадасына қатысқан оқушылардың 8-і түрлі деңгейдегі жүлделі орындар алды. **Қазақ тілі және әдебиеті** бойынша қатысқан 4 оқушының барлығы, **орыс тілінен** қатысқан 2 оқушының 1, **ағылшын тілінен** 1, **географиядан** 2 оқушының екеуі де жақсы нәтиже көрсетіп, жүлделі орындарға ие болды. **Тарих, математика, информатика, химия, биологиядан** қатысқан оқушылар облыстық кезеңде жоғары нәтиже бере алмады.

Пәндік олимпиаданың облыстық кезеңінде «Қазақ тілі және әдебиеті» бойынша 1-орын алған 11-класс оқушысы Кәрім Аяулым Қостанай қаласында өткен республикалық олимпиадаға Ақтөбе облысының атынан қатысып, 1-орынды жеңіп алды. Жалпы, олимпиада нәтижелерінің соңғы 3 жылында республикалық деңгейге көтеріліп, оқушыларымыз 3 жыл қатарынан тамаша нәтиже беріп келеді. 2021-2022 о.ж. Әуезханқызы Д. 2-орын, 2022-2023 о.ж. Менгель А. 2-орын., 2023-2024 о.ж. Кәрім А 1-орын дипломдарымен марапатталды. Пән мұғалімдері - Романова М., Сырбаева С.

Оқушы жетістігінің кілті - еңбекқор ұстазда. Мектеп әкімшілігі мұны жақсы түсінеді, сондықтан педагогтерге қолдау, мотивация беру, марапаттаудың, еңбектерінің еленуін, көтермелеу тетіктерін қолға алды. Қалалық, облыстық, республикалық деңгейде оқушы дайындаған ұстаздарға жыл сайын ақшалай сертификаттар табысталады. Оқушы ата-анасына мектеп директоры атынан алғысхаттар табысталады.

Жоғарыда айтып өткендей, биыл мектеп үшін олимпиада жылы болды: нәтижелер қомақты, Ақтөбе қаласында бұрыннан гимназия болып келе жатқан мектептермен тең дәрежеде бәсекеге түсе алдық. Қала мектеп-гимназиялар арасында алғашқы «ондыққа» кірдік. Дарынды оқушыларымызды мектепке сыйлаған жетістіктеріне орай қолдау жасауды ойластырып, мектеп әкімшілігі облыстан жүлдегер болған 8 оқушыға Алматы қаласына «Д.Қонаев музейіне» саяхаттауға тегін жолдама сыйлады. Мамырдың 12-17 күндері оқушыларымыз Алматы қаласына танымдық саяхатқа барып, керемет сезіммен оралды. Оқушы, ата-ана тарапынан мектеп әкімшілігінің балаларға деген қолдауына дән риза.

Әр маңызды жұмыстан кейін терең талдау жүргізіп, келесі кезеңге дайындалу үшін жыл сайын рейтинг пен мониторинг жүргізіп отырудың маңызы зор. Жалпы олимпиадалық қозғалысқа талдау жасағанымдай, әрбір жетекші өз жұмысына, оқушысының жеңісіне немесе жеңілісіне мониторинг құрастырып отыруы қажет деп ойлаймын. Бір деңгейден екінші деңгейге жолдама алған оқушымен қоса, жолдама алмай қалған оқушыны қоса тәрбиелеуді үздіксіз іске асырып отырған жөн.

Қорытынды: пән олимпиадаларының мақсаттары — зияткерлік дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдау, оларды жетістікке жетелеу. Пәндік олимпиаданың жүлдегері болу – ғылымға бет бұрудың алғашқы қадамы.

Жоғарыда айтылған мәселелерді тоғыстырып, **мынадай ұсыныстар жасауға болады:**

1. Олимпиадалық жұмысты үздіксіз жүргізу.
2. 9-11 кластар бойынша үздік оқушыларды олимпиадаға қатыстыруды міндеттеу.
3. *Тарих, орыс класындағы орыс тілі, математика, информатика, физикадан* олимпиадалық дайындықты облыс деңгейіне көтеру.
4. *Орыс тілі, ағылшын тілі, география, химия, биология* пәндерінен олимпиадалық дайындықты республикалық деңгейге жеткізу.
5. Жыл сайын жүлдегер оқушыларды және олардың жетекшілеріне қолдау, ынталандыру тетіктерін жүзеге асыруды жалғастыру.

Елімізде көп жылдар бойы ғылым негіздерін құрайтын барлық пәндер бойынша республикалық олимпиаданың мектепшілік, аудандық, облыстық және республикалық кезеңдері өткізіліп келеді. Мектебіміз ашылғалы 9-11 класс оқушылары олимпиадаға жыл сайын қатысып келеді.

Олимпиадада төмендегі **пәндер** қамтылады:

Гуманитарлық бағытта 7 пән:

Жаратылыстану-математикалық бағытта 6 пән:

(Барлығы 13 пән)

2023 жылдың 19-21 желтоқсан күндері олимпиаданың қалалық кезеңі өтті. Алдын ала ҚББ ұсынылған сұраныс бойынша 13 пәннен қалалық кезеңге 37 оқушы қатысып, оның 24-і түрлі деңгейдегі жүлделі орындарға ие болды. 5 оқушы 1-орын, 11 оқушы 2-орын, 5 оқушы 3-орын, 3 оқушы алғысхат (4-орын) иеленді. Барлығы 24 жүлделі орын (бұл қатысқан оқушылардың 65%).

Пәндік олимпиаданың **ҚАЛАЛЫҚ** кезеңдеріне талдау

Оқу жылдары	қатысқаны	қазақ т және әдеб	қазақ т (орыс кл)	орыс т және әдеб	орыс т (қазақ кл)	ағылшын тілі	тарих	құқық негіздері	математика	физика	информатика	химия	биология	география	жүлде саны, пайыз	команда-лық есепте
2021-2022	27	2	1	-	-	1	1	2	1	-	-	-	1	2	11 (40,7%).	4-орын
2022-2023	28	2	1	1	1	1	2	-	1	2	-	1	1	1	14 (50%).	4-орын
2023-2024	37	3/3	2/2	3/1	2/2	3/2	3/2	3/2	3/1	3/1	3/2	3/2	3/1	3/3	24 (65%)	3-орын

Әрине, бұл жерде баланы олимпиадаға дайындайтын пән мұғалімдерінің еңбегі зор. Дарынды оқушыны тәрбиелеу - үлкен жауапкершілікті талап ететін әрекет. Себебі, бала психологиясын бәсекеге дайындап, қабілетін ашу, оқушыны дұрыс таңдап, бағыт-бағдар беру үлкен қабілетті және мол тәжірибені қажет етеді. Қарапайым мұғалімнен үздік шәкірт тәрбиелейтін ұстазға айналу әрбіріміздің міндетімізге айналуы керек. Бірнеше жылдан бері оқушының даралығын шыңдап, жүлдегер шығарып жүрген Романова М., Сырбаева С., Кужахметова А., Бозшина А., Садыкова Б., Сыдықова Ж., Қоныратбаева А., Тамбаева К., Исенбаева А., Мажитова Ш., Кеулова А., Касимов Е. сынды жетекшілердің еңбектері көпке үлгі. Сонымен, олимпиадалық ереже бойынша қалалық кезеңде 1,2 орын алған 16 оқушы жарыстың облыстық кезеңіне жолдама алып, қатысты.

Пәндік олимпиаданың **ОБЛЫСТЫҚ** кезеңдеріне талдау

Оқу жылдары	Қатысқан оқушы саны	қазақ т және әдеб	қазақ т (орыс кл)	орыс т және әдеб	орыс т (қазақ кл)	ағылшын тілі	тарих	құқық негіздері	математика	физика	информатика	химия	биология	география	жүлде саны, пайыз	команда-лық есепте
2021-2022	8	2	1					1					1	1	6 (75%)	-
2022-2023	8	2	1		1							1	1		6 (75%)	2-ОРЫН
2023-2024	16	3/3	1/1	-	2/1	1/1	1/0		1/0		2/0	2/0	1/0	2/2	8 (50%)	-

2023-2024 оқу жылының облыстық пәндік олимпиадасына қатысқан оқушылардың 8-і түрлі деңгейдегі жүлделі орындар алды. **Қазақ тілі және әдебиеті** бойынша қатысқан 4 оқушының барлығы, **орыс тілінен** қатысқан 2 оқушының 1, **ағылшын тілінен** 1, **географиядан** 2 оқушының екеуі де жақсы нәтиже көрсетіп, жүлделі орындарға ие болды.

Пәндік олимпиаданың облыстық кезеңінде «Қазақ тілі және әдебиеті» бойынша 1-орын алған 11-класс оқушысы Кәрім Аяулым Қостанай қаласында өткен республикалық олимпиадаға Ақтөбе облысының атынан қатысып, 1-орынды жеңіп алды. Жалпы, олимпиада нәтижелерінің соңғы 3 жылында республикалық деңгейге көтеріліп, оқушыларымыз 3 жыл қатарынан тамаша нәтиже беріп келеді. 2021-2022 о.ж. Әуезханқызы Д. 2-орын, 2022-2023 о.ж. Менгель А. 2-орын., 2023-2024 о.ж.. Кәрім А 1-орын дипломларымен марапатталды. Пән мұғалімдері - Романова М., Сырбаева С.

Қорытынды: пән олимпиадаларының мақсаттары — зияткерлік дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдау, оларды жетістікке жетелеу. Пәндік олимпиаданың жүлдегері болу – ғылымға бет бұрудың алғашқы қадамы.

Жоғарыда айтылған мәселелерді тоғыстырып, **мынадай ұсыныстар жасауға болады:**

- 1.Олимпиадалық жұмысты үздіксіз жүргізу, жаңа сатыға көтеру.
2. 9-11 кластар бойынша үздік оқушыларды олимпиадаға қатыстыруды міндеттеу.
3. *Тарих, орыс класындағы орыс тілі, математика, информатика, физикадан* олимпиадалық дайындықты облыс деңгейіне көтеру.
4. *Орыс тілі, ағылшын тілі, география, химия, биология* пәндерінен олимпиадалық дайындықты республикалық деңгейге жеткізу.
5. Жыл сайын жүлдегер оқушыларды және олардың жетекшілеріне қолдау, ынталандыру

тетіктерін жүзеге асыруды жалғастыру.

6. 2023-2024 оқу жылында пәндік олимпиаданың республикалық кезеңінде 1-орын иеленген 11-класс оқушысы А.Кәрімге және оны дайындаған жетекші, қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі М.Романоваға 200 мың көлемінде ақшалай сыйақы берілсін.

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДА НЕГІЗГІ ОРТА ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕПТІ БІТІРУШІЛЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

9-класс оқушыларын негізгі мектеп курсы бойынша қорытынды аттестаттау 2024 жылдың 29 мамыр-10 маусым аралығында өткізілді. 2023-2024 оқу жылының соңында 9-кластарда барлығы 257 оқушы аяқтады, оның 47-і орыс кластарында, 210-ы қазақ кластарында. Мемлекеттік қорытынды емтиханға 252 оқушы қатысты. 5 оқушы денсаулықтарына байланысты емтихандардан босатылды (ОББ 27.05.2024 ж. №290 бұйрық)

Барлық емтихандар «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы №193 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 13 сәуірдегі №96 бұйрығы негізінде жүргізілді.

Емтихандар бекітілген кесте бойынша уақытында өткізілді. Барлық емтихандарда тапсырмалар жазбаша түрде, емтихан күні таңғы сағат 08.00-де қолжетімді, оны мектеп поштасынан жүктеп алу арқылы комиссия мүшелері жеткілікті данада әзірледі.

Емтихан бағалары төмендегідей:

Қазақ тілі, орыс тілі:

кл	барлығы	қатысқаны	босатыл ғаны	үздік	"5"	"4"	"3"
9 "А"	29	28	1	3	6	7	15
9 "Ә"	26	26	0	3	4	16	6
9 "Б"	24	23	1	3	4	9	10
9 "В"	30	29	1	4	6	10	13
9 "Г"	27	27	0	5	6	13	8
9 "Ғ"	26	26	0	4	4	10	12
9 "Д"	23	23	0	0	2	11	10
9 "Ж"	25	24	1	2	3	8	13
Жалпы	210	206	4	24	35	84	87
9 "З"	24	24	0	1	2	13	9
9 "И"	23	22	1	2	6	10	6
Жалпы	47	46	1	3	8	23	15

Математика:

кл	барлығы	қатысқаны	бос	үздік	"5"	"4"	"3"
9 "А"	29	28	1	3	5	9	14
9 "Ә"	26	26	0	3	4	10	12
9 "Б"	24	23	1	3	3	6	14
9 "В"	30	29	1	4	5	9	15
9 "Г"	27	27	0	5	7	9	11
9 "Ғ"	26	26	0	4	4	8	14
9 "Д"	23	23	0	0	2	9	12
9 "Ж"	25	24	1	2	2	9	13
Жалпы	210	206	4	24	32	69	105
9 "З"	24	24	0	1	2	12	10
9 "И"	23	22	1	2	2	12	8
Жалпы	47	46	1	3	4	24	18

орыс т	қазақ т	06.06.					
кл	барлығы	қатысқаны	бос	үздік	"5"	"4"	"3"
9 "А"	29	28	1	3	6	13	9
9 "Ә"	26	26	0	3	6	13	7

9 "Б"	24	23	1	3	9	6	8
9 "В"	30	29	1	4	8	9	12
9 "Г"	27	27	0	5	6	15	6
9 "Ғ"	26	26	0	4	5	12	9
9 "Д"	23	23	0	0	4	8	11
9 "Ж"	25	24	1	2	6	10	8
Жалпы	210	206	4	24	50	86	70
9 "З"	24	24	0	1	6	11	7
9 "И"	23	21	1	2	3	9	9
Жалпы	47	46	1	3	9	20	16

таңдау пәндері			10.06.					
кл	барлығы	қатысқаны	бос	үздік	"5"	"4"	"3"	
9 "А"		20			8	8	4	қтарих биол тарих тарих геогр әдеб геогр тарих геогр
9 "А"	29	8	1	3	0	3	5	
9 "Ә"	26	26	0	3	5	12	9	
9 "Б"	24	23	1	3	10	7	6	
9 "В"	30	29	1	4	6	9	14	
9 "Г"	27	27	0	5	6	14	7	
9 "Ғ"	26	26	0	4	4	11	11	
9 "Д"	23	23	0	0	1	13	9	
9 "Ж"	25	24	1	2	4	7	13	
	210	206	4	24	44	84	78	206
9 "З"	24	24	0	1	3	10	11	биол тарих
9 "И"	23	21	1	2	6	14	2	
Жалпы	47	46	1	3	9	24	13	46

9 (10) сыныпта пән бойынша қорытынды бағаларды шығару кезінде қорытынды баға емтихан нәтижелері (бес балдық шәкіл бойынша) және оқу жылындағы тоқсандық бағалар (бес балдық шәкіл бойынша) 30%-70% пайыздық арақатынаста қойылады (тоқсандық бағалардың ортақ арифметикалық мәні). Қорытынды бағаны дөңгелектеу жақын бүтін санға жүргізілді.

2023-2043 оқу жылында негізгі орта мектеп курсы бойынша 27 оқушы «Үздік куәлікке» ұсынылған болатын. Бұл оқушылардың барлығы жыл бойына алған білімдерін дәлелдеп, мемлекеттік емтихандарын «өте жақсы» деген бағаға тапсырды.

Жалпы орта мектепті бітіруші түлектердің мемлекеттік аттестаттау қорытындысы. 2023-2024 оқу жылында жалпы орта мектепті, яғни 11 класты 92 оқушы аяқтады. 91 оқушы мектепте қорытынды аттестаттауға жіберілді Емтихандардан босатылған 1 оқушы Ступенко К. (ОББ 27.05.2024 ж. №290 бұйрық)

11-сыныптардың білім алушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары 2024 жылғы 28 мамыр -11 маусым аралығында өткізілді. Қорытынды аттестаттауда «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасы, ҚР Оқу-Ағарту министрлігінің 04 қазан 2023 жылғы №304 “2023-2024 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы” бұйрығы, және Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 10 мамыр 2024 жылғы №242 «2023-2024 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы» бұйрығы және мектеп бойынша 13 мамыр 2024 жылғы «2023-2024 оқу жылында орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы» №355 бұйрығы негізінде «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы №193 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жыл 13 сәуірдегі №96 бұйрығы басшылыққа алынды.

11 (12) сыныпта пән бойынша қорытынды бағаларды шығару кезінде қорытынды баға емтихан нәтижелері (бес балдық шәкіл бойынша) және оқу жылындағы тоқсандық бағалар (бес балдық шәкіл бойынша) 30%-70% пайыздық арақатынаста қойылады (тоқсандық бағалардың ортақ арифметикалық мәні). Қорытынды бағаны дөңгелектеу жақын бүтін санға жүргізілді.

Негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауды 2023-2024 оқу жылында ұйымдастыру және өткізу жөніндегі Нұсқаулығына сәйкес тапсырмалар өз уақытында қабылданып, қажетінше данада әзірленді. Емтихандар кезінде кешіккен, ауырып қалған оқушылар болған жоқ.

2023-2024 оқу жылында 11 кластарда «Алтын белгі» аттестатына 4 үміткер, «Үздік» аттестатқа 13 үміткер барлық емтихандарды «өте жақсы» деген бағаға тапсырды (тізім №2)

Емтихан қорытындылары:

28.05. қазақ т

кл	барлығы	қатысқаны	босатыл ғаны	АБ	үздік	"5"	"4"	"3"	
11 "А"	23	23	0	0	5	5	11	7	
11 "Ә"	21	21	0	0	4	4	12	5	
11 "Б"	22	22	0	3	1	4	12	3	
11 "В"	26	25	1	1	3	6	15	3	
жалпы	92	91	1	4	13	19	50	18	87

31 май МАТЕМАТИКА

кл	барлығы	қатысқаны	босатыл ғаны	АБ	үздік	"5"	"4"	"3"	
11 "А"	23	23	0	0	5	6	8	9	
11 "Ә"	21	21	0	0	4	6	11	4	
11 "Б"	22	22	0	3	1	1	12	6	
11 "В"	26	25	1	1	3	6	9	9	
жалпы	92	91	1	4	13	19	40	28	87

04.06.	Қазақстан тарихы								
кл	барлығы	қатысқаны	босатыл ғаны	АБ	үздік	"5"	"4"	"3"	
11 "А"	23	23	0	0	5	10	7	6	
11 "Ә"	21	21	0	0	4	10	9	2	
11 "Б"	22	22	0	3	1	11	7	4	
11 "В"	26	25	1	1	3	16	7	2	
жалпы	92	91	1	4	13	47	30	14	

91

07.06. орыс т/қазақ т

2023-2024 оқу жылында Батыс2 ықшам ауданандағы Смарт Білім мектебінің ашылуына орай, біздің мектептен кеткен кей оқушыларды мектеп оқулықтарымен қамтылу жұмыстары жүргізілді. 21 оқушыға 256 дана оқулық жалпы соммасы 603 410 (алты жүз үш мың төрт жүз он) теңгені құрайтын және қосымша 1-ші қазақ кластарына 160 дана, жалпы соммасы 334 960 (үш жүз отыз төрт мың тоғыз жүз алпыс) теңгені құрайтын мектеп оқулықтары жыл соңына дейін пайдалануға берілді. Берілген мектеп оқулықтарына алым-берім актісі жасалынды.

Білім беру ұйымдары кітапханаларының сандық есептері kitaphana.edu.kz авматтандыру жүйесі енгізілді. Бұл жүйеде мектеп кітапханасы туралы, кітапхананы толықтыру, мектеп кітапханасындағы іс-шаралар, мектеп кітапханашыларының саны, сатып алу, мектеп кітапханасын жөндеу, оқулықтар туралы ақпараттарды толтыру арқылы кітапхананың кірісі мен шығыс есептері сандық жүйеде беріледі. Бұл сандық жүйемен бірге қатар жүретін «**Ұлттық білім беру деректер қоры**» да мектеп кітапхана қоры мен оқырмандардың келу жұмыстарын есептік көрсеткіштермен өзгерістер болған жағдайда уақытында толтыру жұмыстарын жүргізу қажет.

Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігі мектеп оқулықтарына сұраныс беру жүесін сандық жүйеге ауыстыру негізінде etandau.gov.kz парталын мектеп кітапханашыларына ұсынды. Бұл жүйе алғаш рет біздің өңірімізге жоба ретінде беріліп бұнда мұғалімдер 2024-2025 оқу жылында баспалардан шығатын мектеп оқулықтарына таңдау жасау арқылы, мектеп әдіскері ол оқулықтарды мұғалімдермен талдау жасап мақұлдау арқылы, мектеп кітапханашысы оқушының санымен сұраныс толтырып мектеп басшысы мекеме ЭЦҚ-мен бекітіп сұраныс орындалды. Бұл жаңа жүйемен жұмыс қарқынды жүрді деп негіздейміз.

НЕГІЗГІ ҚОРМЕН ЖҰМЫС ЖӘНЕ МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАРДЫҢ ЖИНАҚТАЛУЫ

2023-2024 оқу жылында мектеп кітапхана қорына Ақтөбе облыстық білім басқармасы мен Ақтөбе қалалық білім бөлімінің қаражатынан 388 дана жалпы соммасы 820 564,00 (сегіз жүз жиырма

мың бес жүз алпыс төрт) теңгені құрайтын көркем әдебиеттер мен балалар әдебиеті келді. Сонымен қатар, мектептің жеке шотынан кітапхана қорына **«Мазмұндама»** баспасынан 187 дана жалпы соммасы 582 000 (бес жүз сексен екі мың) теңгені құрайтын қазақ тіліндегі әдебиеттер және **«ЖК Жантүріева З.Б.»-дан** 283 дана жалпы соммасы 841 000,00 (сегіз жүз қырық бір мың) теңгені құрайтын қазақ және орыс тіліндегі көркем әдебиеттер мен сала әдебиеттері мемлекеттік тапсырыппен алынды. **«ТОО Эду Стрим»** баспасынан 493 дана жалпы соммасы 1 734 460,32 (бір миллион жеті жүз отыз төрт мың төрт жүз алпыс) теңге, 32 тиын құрайтын ағылшын тіліндегі ертегілер мен көркем әдебиеттер, мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдар мен кітаптар және аудио, видео материалдар алынды. Ақтөбе кітап дүкендерінің **«ЖК Узбекбаева Ж.Ж.»-дан** 225 дана жалпы соммасы 905 930,00 (тоғыз жүз бес мың тоғыз жүз отыз) теңгені құрайтын мектеп мұғалімдерінің сұранысы негізінде мектептің жеке шотынан әртүрлі саладағы әдебиеттер қазақ және орыс тілінде алынды.

Мектеп оқырмандарын жылма – жыл оқу басталғанда қыркүйек айында қайта тіркеуден өтеді. Абонемент бөлімі мен оқу залы жұмыстары қызмет көрсету барысындағы жұмыстарды уақытылы жасауда. Оқырмандардың жыл бойына қаншалықты мектеп кітапханамен байланысынң төмендегі диаграммадан көруге болады.

Кітап оқылымының көрсеткішін бастауыш, орта және жоғары кластар буыны ретінде шығарытын болсақ, онда бастауыш 3%, орта буын 1,09%, жоғары буын 1,44% құрады. Жоғары көрсеткіш көрсеткен кластар.

БАСТАУЫШ КЛАСТАР

№	Класс	Класс жетекшісі	Оқыған кітап саны	Оқушы саны
1	4 Ә	Нуркасова А.	301	27
2	2 П	Сандыбаева Г.Т.	225	29
3	2 Р	Есенгазина С.И.	224	24
4	3 О	Рысмағанбетова Г.	217	29
5	2 С	Есиркепова У.	182	23
6	2 Г	Шамилова С.И.	150	22
7	2 Ә	Ералина Р.	132	27
8	1 Ж	Рышова Ж.Ч.	126	28
9	2 Б	Дәулетбай Б.	119	22
10	3 И	Нуркасова А.	111	28

ОРТА БУЫН КЛАСТАР

№	класс	Класс жетекшісі	Оқыған кітап саны	Оқушы саны
1	5 Б	Кулынтаева К.М.	122	28
2	5 В	Кужахметова А.С.	110	27
3	5 К	Умирзаков Б.	101	26
4	5 Р	Истаева А.	92	30
5	5 Ә	Сырбаева С.М.	92	27
6	5 Ғ	Жанбырбаева Т.	90	29
7	6 Г	Тлешова А.	70	26
8	5 А	Романова М.К.	81	25
9	7 Ә	Бекетова Г.	64	33
10	5 Е	Тамбаева К.	63	28

ЖОҒАРЫ КЛАСТАР

№	класс	Класс жетекшісі	Оқыған кітап саны	Оқушы саны
1	9 Ж	Бозшина А.Ж.	70	25
2	11 А	Тажмағанбетова М.	59	23
3	9 Б	Мұқамбетәзиев А.	51	24
4	10 Б	Сыдыкова Ж.А.	47	23
5	10 Ә	Садуақасова Г.	43	28

6	9 Ә	Исенбаева А.	38	26
7	9 Г	Ибатова Р.	32	26
8	9 А	Нургалиева К.	30	29
9	11 Ә	Кеулова А.	23	23
10	9 Ғ	Сәрсембайқызы Г.	21	27

Оқу жылының аяғында жалпы кітапханаға 3960 оқырман тіркелді. Оқырмандарға қызмет көрсету уақыты 9:00-17:00 аралығында, үзіліссіз. Басым көпшілік оқырман бастауышты құрайды, сондықтан да сағат 12:00-16:00 аралығында қызмет көрсетуде қиыншылықтар туындап жатады. Дегенмен де, оқырмандарға қызмет ету үнемі жүргізіліп келеді. Қосымша осы ықшам ауданындағы орналасқан №13 қалалақы орталықтандырылған көпшілік кітапханаға баруға да кеңестер беріледі. Оқырмандар демалыс уақыттарында осы кітапханамен тығыз байланыста жұмыстар атқарады.

2024 жылы мектеп кітапханасына 52 дана жалпы соммасы 602 644 (алты жүз екі мың алты жүз қырық төрт) теңге, 44 тиын құрайтын мерзімді басылымдарға жазылым жасалды. Ұстаздарға арналған әдістемелік журналдар мен жасөспірімдер мен балаларға арналған журнал мен газеттерге оқырмандардың мақалалары жарық көріп келеді. Бұқаралық ақпарат көздеріне шыққан жариялымдарды үнемі назардан тыс қалдырмаймыз.

ЖЕКЕ ЖҰМЫС. ОҚЫРМАНДАРМЕН ЖҰМЫС

№	Өткізілетін уақыты	Іс-шара атауы	Мақсаты	Түрі	Сынып	Жауаптылар
1	Әдебиеттің түсуіне байланысты	<i>Кітапханаға түскен жаңа кітаптармен таныстыру</i>	Жаңадан келіп түскен әдебиеттерді ақпараттандыру	Библиофреш	1-11	Утениязова Г.К.
2	Қыркүйек	<i>«Кітабыңды күтіп ұста!»</i>	Оқырмандардың ұната-тын, көңілдерінен шығатын деректерді оқыту.	Еркін әңгіме	2-4	Кітапханашы
3	Қыркүйек	<i>«Каталогтар мен картотекалар әлеміне саяхат»</i>	Мектеп кітапханасында орналасқан жүйелік және алфавиттік каталогтар-мен танысу. Олармен тығыз байланыста жұмыстардың реттілігін көрсету, үйрету.	Саяхат сабағы	10 класс	Кітапханашы
4	Қазан	<i>«Кітапты таңдай және оқи білеміз бе?»</i>	Кітап оқудың қырсырымен бөлісу. Кітапты өз жанрына қарай таңдауды үйрену және оларды дұрыс оқи білу	Кітапханалық сабақ	3 класс	Кітапханашы
5	Қазан	<i>«Мамандығым мақтанышым»</i>	24 Қазан кітапханашы-лар мерекесіне орай, кәсіптік бағдар мен білім беру аясында	Кітапханалық сабақ	9 сынып	Кітапханашы

			оқушылар-ға «кітапханашы» маман-дықтың қыр – сырымен бөлісу			
6	Қараша	<i>«Кітаппен жеке жұмыс жүргізу тәсілдері»</i>	Оқыған кітабы туралы шағын мәліметтер жазып үйрену, оқырмандарға жадынама жасау және ақпараттарды жинақтау тәсілдерін үйрену	Кітапханалық сабақ	8 класс	Кітапханашы
7	Желтоқсан	<i>«Кітапханадағы кітаптарды таңдау»</i>	Өз еркімен кітап таңдауды үйрету. Кітапхана қорына қолжетімділікті айқын көрсете білу. Кітап қорындағы кітаптардың орналасуы. Тақырыптық көрмен кітап көмесінің реттілік орналасуы. Ұсыныс тізімнің жасалу жолдары	Кітапханалық сабақ	4 класс	Кітапханашы
8	Қаңтар	<i>«Келіңдер, танысайық!»</i>	1 сынып оқушыларын кітапхана оқырман ретінде қабылдау, оқырман текшесін ашып, кітап оқуға деген құштарлықтарын ояту	Кітапханалық сабақ	1 класс	Кітапханашы, сынып жетекшілер
9	Қаңтар	<i>«Чтение как удовольствие»</i>	Специфика чтения художественной литературы. «Медленное» чтение, перечитывание.	Библиотечный урок	7 класс	Кітапханашы
10	Ақпан	<i>«Заманауи кітап қазыналары. Әлемдегі ірі кітапханалар»</i>	Қалалардағы ірі кітап дүкендері туралы, көне кітаптардың шығу тарихын баяндау. Кітапхана – ақпараттарды жинақтаушы және сақтаушы екенін ұғындыру	Кітапханалық сабақ	5 класс	Кітапханашы

11	Наурыз	«Книга начинается...»	Первое знакомство со структурой книги. Обложка, иллюстрация, их значение в выборе и чтении. Правила и умение общаться с книгой.	Библиотечный урок	2 класс	Кітапхана-шы
12	Сәуір	«Анықтамалық әдебиеттер»	Анықтамалық әдебиет-тердің құрылымы, мазмұны, түрімен танысу. Энциклопедия, сөздік, анықтамалық жұмыс-тарды үйрену	Кітапханалық сабақ	6 класс	Кітапхана-шы
13	Мамыр	«Шығармашыл оқырман»	Әртүрлі жанрда шығарма жазып үйрену, және «өте жақсы» деген бағаға лайықты ету	Кітапханалық сабақ	9 класс	Кітапхана-шы

КӨПШІЛІК ЖҰМЫС, АЙ САЙЫНҒЫ ІС-ШАРАЛАР

№	Өткізілу уақыты	Іс-шара атауы	Мақсаты	Түрі	Сынып жауаптылар	Бағыт
1	Қыркүйек	«Тіл елімнің тірегі» Қазақстан халқы тілдері күніне орай	Оқушылардың оқудағы-дысын, олардың ойлау қабілеттерін білу негізінде, тілге құрмет пен насихатты арттыру жүйесінде	Кітап көрмесі	Кітапханашы Оқырмандардың кең ортасы	Туған тілін, мәдениетін құрметтеу және өзіндік бағытын көрсету
2	Қыркүйек	«Еліміздің Ата – Заңы – Конституция күні»	Отанды сүйуге, ата заңы-мызды қадірлеуге, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру	Кітап көрме	Кітапханашы Оқырмандардың кең ортасы	Азаматтық – патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие
3	Қыркүйек	«Қазақ әдебиетінің саңлағы»	Тайыр Жароковтың туған-нына 115 жылдығына орай оқушылардың кітапқа деген қызығушы-лығын арттыру, поэзия жанрына тарту	Поэзия сағаты	Кітапханашы Қазақ тілі мен әдебиет бірлестігі	Эстетикалық және көркем әдебиет тәрбиесіне қолдау
4	Қазан	Халықаралық	Қоғамда	Кітап	5 - 6	Мәдени –

		<i>музыка күні</i>	музыкалық өнердің насихатталуы және ең бастысы – адамдар, халықтар арасындағы мәдени эстетикалық құндылықтарды түзу	көрме	сынып Кітапхана нашы	ағартушылық бағыт
5	Қазан	«Асыл ұстаз – жазушы Спандияр Көбеев»	Қазақ жазушысы Спандияр Көбеевтің туғанына – 145 жыл	Поэтикалық марафон	8-9 сынып Кітапхана нашы	Эстетикалық және көркем әдебиет тәрбиесіне қолдау
6	Қазан	«Өмірі өнегелі қаламгер»	Жергілікті жазушы Тахауи Ахтановтың шығармаларын насихаттау	Әдеби танымдық сағат	Кітапхана нашы №13 қалалық кітапхана	Эстетикалық және көркем әдебиет тәрбие-сіне қолдау
7	Қазан	«Түркі әлемінің үздік жазушысы» Төлен Әбдіковтың шығармаларын талдау	Кітапхана оқырмандарына жазушы өмірі мен шығармашылығын тануға деген қызығушылықтарын арттыру, жазушының рухани мұрасы жайлы терең зерттеуге ынталандыру	Республикалық бір ел - бір кітап акциясын насихаттау	Кітапхана нашы 10 сынып	Эстетикалық және көркем әдебиет тәрбиесіне қолдау
8	Қазан	«Дархан даланың тарлан тарихы»	Тәуелсіз Қазақстанның егемендік алғаннан кейінгі қалыптасу тарихымен таныстыру, сондай-ақ еліміздің қоғамдық-саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани өміріндегі оң өзгерістерді кеңінен насихаттау, қоғам алдындағы жоғары жауапкершілік, патриотизм мен Қазақстан азаматтарының бірлігін көрсету	Эссе жазу	Кітапхана нашы	Патриоттық тәрбие

9	Қараша	«Балдаурен, шіркін, балалық – 100 жыл»	Мұзафар Әлімбаевтың туғанына – 100 жыл толуына орай ақынның өмірбаяны, балаларға арналған шығармалары, олардың жазылу тарихы-мен таныстыру, өлеңдерін мәнерлеп оқу машық-тарын жетілдіру	Мәнерлеп оқу шеруі	Кітапханашы 3-4 сынып оқушылары	Эстетикалық және көркем әдебиет тәрбиесіне қолдау
10	Қараша	«15 қараша – Ұлттық валюта күні»	Ұлттық валюта – теңгенің маңыздылығы туралы ақпарат беру	Кітап көрмесі	Оқырмандардың кең ортасы Кітапханашы	Эстетикалық және көркем әдебиет тәрбиесі-не қолдау
11	Қараша	«Тәкен Әлімқұлов – шебер жазушы»	Жазушының «Көкпар» әңгімесін оқырмандармен талдау	Book time	Кітапханашы 5 - 6 сынып оқырмандары	Эстетикалық және көркем әдебиет тәрбие-сіне қолдау
12	Қараша	«Самый весёлый писатель на свете»	Познакомить с биографией писателя. В игровой форме проверить знание произведений Н. Носова. Прививать интерес к книге, к чтению.	Литературное путешествие	4 класс Библиотекарь	Эстетическое и художественное воспитание
13	Қараша	Кездесу жергілікті ақын	Ақтөбе өңірінің дарынды тұлғаларымен жақын танысып, олардың шығармаларын білу	Сыр-сұхбат, кездесу	5-11 сынып Кітапханашы Тіл мамандары	Мәдени – ағартушылық бағыт
14	Желтоқсан	«Ғибратты зұмыр иесі» «Оқитын өлке» облыстық акциясы негізінде	Өтебай Қанахин шығармаларын жас буын оқырмандарға жеткізу, кітап оқу дағдыларын қалыптастыру	Әдеби вернисаж	Кітапханашы 8 сынып	Эстетикалық және көркем әдебиет тәрбиесіне қолдау
15	Желтоқсан	"Путешествие в мир Тютчева"	Заинтересовать учащихся творчеством Ф. И. Тютчева	Литературная гостиная	9-11 класс Библиотекарь	Обучающая, развивающая, воспитательная

16	Желтоқсан	«Тұғыры биік – Тәуелсіздік!» 16 Желтоқсан – Тәуелсіздік күні	Оқушыларға бостандық, теңдік, тәуелсіздік ұғымдарын кеңінен түсіндіру, білімдерін кеңейту	Кітап көрмесі	6 сынып Кітапхана	Мәдени – ағартушылық бағыт
17	Желтоқсан	«Туған әдебиет жаңашыры»	Оқушыларға М.Ж.Көпейұлының өмірі, шығармашылығына нәзік мәлімет беріп отырып жан-жақты қырларын ашу. Оқушылар бойында ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру. Ақынға, еліне, тіліне деген патриоттық сезімдерін ояту	Танымдық сағат	Кітапхана 9 сынып	Патриоттық тәрбие
18	Қаңтар	«Мирас болған мол мұра»	Оқушыларды қазақтың саңылақ суретшісі Әбілхан Қастеев туралы білімдерін толықтырып, суретшінің қыл қаламынан туған шығармаларын таныстыру. Оқушылардың тілдік, сөздік қорларын молайту, танымдық ойлау қабілеттерін арттыру.	Онлайн сурет байқауы	Кітапхана 4-5 сынып	Ұлттық өнерге деген сүйіспеншілік, эстетикалық тәрбие
19	Қаңтар	«Дана тұлға, дара тұлға...» Д.А.Қонаевты еске алу	Аса көрнекті қоғам қайраткері, бір туар тұлға Д.А.Қонаев туралы түсініктерін кеңейту	Нақыл сөздеріне челлендж	Кітапхана Оқырмандардың кең ортасы	Құқықтық, азаматтық тәрбие және Қазақстандық патриоттық тәрбиелеу
20	Қаңтар	Аяқталмаған туынды: Саттар Ерубаев – "Менің құрдастарым"	С. Ерубаевтың аяқталмаған романының аса құндылығын насихаттау негізінде, ақынның романын оқырмандарға жеткізу	Book time	Кітапхана 10-11 сынып	Мәдени – ағартушылық бағыт
21	Қаңтар	«Шәкен Айманов –	Совет кинематография-	Kino time	Кітапхана	Мәдени – ағартушылық

		қазақ киносының саңлағы»	сының тарихын оқып білу және Шәкен Аймановтың қазақ киномотографиясына сіңірген еңбегі туралы ақпарат бері			бағыт
22	Қаңтар	"Тимур и его команда" по повести А.Гайдара	Расширение литературного кругозора учащихся	Квест - игра	Библиотекарь 5-6 класс	Гражданском и патриотическом воспитании учащихся
23	Ақпан	«Сыр сүлейі, жыр дүлейі»	Ә.Тәжібаев өмірі, шығармашылығымен таныстыру, ақынның өлеңдерін таныту. Сырдың толағай ақыны Ә. Тәжібаев туралы мағлұмат беру, ақынның өрісті ой, өшпес көркем мұрасын жас ұрпаққа насихаттау, ақын шығармалары арқылы ұлтжандылық сезімін оятып, отаншылдыққа, адамгершілікке, елінің өнерін сүйеге тәрбиелеу, поэзияға деген сүйіспеншілігін арттыру	Мәнерлеп оқу сайысы (екі тілді)	Кітапханашы	Мәдени – ағартушылық, ұлтжандылық, эстетикалық тәрбие
26	Ақпан	«Книжный сюрприз»	14 Ақпан халықаралық кітап сыйлау мерекесі аясында мектеп оқырмандары өзара кітап алмасады	Мерекелік шара	Кітапханашы Сынып жетекшілері	Мәдени – ағартушылық бағыт
27	Ақпан	«Мемлекеттік рәміздер – ел мәртебесі»	Рәміздердің пайда болуы және тарихтағы маңызы жайлы түсініктерін дамыту. Өз ойын дұрыс жеткізуге ынталандыру	Кітап көрмесі	6 сынып Кітапханашы	Мәдени – ағартушылық бағыт
28	Ақпан	«Поэзия! Менімен егіз бе едің?» (Мұқағали Мақатаев еске	Ғасыр ақыны Мұқағалидің жырларын насихаттау. Ақын өлеңдерінің	Музыкалық кеш	7-8 кластар Кітапханашы	Көркем әдебиет

		<i>алу кеш)</i>	мәңгілік жыр қазына екенін ұғындыру			
29	Ақпан	<i>Оқитын өлке акциясы</i>	Өз жерімізді, туған елі-мізді, ондағы қазақ ақын-дарымен жазушыларын тереңнен таныстыру	Танымдық сағат	Мектеп оқырмандарымен	Мәдени – эстетикалық тәрбие
30	Наурыз	<i>«Алғыс айту – адамзаттың асыл қасиеті»</i>	Жас оқырмандардың ата – анаға, үлкен – кішіге деген сүйіспеншілігін сыпайылық қарым – қатынастарын дамыту. Ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік беру.	Караоке	Оқырмандардың кең ортасы	Эстетикалық, мәдени тәрбие
31	Наурыз	<i>«Әйел әлемі»</i>	8 Наурыз – Халықаралық Әйелдер мерекесі қарсаңында ақындардың шығармашылығындағы «АНА» тақырыбын талқылау	Кітап көрмесі	Кітапханашы	Эстетикалық көркем тәрбие
32	Наурыз	<i>«Қазақ тағлымындағы әйелдер бейнесі»</i>	Қазақ батыр қыздары мен ақын әйел жазушыларының өмірі мен шығармашылығын талдау, дәріптеу	Әйелдер романының салоны	8-9 класс қыз балаларына	Эстетикалық, көркем тәрбие
33	Наурыз	<i>«Наурыз келді – құт береке кірді»</i>	Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесін тойлау. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін бала бойына сіңіру	Сыр - сандық	5-8 кластар	Мәдени – жаңғырту тәрбиесі
34	Наурыз	<i>«Үздік кітап»</i>	Оқырман өз сүйікті кітабын оқуға ұсынып, оны қорғап шығады	Кітап талдау	Оқырмандардың кең ортасы Кітапханашылар	Эстетикалық және көркем әдебиет тәрбиесіне қолдау
35	Сәуір	<i>Балалар мен жасөспірімдер кітабы апталығы</i>	Кітап оқуды жақсы көруге тәрбиелеу, балалардың шығармашылық	Мерекелік шара	Кітапханашы 1-11 сынып	Мәдени – жаңғырту тәрбиесі

			дамуына жағдай жасау; сөйлесу мәдениетіне тәрбиелеуді жүзеге асыру; оқымысты бала-ларды ынталандыру		жетекшілері	
36	Сәуір	«Ғарыш әлеміне саяхат»	Қазақстан еліндегі Байқоңыр ғарыш айлағының және ғарышкер мереке-сіне орай Кеңес үкіме-тінің және қазақ еліндегі тұңғыш ғарышкерлер туралы мәлімет беру	Танымдық сағат	Оқырмандардың кең ортасы Кітапхана	Эстетикалық тәрбие
37	Сәуір	«О, великий Шекспир»	Воспитание эстетически развитого и мыслящего в категориях культуры читателя, способного самостоятельно понимать и оценивать произведение как художественный образ мира, созданный автором	Литературная гостиная	Библиотекарь 7-8 класс	Эстетическое ценность поэзии
38	Сәуір	«Қаныш Сәтбаев: Тұлға, Патриот, Ғалым»	Көрнекті ғалым, қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының тұңғыш президенті Қ.Сәтбаев жайлы оқырмандарға көбірек мағлұмат беру. Қ.Сәтбаев есімімен байланысты кең орындарын білуге, оқушыларды ізденуге, ойлауға жетелеу.	Телекөпір	Кітапхана	Мәдени эстетикалық тәрбие
39	Сәуір	«Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы	Республика бойынша таңдалған әдебиетті қалың оқырманға насихаттау	Республикалық акция	Мектеп оқырмандары	Мәдени – жаңғырту тәрбие
40	Мамыр	«Бірге кітап оқиық!»	Орта буын оқырмандары	Марафон	Кітапхана	Мәдени – эстетикалық

			арасында кітап сүйер қауымды көбейту негізінде марафон ұйымдас-тыру		5-6 кластар	тәрбие
41	Мамыр	«Ақынға тағзым»	Қазақ әдебиетінің талантты ақыны Ілияс Жансүгіровтің ақындық талантын шәкірт жүрегі-не ұялату арқылы мәнерлеп жатқа айтуға, поэзияны сүйеге, оны бағалай білуге, оқу дағдысын жетілдіре отырып, рухани танымын кеңейту	Поэзия кеші	Кітапхана-шы 7 сынып	Эстетикалық және көркем әдебиет тәрбиесіне қолдау
42	Мамыр	«Бірлігі жарасқан – Қазақстан»	Қазақстанның патразимге, елін, жерін сүйеге және халқын құрметтеуге тәрбиелеу	Кітап көрмесі	1 – 4 сынып оқушыл ары Кітапхана-шы	Мәдени – эстетикалық тәрбие
43	Мамыр	«Жалт еткен жасын ғұмыр»	Ұлы Отан соғысының батыры, қазақ халқының батыр қызы Әлия Молдағұлованың өмірі мен ерлігін насихаттау. Отан-сүйгіш, патриот азамат боп өсуге тәрбиелеу.	Тарихи кеш	Кітапхана-шы 8 сынып	Патриоттық тәрбие
44	Мамыр	«Жыл оқырман – 2023 жыл»	Оқырмандарды кітап оқу өнеріне, дүниетанымын кеңейтуге, білімдерді сар-қып білуге, оқыған-дарын дұрыс бағалай білуге, өмірде, еңбекте оқуда кітапты пайдала-нуға баулу.	Оқырман бенефисі	1-4 бастауыш кластар, 5-7 орта буын кластар, 9-11 жоғары класс	Мәдени – эстетикалық тәрбие
45	Мамыр	«Жазғы демалыс кітаппен»	Жазғы демалыс уақытын тиімді пайдалану	Инста байланыс	Оқырма-ндардың кең ортасы Кітапхана-шы	Көркемдік тәрбие

Көркем әдебиет пен танымдық әдебиеттерді насихаттау барысында мектеп кітапханасында үнемі тұрақты түрде кітап көрмесі мен оқырмандарға арналған әртүрлі деңгейдегі шаралар ұйымдастырылады.

«Тілдер күніне» орай мектеп кітапханасында **«Тіл елімнің тірегі»** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылардың оқу дағдысын, олардың ойлау қабілеттерін білу негізінде, тілге құрмет пен насихатты арттыру жүйесінде.

«Еліміздің Ата – Заңы – Конституция күні» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Кітап көрмені оқушылар үзіліс уақытында келіп тамашалады.

Кітап көрменің мақсаты: Отанды сүйге, ата заңы-мызды қадірлеуге, туған еліне, жеріне деген сүйіс-пеншіліктерін арттыру.

«Тайыр Жароков қазақ әдебиетінің саңлағы» атты 8-сынып оқушыларына арналған поэзия сағаты ұйымдастырылды. **Мақсаты:** Тайыр Жароковтың туғанына 115 жылдығына орай оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, поэзия жанрына тарту.

«Асыл ұстаз – жазушы Спандияр Көбеев» тақырыбында 9-сыныптар арасында поэтикалық марафон ұйымдастырылды. Оқушылар Спандияр Көбеевтің өлеңдерін оқып, инстаграмм парақшасына салды. **Мақсаты:** Кітапхана оқырман-дарына жазушы өмірі мен шығармашылығын тануға деген қызығушылықтарын арттыру, жазушының рухани мұрасы жайлы терең зерттеуге ынталандыру.

«Түркі әлемінің үздік жазушысы» Төлен Әбдіковтың шығармаларын талдау жұмысы 10 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды. Шара барысында оқушыларға Т.Әбдіковтің «Оң қол» шығармасын оқу тапсырмасы берілді және сол шығарма негізінде тапсырмалар орындап, оқушылар өз ойларын ортаға салды.

«Дархан даланың тарлан тарихы» атты 8-сыныптар арасында эссе байқауы өткізілді. Байқауға әр сыныптан 2 оқушыдан қатысты. Жазба жұмыстар тексеріліп, байқау қорытындысы жарияланды.

«Өмірі өнегелі қаламгер» атты танымдық сабақ өткізілді. Мақсаты: Жергілікті жазушы Тахауи Ахтановтың шығармаларын насихаттау. Танымдық сабаққа 5 сынып оқушылары қатысып, кітапханалық сабақ өз мақсатына жетті.

«Балдәурен, шіркін, балалық – 100 жыл» Мұзафар Әлімбаевтың туғанына – 100 жыл толуына орай ақынның өмірбаяны, балаларға арналған шығармалары, олардың жазылу тарихы-мен таныстыру, өлеңдерін мәнерлеп оқу машық-тарын жетілдіру. Іс шараға барлық сынып түгелдей қатыса отырып, шығармашылық қабілеттерін шыңдады.

«Тәкен Әлімқұлов – шебер жазушы» атты book time өткізілді. **Мақсаты:** Жазушының «Көкпар» әңгімесін оқырмандар-мен талдай отырып, ойлау дағдыларын дамыту. Оқушылар «Көкпар» шығармасын керемет талдап шықты.

«Ғибратты ғұмыр иесі» «Оқитын өлке» облыстық акциясы негізінде әдеби вернисаж өткізілді. **Мақсаты:** Өтебай Қанахин шығармаларын жас буын оқырмандарға жеткізу, кітап оқу дағдыларын қалыптастыру. Әдеби вернисажда оқушылар өз ойларын ортаға салып, оқушылар бір-бірімен пікір алмасты.

«Путешествие в мир Тютчева» литературная гостиная. **Цель:** Заинтересовать учащихся творчеством Ф. И. Тютчева.

«Тұғыры биік – Тәуелсіздік!» атты мектеп оқушыларына кітап көрмесі ұйымдастырылды. **Мақсаты:** 16 Желтоқсан – Тәуелсіздік күні кітапхана оқырмандарына бостандық, теңдік, тәуелсіздік ұғымдарын кеңінен түсіндіру, білімдерін кеңейту. Үзіліс уақытында оқушылар кітап көрмесімен танысты. Сонымен бірге Ақтөбе қалалық білім бөлімінің челленджін ұйымдастыру мақсатында, Тәуелсіздікке арналған өлеңдер 9 сынып оқушылары арасында жатқа, мәнерлеп оқылды.

«Туған әдебиет жаңашыры» атты мектеп оқушыларына танымдық сағат өткізілді. **Мақсаты:** Оқушыларға М.Ж.Көпейұлының өмірі, шығармашылығынан мәлімет бере отырып жан-жақты қырларын ашу. Оқушылар бойында ізденімпаздық қасиетте-рін қалыптастыру. Ақынға, еліне, тіліне деген патриоттық сезімдерін ояту. Оқушылар танымдық сағатқа жақсы дайындалып, тың ақпараттармен бөлісті.

«Дана тұлға, дара тұлға...» атты нақыл сөздеріне челлендж ұйымдастырылды. **Мақсаты:** Д.А.Қонаевты еске алу. Аса көрнекті қоғам қайраткері, бір туар тұлға Д.А.Қонаев туралы

түсініктерін кеңейту. Челленджге оқушылар белсенділік танытты.

«Шәкен Айманов – қазақ киносының саңлағы» атты оқушыларға kino time ұйымдастырылды. **Мақсаты:** Совет киноматография-сының тарихын оқып білу және Шәкен Айма-новтың қазақ киномо-тографиясына сіңірген еңбегі туралы ақпарат беру. Оқушылар «Менің атым Қожа» киносын ерекше ықылыласпен тамашалады.

«Сыр сүлейі, жыр дүлейі» атты мәнерлеп оқу шеруі өтті. **Мақсаты:** Ә.Тәжібаев өмірі, шығармашылығымен танысты-ру, ақынның өлеңдерін таныту. Сырдың толағай ақыны Ә. Тәжібаев тура-лы мағлұмат беру, ақын-ның өрісті ой, өшпес көркем мұрасын жас ұр-паққа насихаттау, ақын шығармалары арқылы ұлтжандылық сезімін оятып, отаншылдыққа, адамгершілікке, елінің өнерін сүюге тәрбиелеу, поэзияға деген сүйіспен-шілігін арттыру.

«Книжный сюрприз» оқырмандар арасында кітап алмасу акциясы өтті. **Мақсаты:** 14 Ақпан халықаралық кітап сыйлау мерекесі аясында мектеп оқыр-мандары өзара кітап алмасады. Бұл шараға оқырмандар ерекше ынта ықыласпен қатысты.

«Поэзия! Менімен егіз бе едің?» (Мұқағали Мақатаев еске алу кеш) Ғасыр ақыны Мұқағали-дің жырларын насихат-тау. Ақын өлеңдерінің мәңгілік жыр қазына екенін ұғындыру.

«Үш құндылық һәм үш қуаттылық» онкүндігінің аясында кітапханамыздың медиа оқу залында кітапханашы Г.Мұратқызының ұйымдастыруымен, 4 “В”, “Г”, “З”, “М”, “О” сыныптарының ат салысуымен **«Әдемі әдебиет әлемі»** атты тәрбие жоспарына сәйкес телекөпір шарасы өтті. Бұл шараны өткізудегі мақсатымыз жас ұрпақтардың бойына патриоттық сезімді ұялатып, ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға үндеу, көгілдір экранның алдында өздерін еркін ұстай білуге баулу. Шара барысында жас оқырмандар ақын-жазушыларымыздың өлеңдерін жатқа оқып, “Қызыл телпек”, “Шалқан” ертегілерін үздік сомдап, аппликация өнерін көрсетті. Сондай-ақ басқа ұлт өкілдерінен таза қазақ тілінде сұхбат алынып, аппликация өнері көрсетіліп, караокеде әсем әндер шырқалды.

Көктемнің гүл мерекесі-8 наурыз Халықаралық әйелдер күні қарсаңында кітапханамыздың медиа оқу залында **«Қазақ тағылымындағы әйелдер бейнесі»** тақырыбында әйелдер романының салоны ұйымдастырылды. Қыз баланың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру арқылы инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелеу, ақылды да ажарлы, дарынды да талантты қолаң шашты аруларды насихаттау мақсатында өткен шараға 9 “А”, “Б”, “В”, “Г”, “Г”, “Ж” сыныптың нәзік жандылары қатысып, әдемі әңгіме өрбіді. Әдебиетіміздегі әйел тағдыры,әйел теңсіздігі туралы жазылған шығармаларға талдау жасалып, “Шашының ұзындығы ізін басқан”, “Шаштарын он күн тарап, бес күн өрген”, “Қыпша бел, қиылған қас,қолаң шашты” бөлімдері бойынша ақыл-кеңестер беріліп, сұраққа жауаптар алынып, өнегелі бейнематериалдар көрсетілді. Еркін форматта өткен дөңгелек үстеліміздің нәзік жандылары болашақта ұлттық құндылығымызды насихаттайтын шаралардың үзбей өткізілгенін қалайтындарын жеткізді...

14 наурыз Көрісу күні - Амал мерекесі. Бұл күні адамдар бұрынғы өкпе - ренішін кешіріп, бір - біріне амандық - саулық тілейді. Көрісе отырып, бір - біріне «Бір жасыңмен!», «Жасың құтты болсын!», «Жасың қайырлы болсын!» деп жылы лебіздерін жаудырады.

Береке мен бірліктің мейрамы Көрісу күні қарсаңында 6 “З” сынып оқушыларының ат салысуымен **«Наурыз келді-құт-береке кірді»** сыр сандығы ұйымдастырылды. Оқушылар қазақтың ұлттық құндылығы төңірегіндегі сыр сандықта жасырылған сұрақтарға жауап беріп, қазақтың ертеден келе жатқан ұлттық дәстүрлерінің бірі бата берді.

«Жалт еткен жасын жұмыр» **Мақсаты:** Ұлы Отан соғысының батыры, қазақ халқының батыр қызы Әлия Молда-ғұлованың өмірі мен ер-лігін насихаттау. Отан-сүйгіш, патриот азамат боп өсуге тәрбиелеу. Оқушылар өздерінің дайындап келген жұмыстарын қалың оқыраманға ұсынды.

Көктемгі демалыс уақытында оқушылардың уақытын тиімді пайдалану үшін мектеп кітапханасында **«Ең үздік кітап»** атты 6 сынып оқушылары арасында дөңгелек үстел өткізілді. Ең үздік кітап ретінде Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» таңдалды. Ең алдымен оқушылар «Сайын Мұратбеков кім?» деген сұраққа жауап беріп, одан кейін оның шығармаларына жалпылама тоқталып кейіннен «Жусан иісі» повесі аясында кейіпкерлерге мінездеме беріп, композициялық талдау жасады.

12 сәуір - Ғарышкерлер күніне орай 2 “Л” сыныбында **«Ғарыш әлеміне саяхат»** тақырыбында танымдық сағат өтті. Оқушыларға ғарыш әлеміне байланысты мағлұматтар айтылып, сұрақтар қойылды. Сондай-ақ ғарыш тақырыбына қатысты өз қиялдарынан салған суреттері үздік шыққан оқушылар “Ғарыш ханзадасы мен ғарыш ханшайымы” номинациясымен марапатталды.

Жыл бойы кітапханамыздың асыл қазынасынан сусындаған 2-11 сынып аралығындағы мектеп оқырмандарымен **“Жыл оқырманы - 2024”** оқырмандар бенефисі өтті. Кітапты көп оқыған оқырмандар Диплом және Алғыс хаттармен марапатталды. Сондай-ақ, шара барысында “Кітап оқудың 8 пайдасы” анимациялық видеоролигі көрсетіліп, “Кім жылдам? интеллектуалдық ойыны ойнатылып, “Кітап емханасы” көрінісі сахналанды.



«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП – ОҚУҒА ҚҰШТАР ҰЛТ» жобасымен атқарылған жұмыстар

«Оқуға құштар мектеп» жобасы негізінде 6 бағытпен жұмысты іске асыруды ұйғардық. Әр бағыт бойынша кластарға тапсырма беріп, берілген тапсырма бойынша жасалған жұмыстарды класс парақшасына және кітапхана парақшасына салып отырамыз. Бұл шараның жұмыс жоспарын ай сайын жасап бекітіп отыруды жүзеге асырып келеміз. Шарадағы бағыттар өзгеріс қалады да, шараның атаулары арасында өзгертіліп тұрады. Егер де арнаулы даталарға ұсыныстар келсе, немесе сыныптан ұсыныстар түссе, бұл шаралардың өтілуі мен атауы өзгереді.

«Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы бойынша мектеп кітапханасында **«Абай – дана, Абай – дара қазақта»** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

«Кел, бірге оқиық!» 5-сыныптар арасында кітап оқу сағаты.

Күзгі демалыс кезінде **«Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз»** іс-шарасы ұйымдастырылды. Бейне-роликтер хэштегпен Instagram парақшасында жарияланды.

Оқуға құштар жобасын республика бойынша оқып, талдау жұмысы негізінде Қасым Қайсеновтың **«Жау тылындағы бала»** повесі Ақтөбе облысына жолданған болатын. Бұл шараны жүзеге асыруда “Бір сынып-бір кітап” акциясы аясында қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі А.Алишева 7 “Қ” сынып оқушыларына Қасым Қайсеновтың **«Жау тылындағы бала»** повесіне жан жақты талдау жасатты. Аталған повесті тереңнен түсіне білу негізінде 9 “З” сынып оқушысы Кубишта Р, Кәдір Анель, 9 “Ж” сынып оқушысы Тастенова А, 9 “Б” сынып оқушысы Салық А, 9 “З” сынып оқушысы А.Сайлаубайдың партизан жазушы Қасым Қайсеновтың **«Жау тылындағы бала»** повесінің желісінде суреттер салды.

Ата-әжелер тек қана “ата - анасының әке - шешесі ғана емес”. Ол кісілермен немерелері қарым - қатынас жасауда ұрпақ жалғасын, үлкен өмірлік тәжірибені рухани сезінуге мүмкіндік алып, әдет - ғұрып, салт - дәстүрлерді сәтті жалғастырады. Ата - әжелері тәрбиелеуге қатысатын балалар оқуда әлдеқайда сәтті, агрессияны сирек көрсететін және жалпы “дұрыс” сипатқа ие екені байқалады. Әжелердің ертегілері - бұл адамның даналығы, тәжірибесі, адам санасы мен сана сезімі жұмысының нәтижесі.

Балаларды адамгершілік, эстетикалық тұрғыда тәрбиелеуде қазыналы қарттарымыздың айтқан мағыналы ертегілері маңызды рөл атқара бермек. Осы тұрғыда мектебіміздің кітапханасына, мектептің студиясына 2 «Г, Ғ, Д» сыныптың әжелеріміз келіп, өнегелі әңгімесін өрбітіп **«Әжемнің ертегілері»** айдарына атсалысуға көмектерін беріп, ғибраттарын танытты.

Республикалық **«Менің сүйікті кітабым» челленджіне** мектеп оқырмандары жоғары белсенділік танытты. Өз бос уақыттарында кітап оқыған оқырмандар, оны видео мен фотоға түсіріп класс парақшаларына салып жариялым жасады. Аталған шараға оқырмандар үшін өте қызық болды.

Мектеп кітапханасында ата-аналар мен оқырмандар арасында **“Каникулда кітап оқиық” буккроссинг акциясына** арналған шаралар өткізді. Бұл шараға белсенділік танытқан 7 «Ә» класс оқушылары М.Мақатаев «Жүрек арызы» өлеңдер жинағын 4 «Г» сынып оқушыларына табыстаса, 4

«И» класының ата-аналары өз балаларына Жексенбай Т. «Бүркіттің балапаны» әңгімелер жинағын табыстаған болатын, аталған шараға 1 «А», 2 «Ә» класс оқушылары атсалып, өз оқыған ертегілерінен үзінді айтып берді. Ерікті оқырман кітапхана жанындағы «Буккроссинг» бұрышына кітаптар әкеліп қойды. Жазғы демалыста бос өткізбей, кітап оқитындарын жеткізді.

«Кітап фестивалі - 2024» шарасына 4 «И» класс оқушылары «Құпия кітап» биін билеп берді. Аталған шара облыс деңгейінде өткізілді. Белсенді оқырмандар «Алғыс хаттармен» марапатталды.

1 маусым-Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Д.Қонаев атындағы ЖББОМ гимназиясының жасыл әлемге жол тартқан ауласында **“Балалар кітап әлемінде”** атты көрме-инсталляция ұйымдастырылды. Ретімен көз тартарлық кітаптар легін тамашалаған балалар мен ата-аналарға мерекелік көңіл-күй сыйланып, буккроссинг-кітап алмасу акциясы назарға ұсынылып, кітапхана қызметкерлері кітапсүйер қауымнан сұхбат алды...

Атқарылған шаралардың барлығы мектеп кітапханасының парақшасына [@biblioteka_school_d.konaev](https://biblioteka_school.d.konaev.kz) салынған және konaevmektep.edu.kz кітапхана бөлімінің сайтына салынып отырады.



КІТАПХАНА ҚЫЗМЕТКЕРІНІҢ МАМАНДЫҚ БІЛКІТІЛІГІН АРТТЫРУ

Қыркүйек айының 11-22 аралығында **«Мектеп кітапханашыларының кәсіби даму жүйесінде медиа-ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру»** тақырыбындағы 80 сағаттық курстан және 8 сағаттық **«Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға кітапханалық қызмет көрсету»** тақырыбындағы курсқа мектеп кітапхана меңгерушісі қатысты.



"Ақтөбе қалалық білім бөлімі" ММ, "Әдістемелік кабинет" КММ жоспарына сәйкес М. Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінде "Кітапхана - ғажайып әлем" тақырыбында Алматы ауданына қарасты мектеп кітапханашыларына арналған семинар - практикум өткізілді. Семинар - практикум мақсаты: Мектеп кітапханасына оқырмандарды тарту әдістерін пайдаланып, оқушылардың оқу құзіреттілігін дамыту. Семинарда М. Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің кітапханашылары Б. А. Кулмуратова мен Б. Х. Курмашева, Қарғалы тұрғын үй алабындағы #6 модельді кітапхана меңгерушісі Л. Ғ. Қобландина, кітапханашы Л. Ш. Лесова өз тәжірибелерімен бөлісті.

«Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы», Н. Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасының ұйымдастырумен, аудандық балалар кітапханалары қызметкерлерінің қатысуымен "Кітапхана - шығармашылық пен жаңашылдық әлемі" тақырыбында облыстық семинар өткізілді. Семинарға "Zoom" қосымшасымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының директоры Ғ. Құдайбергенқызы мен Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының директоры Б. Қуанышқызы қосылып, баяндама оқыды. Аталмыш семинарға мектебіміздің кітапхана меңгерушісі Г. К. Утениязова "Мектеп кітапханасы жұмысындағы заманауи әдіс-тәсілдердің тиімділігі" тақырыбында баяндама оқып, өз тәжірибесімен бөлісті. Семинар Тахауи Ахтановтың туғанына 100 жыл толуына орай ұйымдастырылған "Оқы, Ақтөбелік өренім" облыстық оқу марафонының жұмысы қорытындыланды.



Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының жұмыс жоспарына сәйкес, ағымдағы жылдың 6 қараша күні "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында **"Ақыл білім кітапта, жетелейтін мұратқа"** тақырыбында онлайн форматта облыстық семинар өтті. Аталмыш семинарға мектеп кітапханашысы Берегенов А. Қ. қатысты. Семинар барысында Қарғалы ауданы өз іс-тәжірибесімен бөлісіп, Қарғалы аудандық білім бөлімінің әдіскері К. Сарманова аудан бойынша "Оқуға құштар мектеп" жобасы бойынша атқарылған жұмыстар есебін берді. Сонымен қатар аудан кітапханашылары өз жұмыстарын көрсетті.

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының жұмыс жоспарына сәйкес, ағымдағы жылдың 6 қараша күні "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында **"Ақыл білім кітапта, жетелейтін мұратқа"** тақырыбында онлайн семинар өтті. Аталмыш семинарға мектебіміздің кітапхана меңгерушісі Утениязова Г. К. қатысты. Семинар барысында Қобда аудандық білім бөлімінің әдіскері З. Избасарова, Талдысай орта мектебі мен И. Тайманов атындағы гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Н. Медетхан, А. Қосмағанбетова, Қобланды батыр атындағы орта мектебінің кітапханашысы А. Баймуханова өз іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Мектеп кітапханашыларының курстық білім алы мен орай, семинарда іс – тәжірибиемен алмасуы, сонымен бірге оқырмандармен тығыз жұмыс жасауы негізінде мектеп оқырмандарының жетістіктерін атап өтсек.

"Ақтөбе қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" ұйымдастыруымен 13-кітапхана базасында өткен **"Жаз бойы кітаппен"** акциясына қатысып, көпшілік шараларға белсене қатысқаны үшін 4 "В" сынып оқушысы Алданыш Ақерке "Белсенді оқырман" номинациясын, 6 "Р" сынып оқушысы Тоқтарова Әйгерім "Фентэзи оқырманы" номинациясын, 5 "Ә" сынып оқушысы Болат Махаббат "Адал оқырман" номинациясын, 4 "Қ" сынып оқушысы Әділхан Қайнар "Талғампаз оқырман" номинациясын иеленді.

Республикалық балалар байқауының қалалық кезеңіне 8 кластар арасынан Жұмажан Аружан І орын, 9 кластар арасынан Сағиданова Арай ІІІ орын, 10 кластар арасынан Табынбай Қарақат белсенділік танытты. Қалалық кезеңде жүлделі 1-орынға ие болып, облыстық кезеңге жолдама алған

8 "З" класс оқушысы Жұмажан Аружан облыстық деңгейге жолдама алып, жүлделі 3-орынға ие болды.

Батыс Қазақстан облыстық Хамза Есенжанов атындағы балалар және жасөспірімдер кітапханасы ұйымдастырған **«Хамза Есенжанов - ұлы заман тұлғасы»** тақырыбындағы жазушының 115 жылдығына арналған республикалық байқаудың "Сурет" жанры бойынша мектебіміздің 11 "Б"класс оқушысы Әбіш Алдияр жүлделі 3 – орынға ие болды. Аталған іс-шара жеңімпаздарын марапаттау Н.Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасында өтілді.

Н.Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасында, Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен өткен **«Балалар бастауы-2023»** облыстық шығармашылық байқауы қорытындыланып, марапаттауы болды. Осы байқауға мектебіміздің 7-8 класс оқушылары қатысып жүлделі орындарға ие болды. "Үздік ертегі" жанры бойынша 7"Қ" сынып оқушысы Қуаныш Асыл 1-орын, сыйлыққа " Вилосепед" және "Үздік поэзия" жанры бойынша 8 "А" сынып оқушысы Измет Әлинұр 1-орын, сыйлыққа "Вилосипед", "Үздік фантастика" жанры бойынша 8 "Б" сынып оқушысы Қуаныш Арман 2-орын, сыйлыққа "Смарт сағат пен құлаққап" "Үздік проза" жанры бойынша 7 "Қ" сынып оқушысы Қуаныш Айым 3-орынды жеңіп алды.Сыйлыққа Lego конструктор берілді. Жеңімпаздарымызға арнайы дипломдар және естелік сыйлықтар табысталды. Байқауға қатысуға бағыт-бағдар берген кітапхана меңгерушісі - Г. Утениязова және оқушыларға жетекшілік еткен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері: Қ.Құлынтаева, А.Тубирова.

С.Бәйішев атындағы облыстық әмбебап кітапханасының ұйымдастыруымен **«Зерделі оқырман – 2023»** Республикалық онлайн байқауына 8 «Б» класс оқушысы Нугуметова Аида қатысып жүлделі ІІІ орын және сымсыз құлақп сыйға алды.

«Үздік оқырман» республикалық мұғалімдер байқауына мектеп кітапханашылары да атсалысып, Алғыс хаттармен марапатталды.



Ағымдағы жылдың 15 ақпан күні қалалық білім бөлімі «Әдістемелік кабинет» және А.Байтұрсынұлы атындағы лингвистикалық мектеп-гимназиясының ұйымдастыруымен 5 сыныптар арасында **«Кітап-білім бұлағы»** тақырыбында зияткерлік сайыс өткізілді. Аталған шараға 5 «В» сынып оқушысы Амандықова Бағдагүл белсене қатысып, Алғыс хатпен марапатталды.




“№65 жалпы білім беретін орта мектебі” КММ-нің ұйымдастыруымен **“Кітап және оқу: дәстүр мен жаңашылдық”** тақырыбындағы мектеп кітапханашыларының қалалық семинары өтті. Семинарға Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы” КММ-нің

кітапханашысы Г.М.Қуаныш қатысты. Семинар барысында “Өзінді таны” тренингі, “Кітап-білім кілті” коучингі, “Оқуға құштар ұрпақ” тәжірибе алмасу, “Бастауыш сынып оқушыларының кітап оқудағы әдіс-тәсілдері”, “Кітапхана поштасы” атты рефлексия ұйымдастырылып, семинарға қатысушылар белсенділік танытты.

С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында ІІ Республикалық **“Шәкәрім оқулары”** байқауының І облыстық кезеңі өтті. Байқауға аудандардан және қала мектептерінен іріктелген 35 оқушы қатысып, бақ сынасты. Мектебіміздің атынан 7 "Қ" сынып оқушысы Хайрулла Нұрдана Талғатқызы қатысып, белсенділік танытқаны үшін Алғыс хатпен марапатталды.

Ақтөбе облысының білім басқармасы «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен өткен «Үздік эссе» байқауына қатысқан Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Берегенов өзінің кәсібилігі мен шығармашылығымен ерекшеленгені үшін Аңсат ІІ дәрежелі Диплом және кітапханашы Қуаныш Гүлдана Мұратқызы өзінің шығармашылығымен ерекшеленгені үшін Мақтау қағазымен марапатталды.

Мектеп кітапханашысы Қуаныш Гүлдананың шығармашылығы баспасөз беттерінде. Әлімсақ журналының №3,4 номерлерінде «Қазақ тағылымындағы әйелдер бейнесі ұлықталды» және «Партизан жазушының шығармасы насихатталды» атты мақалалары республикалық журналда жарияланды.



Назарбаев Зияткерлік мектебінде мектеп кітапханашыларының біліктілігін арттыру, оқу және ақпараттық сауаттылықтарын дамытудың заманауи әдістерімен таныстыру, тәжірибе алмасу мақсатында **«Оқушылардың оқу және ақпараттық сауаттылықтарын дамытудың заманауи әдіс-тәсілдері»** тақырыбында семинар-практикум өтті. Семинар барысында “Әдеби квест”, “Атақты адамдардың өмірбаяндарын оқу”, “Әдеби жанрлар”, “321 тәсілі”, “Мемлекеттер” практикум сабақтары жүргізіліп, кері байланыс жасалды. Семинар-практикумға кітапханашы Қуаныш Г. қатысып, практикалық жұмыстардан өз біліктілігін арттырып келді.

«Балалар кітап әлемінде» жазғы буккроссинг акциясын ұйымдастыруға қатысқанымыз үшін «Алғыс хатпен» марапатталдық.

Бұл акция оқырмандардың жазғы уақыттарында кітап оқу арқылы ой өрісін кеңейтуге, уақыттарын тиімді өткізуге ықпал еткізу.

Қорытынды: Мектеп кітапханасындағы атқарып жатырған әр жұмыс өз деңгейінде, дегенмен де кей тұстарда арнайы маман емес тұлғалардың атқарған жұмыстарының кемшіліктері көрініп келеді. Қазіргі заман талабында қайта кітап оқуды насихаттау барысында, кітапқа сый құрмет, ұқыпты ұстау, шаралардың жаңа форматта өтуіне ықпал етуіне кітапханашылардың үлесі өте зор. Осы орайда, мектеп әкімшілігінің қолдауы мен класс жетекшілердің кітапханамен тығыз байланыста жұмыс жасауы маңызды.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖҮРГІЗІЛУІ

Психологиялық қызметтің жылдық жоспары **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 68 бұйрығы** негізіне сүйене отырып құрылып, бекітілді. Жоспар алты бағыттан тұрады. Жоспар бойынша қыркүйек айында 5- класс оқушыларының бейімделу жағдайына байланысты Н.Г. Лусканов тесті жүргізілді. Класс оқушыларының лидерлері мен бейресми лидерлер оқушылар анықталды. Оқушыларды ортаға бейімдеу, ұжымдық дұрыс қарым - қатынасты орнату мақсатында «Ритмикалық» жаттығулар мен «Реніштен арылу» тренингтері жүргізілді. 1 класс оқушыларына Керн-Йрасек психологиялық әдістемесі жүргізілді, Керн-Йрасек төрт субтесттен тұратын баланың мектепке дайындығын бағалау тестісі. Бұл әдістемелердің мақсаты: оқушылардың жеке даму деңгейі мен оқуға психологиялық дайындығын, оқушылардың мектеп өміріне бейімделу процесін анықтау мақсатында жүргізілді.

Психологиялық қызмет бойынша білімалушылармен диагностика, консультация және тренингтер (топық, жеке) өткізу туралы оқушылардың ата – аналар тарапынан келісім шарт алудан басталды.

Қазіргі таңдағы өзекті тақырыптардың бірі оқушылар арасындағы буллинг мәселесі, осы орайда 5 - 11 класс оқушылар арасында «STOP буллинг» тақырыбында профилактикалық жұмыс жүргізіліп, оқушыларға буллинг туралы мәліметтер беріліп, кеңестер ұсынылды.



Кеңес беру жұмысы бойынша оқушылардың жалпы психологиялық хал – ахуалдары мен психоэмоциональдық мінез – құлық деңгейлерінің жағдайын бақылау мақсатында 6-9 класс оқушылары арасында топық және жеке психологиялық сүйемелдеу жұмыстары ашық әңгімелесу арқылы жеке кеңес берілді.

«Инклюзивті оқыту» бойынша «Ерекше» оқушыларға жоспар құрылып, кесте бекітілді. Кестеге сәйкес оқушылармен жеке түзету және дамыту жұмыстарының уақытылы өткізілді. Оқушылар ПМПК қорытындысы бойынша психологиялық түзету және дамыту сабақтарын қажет ететін оқушылар.



Даналық мектебі" клубы "Асқар тау әкелер" секциясында мектеп психологтары А.Б Алдамжарова мен А.С Хасенова мектебіміздің асқар тау әкелерін ұйымшылдыққа, ауызбіршілікке шақыру мақсатында тренинтер өткізді.



Мектебізде ата - аналармен бірлескен «Отбасы құндылығы» тақырыбында дөңгелек үстел отырысы болды. Отырыс барысында бала тәрбиесінде үлкен орын алатын өзекті тақырыптар қозғалып, мектеп психологтары психологиялық қолдау кеңестерін ұсынып, тренингтер өткізді.



Профилактикалық бағыт бойынша 5-6 кластарға «Әлеуметтік желінің зияны мен пайдасы», «Жүктіліктің алдын - алу» тақырыбында қыз балаларымен профилактикалық отырыс өтті. Онда қыз балаға жат қылықтардан аулақ болу, әлеуметтік желінің зиянды және пайдасы туралы әңгімелесулер жүргізілді.

Сұраныс бойынша, топтық және жеке оқушылармен жеке әңгімелесулер үздіксіз жүргізіліп келеді.



«Жасөспірімдер арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу мәселелері», «Буллинг және баланың барлық қатыгездіктен қорғау» тақырыбында класс жетекшілердің әдістемелік отырысында оқушылардың қазіргі кездегі мінез – құлқының тұрақсыздығы бойынша сөз қозғалып, әр бір оқушының күнделікті хал ахуалын бақылауға алу туралы ұсыныс берілді.

Диагностикалық бағыт бойынша, 9 - 10 класс оқушыларының психологиялық хал – ахуалдары мен аутодиструктивті мінез-құлықты анықтау мақсатында Басса - Дарки сауалнамасы электронды түрде жүргізілді. Қорытындысы бойынша - 21 оқушы қастандыққа жақын, 2 - оқушы агрессияға жақын жиынтық балл жинады. Бұл оқушылармен жеке және топтық жартылай құрылымдалған сұхбат жүргізілді.



Класс жетекшілерге арналған «Келеңсіз жағдайлардың алдын -алу» және «Оқушылар арасындағы буллингтің алдын -алу » бойынша әдістемелік көмек беріліп, оқушыларға жүргізілген тест қорытындылары бойынша ақпараттармен таныстырылды.

5-11 класс оқушылары арасынан «Буллингтың алдын-алу» жұмыстары негізінде гугл формасы арқылы, жасырын сауалнама алынып, хаттамасы толтырылды. Нәтижесінде: Оқушылардың жауабы бойынша негізделген 8В класс оқушысы Арслан Арнұр есімді оқушымен, жеке кеңес, профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

Оқушылардың мазасыздық деңгейін зерттеу мақсатында 6-7 класс оқушыларынан «Филлипс» тесті алынып, зерделенді. Класс жетекшілер тест қорытындысымен танысып, бақылауды қажет ететін оқушылармен жеке психологиялық кеңестер жүргізілді.

«Жасөспірімдер арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу мәселелері», «Буллинг және баланың барлық қатыгездіктен қорғау» тақырыбында класс жетекшілердің әдістемелік отырысында оқушылардың қазіргі кездегі мінез – құлқының тұрақсыздығы бойынша сөз қозғалып, әр бір оқушының күнделікті хал ахуалын бақылауға алу туралы ұсыныс берілді.



9 - 10 класс оқушыларының психологиялық хал – ахуалдары мен аутодеструктивті мінез-құлықты анықтау мақсатында Басса - Дарки сауалнамасы электронды түрде жүргізілді. Сауалнама қорытындысы бойынша шыққан оқушылармен жеке және топтық жартылай құрылымдалған сұхбат жүргізілді. Класс жетекшілерге арналған «Келеңсіз жағдайлардың алдын - алу» және «Оқушылар арасындағы буллингтің алдын - алу » бойынша әдістемелік көмек беріліп, оқушыларға жүргізілген тест қорытындылары бойынша ақпараттармен таныстырылды.

5-11 класс оқушылары арасынан «Буллингтың алдын-алу» жұмыстары негізінде гугл формасы арқылы, жасырын сауалнама алынып, хаттамасы толтырылды. Оқушылармен профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

8-11 класс оқушыларының мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында Дасс сауалнамасы жүргізілді. Қорытынды негізінде оқушыларға жартылай сұхбатқа жүргізіліп , кеңес берілді.

	Білім алушының аты-жөні		Депрессия	Үрей	Күйзеліс	Сұхбат нәтижесі
1	8 «А» класс	Айзолдина Ақтоты	3	5	5	Анықталмады
2	8 «А» класс	Джумашев Қайрат	2	3	5	Анықталмады
3	8 «В» класс	Арслан Арнұр	4	7	3	Анықталмады

4	8 «В» класс	Махамбетова Асемай	3	2	6	Анықталмады
---	-------------	--------------------	---	---	---	-------------

	Білім алушының аты-жөні		Депрессия	Үрей	Күйзеліс	Сұхбат нәтижесі
1	9 «Б» класс	Зайнаков Ерқанат	2	4	7	Анықталмады
2	9 «Ғ» класс	Жаңабек Нұрислам	3	5	2	Анықталмады
3	9 «Ғ» класс	Мерекеев Меиржан	4	6	7	Анықталмады

10-11 класс білім алушылары DASS сауалнама диагностикасынан жақсы көрсеткіш көрсетті. Депрессия, үрей, күйзеліс белгілері анықталған жоқ.

5-класс оқушылары арасында «Біз бақытты баламыз!» тақырыбында профилактикалық жұмыс жүргізілді. Оқушыларға өмірдің мәнін, жалпы достар арасындағы дұрыс қарым - қатынасты орнату бойынша ситуациялық сұрақтар қойылып, талқыланды.



«Сенім телефоны» және «Сенім жәшігіне» түскен қоңыраулар мен хаттарға жауап беру (үнемі). Бұл түскен хабарламалар журналға тіркелді.

9 - класс оқушыларымен кәсіптік бағдарға байланысты «Климов» тесті жүргізіліп, оқушыларға кәсіптік-бағдар бойынша кеңестер берілді. Жарты жылдықта жүргізілген әр бір шара психологиялық жоспарға сәйкес уақытылы жүргізіліп келеді.

Кеңес беру жұмысы бойынша оқушылардың жалпы психологиялық хал – ахуалдары мен психоэмоциональдық мінез – құлық деңгейлерінің жағдайын бақылау мақсатында 5-9 класс оқушылары арасында топтық және жеке психологиялық сүйемелдеу жұмыстары ашық әңгімелесу арқылы жеке және топтық кеңестер берілді.





7-9 класс оқушыларымен жоспардан тыс психоактивті заттарды қолданудың профилактикалық жиналысы өткізілді. Жиналыстың негізгі мақсаты: оқушылардың психоактивті заттарды қолдану ықтималдығын азайту үшін жағдай жасай отырып, олардың әлеуметтік-психологиялық құзыреттілік деңгейін арттыру. Оқушыларға әлеуметтік өзара әрекеттесудің әртүрлі жағдайларында психоактивті заттарды қолданудың кез-келген түрінен бас тартуға психологиялық дайындықты қалыптастыру, нашарлықтың барлық көріністерінде тұрақты теріс бағалау, техниканы игеру және аутопсихологиялық құзыреттілікті дамыту; тәуелділіктің пайда болуын болдырмауға мүмкіндік беретін жеке мінез-құлық схемаларын қалыптастыру туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жиналысты өткізу білім алушылардың табысты әлеуметтік бейімделуінің негізі ретінде психологиялық құзыреттілікті қалыптастыруға, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға, салауатты өмір салтын норма ретінде қабылдауға, сондай-ақ талдамалық, бағалауды дамытуға ықпал етті.



Түзету және дамыту бағыты бойынша бастауыш класс оқушыларымен сабақтан тыс, білім алушылардың қиялын дамыту, ұшқырлығын шындау, ұйымшылдыққа шақыру мақсатында "Біз біргеміз" ойын-жаттығулары өткізілді. Тренингтер арқылы балаларға алдына қойған мақсатқа жету жолында ой-өрісін дамыту, қалауын нақтылау, ұйымшылдыққа ұмтылу жолдары көрсетілді.



Түзету және дамыту бағыты бойынша «Ерекше» балалардың жалпы психологиялық хал ахуалын анықтау мақсатында, «Аяқталмаған сөйлем», «Суреттер сөйлейді», суреттік тесттер әдістемесі жүргізілді.



«Ел болам десең, бесігіңді түзе» деп айтқандай, әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне аса мән беріп, бос уақытта немен айналысатынына қатаң бақылау жасалып отырса, жасөспірімдер арасында болатын құқықбұзушылық болмауына пайдасын тигізеді. Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі — балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Осы орайда мектеп психологтары «Балаға қарсы қылмыс немесе зорлық-зомбылықтың алдын-алу» тақырыбында ата-аналармен тренингтер, топтық жұмыстар ұйымдастырды.

7-8 класс қыз балалар арасында жоспардан тыс Анаға тағзым орталығының медиаторы Бибігүл Әбдішүкір қызының қатысуымен дөңгелек үстел өткізілді, дөңгелек үстел «Қызды тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» тақырыбында сөз қозғалып, қыз балалармен ашық әңгімелесу жүргізілді. Қыз бала мен ұл баланың бірін – бірі жақсы түсінуіне, бірін – бірі сыйлауына, бір –біріне қамқор бола білуіне, қыздарымызды –қылықты, ұлдарымызды – ұлағатты етіп тәрбиелеуге септігі мол болары сөзсіз. Қыздарға айтарым « қазақ қызы» деген қастерлі де қасиетті атқа лайық болындар. Білімді де тәрбиелі қырдың қызғалдағындай жайнап өсе берінде




Класс жетекшілер он күндігі аясында, ұжым ортасында берік достық қарым-қатынасты және өзара сенім білдіру бірін-бірі қолдау, ұжымда жағымды әлеуметтік-психологиялық климат құру мақстаныда **«Жақсы көңіл күй жан азығы»** тақырыбында ТИМБИЛДИНГ ұйымдастырылды. Ұжым мүшелері үшін керемет демалыс және көтеріңкі көңіл күй болды.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың мінез -құлқындағы дамуы мен бұзылыстарын айқындау, әлеуметтенуін зейіні мен еске сақтауын, кеңістікті елестетуін, қисынды ойлауын, танымдық қабілеттерін дамыту, балалардың ақыл – ойы мен сөйлеу тілінің дамуын және педагогикалық-психологиялық әлеуметтік қолдау бойынша мектеп мамандары яғни психологтар, әлеуметтік педагогтар, логопед – мұғалімдері, арнайы педагог маманы бірлескен түрде топтық және жеке түзету мен дамыту жұмыстарын жүргізді. Жұмыс барысында оқушыларға сыйлықтар мен тәттілер таратылды.

6-11 класс оқушылардың арасындағы құқықбұзушылықтың оның ішінде әлімжеттік жасап, ақша бопсалаудың, буллингтің, зорлық зомбылықтың алдын - алу және де басқа да қылмыстық фактілерді анықтау мақсатында, жүргізілген жасырын түрде алынған

[illegible]

сауалнама қорытындысын саралай келе, төмендегі нәтижені берді.



Қорыта келе, берілген сауалдағы ең маңызды сұрақтың бірі, оқушылар арасында ұсақ құқықбұзушылықтың яғни (қысым жасап, ақша сұрайтын) оқушылар анықталмады. Сауалнама барысында оқушылардың арасында бір - бірін кемсітіп (мазаққылу) фактілері анықталды. Олар: 6 а класс оқушылары: Даниель, Алмаз, 8 в класс Арслан Арнұр, 7 к Ахмад атты оқушылар класс ішінде лас сөздер айтып, оқушыларды кемсіту анықталды. Осы аты аталған оқушылардың класс жетекшілеріне: оқушылардың күнделікті психологиялық хал – ахуалдары үздіксіз бақылауға алу. Оның ішінде

(оқушылардың көңіл – күйі, сабаққа қатысымы, отбасы мүшелерімен қарым – қатынасы); оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын – алу жұмыстарын күшейту мақсатында «Интернет желісінің зардабы, кибербулинг, буллинг» тақырыптарында іш – шараларды көбейту, және әр тәрбие сағаттарында осы тақырыптарды қозғау туралы ұсыныс берілді. Зерделеу нәтижесі бойынша құқықбұзушылықтың оның ішінде (әлімжеттік жасап ақша сұру, балағаттау, қысым көрсету) бойынша аталған оқушылармен жеке және топтық түзету жұмыстары жүргізіліп, оқушылардың әр бір сұраққа жауабын жеке жеке саралап шыққан оқушылармен профилактикалық жұмыс жасалды.

Оқушыларды өмірге деген құштарлықтарын арттыру, өз өмірінің мәнін түсінуге, рухани өсуге және жақсы мен жаманның аражігін ажырата білуге Ішкі өзіндік күйзеліс уақытында одан қалай құтылуға болатындығы туралы бағыт – бағдар беру мақсатында «Ішкі күйзелісті қалай құтылуға болады?» тақырыбында профилактикалық жұмыс топтық түрде жүргізілді.

Келеңсіз оқиғалардың алдын алу және қыз балалар арасында кездесетін ерте жүктілік, оның денсаулыққа қаншалықты зиян екендігін түсіндіру, ұлттың тыныс-тіршілігі барысындағы үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын сезіндіре отырып, әдепті, сыпайы, адамгершілігі мол, білімді жан жақты жетілген қыз бала болуға, ерте жастағы жүктілік, оның алдын алу жолдары туралы мектеп медбикесінің қатысуымен ақыл-кеңестер айтылып психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілді.



Қыз балалардың бойына қыз бейнесіне тән мінез – құлық сипатын қалыптастыру. Оқушыларды бір – бірімен, айналадағы ортамен үйлесімді қарым – қатынас жасауға дағдыландыру, мәдени сөйлеу біліктілігін дамытуға, өзара жағымды қарым – қатынасын арттыру, оларды адамгершілікке, шындыққа, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу мақсатында 6-7 класс қыз балаларына психологиялық кеңестер беріліп, тренингтер өткізілді.



5-11 класс оқушылары арасында «Мұғалім оқушы көзімен» тақырыбы бойынша мұғалім мен оқушы арасындағы қарым – қатынасты анықтау мақсатында жасырын сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға қатысқан жалпы оқушылар саны – 1708 оқушыны құрады. Сауалнаманы қорыта келе, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым – қатынасты қанағаттанарлық деп деп бағалауға болады.

Класс оқушыларының бір – бірімен қарым - қатынасы қандай?

- А) өте жақсы - **37,78 %**
- Ә) жақсы - **44,38 %**
- Б) орташа - **16,69 %**
- В) төмен - **1,76 %**



Сауалнама нәтижесі бойынша класс жетекшілерге оқушылардың арасында сыйластық орнату, қарым -қатынасты жақсарту бағытында жұмыстануды ұсынылды.

Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі — балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. аБұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Соның бірі жасөспірімдер арасында буллинг және түрлі зорлық – зомбылықтың белең алып бара жатыр. Осы тақырып төңірегінде оқушыларға буллинг және кибербуллинг туралы ақпарат беріп, олардың ішіндегі буллинг пен кибербуллинктің түрлері және де жеке тұлғаның психологиялық денсаулығына әкелетін зардабы мен қиындықтары туралы ашып айтылып, оқушыларға әлеуметтік желілердегі балағат сөздер, қорқыту секілді кибербуллинг түсінігі айтылды. Бұл жағдайға тап болғанда, ата-анаға, мұғалімдерге, психологке ескерту ұят емес екендігі айтылды. Керісінше, сол жағдай туралы бөлісу буллинг мәселесін алдын-алатындығын және сақтайтындығын түсіндірілді.

Өз білімін жетілдіру мақсатында психологиялық олимпиадалар мен конкурстарға қатысып, жүлделі орындар иелендік. Психологтар арасында пәндік олимпиададан 1 дәрежелі диплом- С.М Жадырасынова, А.С Хасенова, А.Б Алдамжарова. «Үздік психолог-2024 новаторы» қалалық байқауында 1 дәрежелі диплом- А.С Хасенова, 3-орын А.Б Алдамжарова. Республикалық форумының «Мамандық әлемін ашамыз!» қалалық кезінінде 2 дәрежелі диплом Капкаев Иван жетекшісі А.Б Алдамжарова.



«Сенім телефоны» және «Сенім жәшігіне» түскен қоңыраулар мен хаттарға жауап беру (үнемі). 2023-2024 оқу жылында 7 - қоңырау, 12 - хат келіп түсті. Бұл түскен хабарламалар мен хаттар журналға тіркелді.

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ -ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАР

2023-2024 оқу жылында «Әділет жаршысы» дебат үйірмесі ашылып, мақсат міндеттері айқындалды.

Мақсаты: Заман талабының сұранысына санасы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру.

Міндеттері:

- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру;
- Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау;
- Талантты жастарды ынталандыру;
- Мектеп оқушылары арасында пікірсайыс деңгейін көтеру, оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту;
- Өз Отаны Қазақстан, оның басты құндылықтарын құрмет тұтып мақтаныш сезімдерін қалыптастыру;
- Оқушылардың жауапкершілігінің және танымдық қабілеттерін түрлі пікірталастар арқылы ортаға салу;
- Оқушыларды коммуникативтілікке, сөйлеу мәдениетіне, сөз өнеріне тұжырымды ойын дәлелдей білуге баулу;
- Оқушының өзін-өзі тәрбиелеуіне, өзін және өзгені бағалай білуге үйрету.

Күтілетін нәтиже:

- Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану;
- Пікірсайыс арқылы белсенді азаматтық позициясы бар, жаңарған қоғамның жаңа тұлғалары



тәрбиелейді;

- Басқа адамдардың көзқарастарымен санаса алатын озық ойлы азаматтардың қатарын көбейту;
- Жастарды өз бетімен білім алуға, ізденуге дағдыландырады;
- Жастардың бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасауларына, пікір алмасуына, қарым-қатынас диалогін орнатуға мүмкіндік туғызады;
- Саяси сана сезімі, қоғамға көзқарасы ерекшеленеді;
- Оқулық арқылы берілетін әдеби құндылықты терең меңгереді;
- БАҚ құралдарын, кітапхана оқулықтарынан қажетті мәліметті ала алады;
- Көпшілік алдындағы сайыстарға еркін қатысады.

«Әділет жаршысы» дебат үйірмесіне 2023-2024 оқу жылында 7-9 сынып оқушылары арасынан 132 оқушы мүше болып, олар қазақ, орыс, ағылшын лигаларын өз ойын електерін көрсетіп келді.

Үйірмеде бекітілген жоспар негізінде жыл бойы үздіксіз төмендегі жұмыстар атқарылды:

Қазіргі кезде мектепшілік дебат технологиясын дамыту өзекті мәселе. Себебі, оқушылардың бойында саяси мәдениетті, өз әрекеті үшін өзі және қоғам алдындағы Жауапкершілікті, шығармашыл өз ойын ашық, өткір жеткізе алатын сыни тұрғыда ойлау қабілетін қалыптастыру қажет. Осыған байланысты қыркүйек айының 21-і күні жоспарға сәйкес «Әрекет ету уақыты» тақырыбында «Әділет жаршысы» дебат клубының алғашқы отырысы өтті. Оқушылар әр түрлі тақырыптар бойынша ойын көрсетті. Жиналысымызға қазақ тілі мұғалімі Бүркіталы А, орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі Қаржау А және де дене шынықтыру мұғалімі Акниязов Б қатысып, ойыншыларға өз бағаларын беріп, пікірлерімен бөлісті.

«Әділет жаршысы» пікірсайыс клубының жоспарына сәйкес «Қазіргі қазақ жастарының ой-өрісі

қандай?» тақырыбында жиналыс өтті. Оқушылар осы тақырыптар төңірегінде ойындар көрсетті. Ойын барысында қазіргі қоғамдағы қазақ жастарының менталитеті, азаматтық позициясы, патриоттылығы, ер азаматтардың әскерге деген көзқарасы, қазақ тілі мәртебесі сынды ой-пікірлер айтылды. Жиналысқа мектебіміздің жас мамандары Турдалин Б, Берегенов А, Ағынова Ү қатысып өз пікірлерімен бөлісті. 21-қазан күні «25-қазан Республика күні» мерекесіне «Тұғыры биік-Тәуелсіз Қазақстан» атты мектепшілік пікірсайыс турнирі өтті. Турнирдің негізгі мақсаты – оқушыларды отаншылдыққа тәрбиелеу, шешендік өнерді және қоғамдық-саяси ахуалдың өзекті мәселелері бойынша сөз таластыруды дамыту. Турнирге тәжірибелі ұстаз, ағылшын лигасының дебат жетекшісі Кобланова А мен жас маман Нарымова Р қатысып, әділ бағасын беріп, өз пікірлерімен бөлісті. 23-қазан күні «25-қазан Республика күні» мерекесіне «Мен елімнің азаматымын!» атты мектепшілік пікірсайыс турнирі өтті. Турнирдің негізгі мақсаты – оқушыларды отаншылдыққа тәрбиелеу, шешендік өнерді және қоғамдық-саяси ахуалдың өзекті мәселелері бойынша сөз таластыруды дамыту. 15-қараша төл теңгемізге 30 жыл толуына орай «Ұлт мақтанышы-Ұлттық валюта» тақырыбында қазақ және ағылшын лигаларының дебат ойыншылары арасында жолдастық кездесу өтті. Жиналыстың негізгі мақсаты – оқушыларды үштілділікке үйрету арқылы, отаншылдыққа тәрбиелеу, шешендік өнерді және қоғамдық-саяси ахуалдың өзекті мәселелері мен төл теңгеміздің маңыздылығы бойынша сөз таластыруды дамыту. Жиналысқа ағылшын лигасының жетекшісі тәжірибелі ұстаз Кобланова А қатысты. 25-қараша күні Ақтөбе облыстық білім басқармасы және облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен М.Жұмабаевтың 130 жылдығына арналған «Мен жастарға сенемін» атты облыстық пікірсайыс турниріне қатысып жүлделі 2,3 орынды және «Үздік спикер» номинациясын иеленді. 2-орын иеленген Аманжолов Мадияр (7 «Ә») мен Түлкібай Ақниет (8 «Ә») 3-орын иеленген Кузеева Ақерке (9 «Д») мен Алтыбай Нұрсила (8 «Б») Үздік спикер Кузеева Ақерке (9 «Д») ; 15-желтоқсан күні «Тәуелсіз – елдің жастары» атты мектепшілік пікірсайыс турнирі өтті. Турнирдің негізгі мақсаты – оқушыларды отаншылдыққа тәрбиелеу, шешендік өнерді және қоғамдық-саяси ахуалдың өзекті мәселелері бойынша сөз таластыруды дамыту.

Турнирге ағылшын лигасының жетекшісі тәжірибелі ұстаз Кобланова А мен жас маман, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Берегенов А қатысты.

«Әділет жаршысы» пікірсайыс клубының жетекшісі Худайберген Нурлан Мухтаровичтің «Жаңашыл Қазақстан-жаңашыл жастар» атты «Жас мамандар мектебінің» апталығы аясында «Мамандықтар әлемі:біз таңдайтын жолдар» тақырыбында мектебіміздің 10-11 сынып оқушыларына арналған көрсетілім пікірсайыс ойыны өтті. Шараға директордың тәрбие-ісі жөнідегі орынбасары Мураталиева И.С, директордың оқу-ісі жөнідегі орынбасары Ербозымова М.Н, директордың оқу-ісі жөнідегі орынбасары Калдыбаева М.С, директордың оқу-ісі жөнідегі орынбасары Сарина С.Р және пән мұғалімдері қатысты

Мақсаты:

- Оқушыларды өз бетімен мамандық таңдауына, білімін шығармашылық тұрғыдан дамытуға, өз бетімен қорытынды жасауға үйрету, сөз байлығын, ойлау қабілетін дамыту
- Оқушылардың мақсатқа жету барысында жауапкершіліктерін жетілдіру, жетістіктеріне жетуіне тәрбиелеу
- Шара соңында 11 «В» сыныбының дайындаған бейнеролигі көрсетіліп, оқушыларға мамандық таңдауда қателеспеу керектігі түсіндірілді

«Тәртіп пен тәрбие білім берудегі басты құндылық», «Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы», «Жастар қоғам тірегі» атты тақырыптар аясында қаңтар айында әр түрлі бағытта 4 жиналысымыз өтті. Жиналыстың негізгі мақсаты – оқушыларды отаншылдыққа тәрбиелеу, шешендік өнерді және қоғамдық-саяси ахуалдың өзекті мәселелері бойынша сөз таластыруды дамыту, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды түсіндіру.

«Мамандық таңдауға әсер етуші негізгі факторлар» және «Жастар қоғам тірегі» тақырыбын қамтитын қарарлар аясында дебат жиналысы ұйымдастырылды. Жиналыстың негізгі мақсаты – оқушыларды білім беруде тәрбиелеу, шешендік өнерді және қоғамдық-саяси ахуалдың өзекті мәселелері бойынша сөз таластыруды дамыту.

Жиналысқа клубымыздың жетекшісі Худайберген Нурлан Мухтарович қатысты.

«Рухани жаңғыру-жастарға тағылым» тақырыбын қамтитын қарарлар аясында дебат жиналысы ұйымдастырылды. Жиналыстың негізгі мақсаты – оқушыларды білім беруде тәрбиелеу, шешендік

өнерді және қоғамдық-саяси ахуалдың өзекті мәселелері бойынша сөз таластыруды дамыту.

«Ақтөбе қаласының 155 жылдығына» арналған «Ақтөбе сен көп жаса!» атты мектеп оқушылары арасындағы қалалық дебат турниріне біздің пікірсайысшыларымыз қатысып бас жүлдеге, жүлделі 3-орынға және «Үздік спикер» номинациясына ие болды. Турнир №23 орта мектеп-лицейінде өтті. Турнирге мектеп автобусымен барып келдік.

Наурыз айының 26-шы жұлдызында Қ.И.Сәтбаевтың 125 жыл толуына орай Ақтөбе қаласының білім бөлімімен бірігіп біздің мектеп-гимназиямызда қалалық пікірсайыс турнирі ұйымдастырды. Бұл турнирге қаламыздың ұтқыр ойлы, лидер оқушылары қатысып бақтарын сынасты. Турнир нәтижесінде: 1-орынды №51 мектеп-гимназия мен М.Құрманғалиева атындағы №32 мектеп-гимназиясы, 2-орынды 125 мектеп, 3-орынды №37 орта мектеп пен №56 мектеп-гимназиясы қанжығасына байлады.

«Көркем мінезді болу жолдары, үлкенге құрмет-кішіге ізет» тақырыбын қамтитын қарарлар аясында дебат жиналысы ұйымдастырылды. Жиналыстың негізгі мақсаты – оқушыларды білім беруде тәрбиелеу, шешендік өнерді және қоғамдық-саяси ахуалдың өзекті мәселелері бойынша сөз таластыруды дамыту. 13-14 сәуір күндері Алматы қаласы, Тұран университетінің ұйымдастыруымен өткен республикалық пікірсайыс турниріне қатысып келдік. Республикалық аренада облысымыздың намысын алғаш рет қорғау оқушылар үшін оңайға соқпады. Бұл турнирге облыстық, қалалық пікірсайыс турнирлерінде жеңімпаз атанып жүрген мектебіміздің жарық жұлдыздары Аманжолов М, Кузеева А, Алтыбай Н, Түлкібай А, Арыстанбай А, Әубәкір А қатысып келді.

Сәуір айының 27-жұлдызында №78 мектеп-гимназия базасында ұйымдастырылған «Ұшқыр ойлар тартысы» атты қалалық дебат турнирінде жүлделі 1 орынды Алтыбай Н мен Арыстанбай А, жүлделі 3-орынды Түлкібай А пен Аманғалиева Д иеленді.

25-сәуір күні ҚР ОАМ РҚББООӨО ұйымдастыруымен «Шешендік өнер шеберлері- дебат ойындарының жас чемпиондары» тақырыбында өткен республикалық жас пікірсайысшылар слетіне облысымыздың атынан мектебіміздің оқушылары Аманжолов Мадияр мен Кузеева Ақерке қатысып тәжірибе алмасты.

«Әділет жаршысы» пікірсайыс клубының жоспарына сәйкес мамыр айында жыл бойы атқарылған жұмыс бойынша есеп беріліп, қорытынды кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысы 7-мамыр Отан қорғаушылар күні мерекесіне орай ер азаматтарды құттықтаумен басталды, жыл бойы жасалған жұмыстарға клубымыздың президенті Кузеева Ақерке есеп беріп, алдағы жоспарлармен бөлісті. 2024-2025 оқу жылында мектеп-гимназиямызда республикалық пікірсайыс турнирі мен республикалық пікірсайысшылар слеті ұйымдастыруды жоспарлау керегін айтты. Жылдың қорытындысы ретінде үздіксіз жұмыс жасаған пікірсайысшыларды клуб жетекшісі марапаттады.

АР-ҰЯТ ҚҰНДЫЛЫҒЫ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АТА-АНАЛАР ҚОҒАМДАСТЫҒЫМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАР

Жаңа 2023-2024 оқу жылының 14-16 қыркүйек күні «Отбасы дәстүрлері» атты алғашқы сынып аралық ата-аналар жиналысы өтті. 2023 жылдың 9-11 қараша күні «Біртұтас тәрбие- құндылықтар жүйесі» атты кезекті сынып аралық ата-аналар жиналысы өтті. 2024 жылдың 11-13 қаңтарында «Қауіпсіз мектеп- бала қауіпсіздігінің басты кепілі» тақырыбында сынып аралық ата-аналар жиналысы өтті. 2024 жылдың 15 қаңтар күні «Мектептің даму үрдісі- оқу мен тәрбие негізінде » тақырыбында жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы болды. 2024 жылдың 4-6 сәуір күні «Қауіпсіз мектеп- бала қауіпсіздігінің басты кепілі» атты ата-аналар жиналысы өтті.

Мектепті басқарудың алқалы органының бірі – қамқоршылық кеңес. Одан кейін жалпымектептік ата-аналар комитеті.

✓ Жылына 4 рет жоспарлы қамқоршылық кеңесі өтеді.

✓ Әр оқу жылында тоқсанына 1 рет барлық ата-аналардан ұсыныс-шағымдар туралы гугл-формамен сауалнамалар алынып, қамқоршылық кеңес пен жалпы мектептік ата-аналар жиналысында қорытындысы айтылады.

Д.Қонаев атындағы орта мектеп-гимназиясының қамқоршылық кеңес мүшелері тек қоғамдық бақылаумен ғана айналыспайды, сонымен бірге білім беру үдерісін қолдау, мектеп дамыту, реформалау барысына белсене қатысып, ұсыныстар енгізу арқылы жаңарту, білім беру жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша қалалық, облыстық форумдарға, конференцияларға, кеңестерге, семинарларға үзбей қатысты.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспары аясында жұмыс ағымдағы оқу жылында жалғастырылып, жұмыстар атқарылды. Атап айтсақ, Сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды болдырмау туралы бұйрық шығарылып, жоспар бекітіліп сол жоспар аясында жұмыстар атқарылды. **«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы»ҚР Заңымен танысу жұмыстары** жүргізілді.Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Индира Сериковна «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы»ҚР Заңын оқып, таныстырып, сыбайлас жемқорлық әрекеттерін болдырмау және алдын түсіндірме жұмысын жүргізді, алдын алу жұмысы бойынша мектеп Жадырасынова мектепте **«Сенім жеке және заңды тұлғалардың үшін пошталық жәшіктің оң жұмыстары туралы таныстырды.**



алу мақсатында сыбайлас жемқорлықтың педагог - психологы С. **телефоны» қызметін,** хаттары мен өтініштері тәжірибесін кеңейту

Мектеп оқушылары жемқорлыққа қарсы мәдениетті **«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы** құрылды. Клуб мүшелерінің құрамы 5-11 класс аралығында саны бойынша -60. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының мақсаты, міндеттері айқындалып бекітілді. 7 «В» класс жетекшісі әрі математика пәнінің мұғалімі Досан М,М және тарих пәні мұғалімі Амирова М клубқа жетекшілік етіп тағайындалды.

Клубтың міндеттері:

- Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерін түсіндіру;
- Рухани-игіліктік пен азаматтық-патриоттықты тәрбиелеуге бағытталған шараларды іске асыру;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;
- Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу шараларын басым қолдану жөнінде тәрбиелік іс-шаралар өткізу;
- Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу шараларын басым қолдану жөнінде тәрбиелік іс-шаралар өткізу;
- Әр оқушының санасына сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық нормаларды жеткізу, іс-қимылға жәрдем көрсететін еріктілер тобын көбейту

Мектебімізде «Парасатты адам» бұрышы жасалды.

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспары құрылып, бекітілді.

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы 3 секцияда жұмыс істейді

1. **Жемқорлыққа қарсы білім секциясы-** дәрістер, дөңгелек үстел және басқада ағарту шараларын ұйымдастыруға қатысады;
2. **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық секциясы-** бейнероликтер мен сурет байқауын өткізуге ұйытқы болады;
3. **Мәдени –көпшілік іс-шаралар секциясы-** флешмобтар дайындап қоғамдық ұйым өкілдерімен кездесулер өткізеді.

Қалада өткізілетін **сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тақырыбындағы ұйымдастырушылық – тәжірибелік іс- шараларға қатысуды қамтамасыз ету** мақсатында инстаграмм парақшаға ақпараттандыру салынды.

https://www.instagram.com/p/C0Q0_nGsRjV/?igsh=aXVqeXhzYWptdWNp

5-кластар арасында **«Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз»** атты тәрбие сағатары өткізілді.Сабақтың мақсаты: «Жемқорлық» туралы ұғым қалыптастыру. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан бері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуын қамтамасыз ету. Сабақ барысында оқушылар

«Жемқорлық дегеніміз не?», «Сыбайлас-жемқорлық деген не?» деген сұрақтарға белсене жауап бере отырып, Сыбайластыққа жол жоқ!» интернет желісіндегі бейнероликті тамашалады.

Қазан айында 8-11 кластар арасында «Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді» атты адалдық сағаты өткізілді. Сабақтың тақырыбы: Оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету. Сабақ барысында оқушылар «Сіздің адалдыққа деген сеніміңіз қандай?», «Адалдық-адамдық белгісі» дегенді қалай түсінесіздер?», «Неліктен адалдық «кеңпейілділік, ақкөңілділік, шыншылдық» ұғымдарымен қатар жүреді?», «Адалдық қандай әрекеттен қандай жағдайда көрінеді?» деген сұрақтарға жауап берді.

«Сыбайлас-жемқорлық» деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу мақсатында 8 «Ә», 8 «В» кластарында «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында танымдық сабақтары өткізілді. Сабақ барысында «Сыбайлас - жемқорлық деген не?» деген сұрақ қойылып, оқушылардың пікірлері тыңдалды. Адамгершілік, әділеттілік туралы мақал – мәтелдер жарыса айтылды.

1. Адамгершілік болмай,
Әділдік болмас.
2. Адамның ұяты бетінде,
Адамгершілігі ниетінде.
3. Адамгершілікке арналған үш сауал бар: Шөлге құдық қазған бір сауап,
Өзенге көпір салған бір сауап,
Жолға ағаш еккен бір сауап.
4. Адалдық — ардың ісі.
5. Шындық жоқ жерде сұмдық көп.
6. Адамның әдемілігі шыншылдығында.
7. Ақиқат сөзде алалық жоқ.
8. Әділ айтқан жеңер.
9. Әділдікке жығылмайтын адам жоқ.
10. Әкімнің әділ болмаса жұрт бұзылады,
Саудан әділ болмаса нарық бұзылады.

Бастауыш сынып оқушылары қараша айында «Адалдық ардың ісі» тәрбие сағатында адалдық туралы жалпы мағлұматтар алды, әр түрлі ойындар өткізілді. Оқушылармен өткізілген сабақ мектеп сайтына және әлеуметтік желілерге жарияланды.

<https://www.instagram.com/reel/C0HgPAxMj7j/?igsh=bnBlZGFpdXg1NWsx>

Сонымен қатар, мектепте адамгершілік пен жауапкершілік қасиеттерін нығайтуда, өсіп келе жатқан ұрпақ бойындағы адалдық қасиеттерін және оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға «Adaldyq alańy» өңірлік жобасысының пайдасын тигізетіні анық. Дүкеннің сатушысыз екеніне қарамастан оқушылар адалдыққа бастай отырып, қызығушылықтары ояна отырып, алған затына сай жанында тұрған қорапшаға ақшаларын салып кетіп отырды. Мұндай әрекеттер парасаттылық пен адалдықты тәрбиелеуге бағыттайды, жағымды моральдік қасиеттерін дамыта түседі. Бұл игі бастама өзінен кейінгілерге де, үлкендерге де өнегелі, үлгілі іс болары анық.

Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясының мәжіліс залында 14 қараша күні, сағат: 10:00 де 5-11 класс оқушылар аралығында «Жемқорлық - індет, жою – міндет» негізімен жалпы жемқорлыққа қарсы дөңгелек үстел болып өтті. Шүренбаев Н.О (ТІЖО) баяндамамен, слайдтармен таныстыру барысында бүгінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен, Білім және ғылым министірлігінің қолдауымен бірыңғай «Жемқорлыққа жол жоқ» атты іс-шараның өтіп жатқандығы жөнінде хабардар етті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл күн тәртібіндегі басты мәселе екендігі және адалдық, парасаттылық, әділдік, сенім сияқты негізгі құндылықтары туралы кеңінен насихатталды. Республика бойынша болып жатқан тіркелген қылмыстардың азайып, көбеюі

туралы слайд түрінде деректер көрсетілді. «Адал ұрпақ» мектеп клубтарының атқарған жұмыстары туралы баяндалды. ҚР президенті Қасым - Жомарт Кемелұлының жемқорлықтың түп - тамыры жойылғанша күресетіндігі туралы баса айтылды. Мектеп оқушыларына осындай жалпыреспубликалық «Адалдық сағаттары» жыл сайын дәстүрлі түрде тәрбие сағаттарында бастау алып, жас буынның рухани болмысын кемелдендіру үшін жыл бойы жалғасатындығы айтылды. Мектеп бойынша қатысқандар саны: 5-11 класс аралығында -165оқушы, 21 мұғалім қатысты.

Жалпы мектеп бойынша желтоқсан айында **«Жемқорлықсыз болашақ»** атты тәрбие сағаттары 8-11 кластарында класс жетекшілердің ұйымдастыруымен бірнеше видеолар көрсетіліп оқушылар назарына ұсынылды . Қалалық білім бөлімі ұсынып отырған сілтемелер арқылы «Адалдық сағатына» оқушылар үнемі тартылып, қатыстырылуы қамтамасыз етіліп отырды.

Мектеп кітапханасында мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен **«Сыбайлас жемқорлықсыз Қазақстан»** атты көрме өткізілді.Интерактивті тактадан да жемқорлықтың алдын-алу туралы таныстырылымдар ккрсетіліп отырылды.Сонымен бірге 4 класс оқушыларымен **«Әлемнің тазалығы шындықта »** тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру. Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру

Дөңгелек үстел екі бөлімнен тұрады:

I бөлім: «Жемқорлық – ғасыр дерті» бейне ролик көрсету.

II бөлім: «Сыбайлас жемқорлық туралы не білесіз? Сұрақтарды талқылау

Қаңтар айында «Әділет жаршысы» дебат үйірмесінің жетекшісі Н.М.Худайбергеновтің ұйымдастыруымен «Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы» тақырыбында 7-8 класс оқушылары арасында пікірталас өткізілді.Өткізіліген ақпаратты мына QR-код арқылы бақылауға болады.

Ақпан айының ортасында 9 «Б» класс жетекшісі А.М.Мұхамбетәзиев «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң» атты 9-класс оқушыларымен дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстел барысында заңнама аясындағы іс-әрекеттер талданып, Қазақстан Республикасының Конституциясы шеңберіндегі заңдар айтылып, ескертілді.

Наурыз айында құқық пәнінің мұғалімі Төлеубайқызы Гүлденнің өткізуімен 9-10 класс оқушыларына арналған «Әділет таразысы»тренинг өткізілді.Тренинг барысында оқушылар Жаңа Қазақстанның азаматы ретінде өз құқықтары туралы айтып, саналы азамат ретінде жемқорлыққа жол берілмейтінін баса айтты. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелері «Біз жемқорлыққа қарсымыз» атты брушер –таратпаларын таратты.Мақсаты : қоғамды жемқорлыққа қарсы үндеу.

«Әділет жаршысы» атты мектеп оқушыларынан құралған дебат клубы мүшелері арасында сәуір айында «Жемқорлықсыз қоғамға қадам» тақырыбында дебат өткізілді. Дебат барысында екі жақсы спикерлердің пайымдағандары қарап,шынымененде жемқорлықсыз қоғамға қадам басатын ұрпақ өсіп келе жатқаны байқалды. «Жемқорлықпен күресу-басты міндетіміз» тақырыбында 8-9-класс жетекшілері П.Т.Биханова, А.Б.Исенбаева, К.А. Нұрғалиеваның ұйымдастыруымен класс оқушыларына сыныптан тыс іс-шара өткізілді. Іс-шараның мақсаты :

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы мектеп дәлізінде арнайы ақпараттық стенд жаңартылып қойылды. «Сенім телефонымен» және бірінші басшылардың жеке қабылдау кестелері ақпараттық стендтке орнатылды, сол сияқты жеке және заңды тұлғалар үшін «сенім телефоны» мен арыз-шағымдарға арналған «Сенім жәшігі» мектептің бірінші қабатының дәлізінде орналастырылып, жұмыс істеуін жалғастыруда.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын тауып, үнемі бас назарда бола бермек.

ТАЛАП ҚҰНДЫЛЫҒЫ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАР

10 ақпан, 2024 ж №86 бұйрығы негізінде мектебімізде «Ішкі тәртіп ережесін» сақтау және орындау, тәртіпті қамтамасыз ету және қосымша қоғамдық жұмыс ретінде 5-11 класс оқушыларының тәртібін бақылау және құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының "Талап" құндылығы негізінде ақпан айының 12-нен бастап мониторинг жүргізілді. Мониторинг төмендегідей критерий бойынша өткізілді:

- Класс оқушыларының сабаққа кешікпеуі;
- Класс оқушыларының сабаққа қатысымы;
- Класс оқушыларының мектеп формасының сақталуы;
- Класс оқушыларының гигиеналық тазалығы.

Мониторинг қорытындысы 5-8 класс арасында ай сайын, ал 9-11 класс аралығындағы 2 аптада бір рет қорытындыланып отырды.

Мектеп басшысының бұйрығымен 5-6 кластарды бақылау жұмысы мектептің дефектолог мамандары Ж.Байтохинаға, Н.Игібаеваға, А.Мукатоваға, 7-8 кластарды бақылау жұмысы мектептің әлеуметтік педагогтері А.Абдуллинаға, А.Назароваға, И.Баймукашеваға және 9-11 кластарды бақылау жұмысы мектептің психолог мамандары С.Жадырасыноваға, А.Хасеноваға, А.Алдамжароваға жүктелді.

Жеңімпаз кластарға ауыспалы кубок және кинотеатрға сертификат табысталып, мектептің бюджет қаражаты есебінен кинотеатрға 600 билет сатып алынды.

Наурыз айының қорытындысы бойыншы 17 сәуір күні төмендегідей кластар анықталып кинотеатрға барды:

№	Класс	Класс жетекшісі	Бала саны	Мұғалім саны
1	11 «Б»	Карабасова А.Е.	21	2
2	9 «В»	Аманғосов А.Қ.	30	2
3	9 «Б»	Мұқамбетәзиев А.М.	23	2
4	9 «Ә»	Исенбаева А.Б.	26	2
5	5 «Б»	Құлынтаева Қ.М.	28	2
6	6 «Қ»	Қоңыратбаева А.Ж.	29	2
7	7 «Б»	Елеу Қ.М.	26	2
8	8 «В»	Ешова А.К.	25	2
Барлығы		224	208	16

Сәуір айының қорытындысы бойыншы 15 мамыр күні төмендегідей кластар анықталып кинотеатрға барды:

№	Класс	Класс жетекшісі	Бала саны	Мұғалім саны
1	5 «А»	Романова М.К.	25	2
2	6 «Л»	Сабыр Ж.	23	2
3	7 «К»	Пашанбай Е.	28	2
4	8 «Ә»	Алшағырова Т.	28	2
5	10 «Б»	Сыдыкова Ж.А.	24	2
6	9 «Г»	Ибатова Р.	27	1
7	НВП оқушылары	Мұқаш Б.	20	1
Барлығы		187	175	12

Мамыр айының қорытындысы бойынша 22 мамыр күні төмендегідей кластар анықталып кинотеатрға барды:

№	Класс	Класс жетекшісі	Бала саны	Мұғалім саны
1	5 «Б»	Құлынтаева Қ.	28	2
2	5 «Ә»	Сырбаева С.	26	2
3	5 «В»	Қожахметова А.	27	1
4	6 «К»	Маратова О.	24	1

5	7 «В»	Досан М.	25	1
6	8 «Қ»	Мұхтарова К.	25	2
7	10 «В»	Канаева Б.	24	1
Барлығы		189	179	10

Мониторинг нәтижесінде алынған барлық ақпаратты сараптай келе төмендегідей тұжырымға келуге болады. **Свод талдауын** ұсынамын: **әлді тұстары:** оқушылардың жоғары қызығушылығы мен жауапкершілікті түсінуі, бәсекелестікке ұмтылуы, класс жетекші мен оқушылардың қарым-қатынасының жақсы жағына қарай дамуы, мектептің ішкі тәртіп ережелерінің тұрақты талапқа сай орындалуы, класс оқушыларының ұйымшылдықтың артуы және класс жетекші мен ата-ана арасындағы жұмыстың артуы, ата-аналардың да жауапкершілікті сезінуі және қызығушылық танытуы. **Әлсіз тұстары:** кейбір класс жетекшілердің талапты қоя алмауы және класс жетекшілердің ақпаратты жалған беріп әділетті қорытынды шығаруға кедергі болуы (класс жетекші 100 пайыз қатысым береді, алайда тексеру барысында ақпараттың дұрыс болмағаны анықталды) кейбір критерии талаптарының бағалануы қайта қарауға тура келді, яғни оқушылардың сабаққа қатысымын бақылау және бағалау барысында класс жетекшілер тарапынан наразылық болды. Мысалы: оқушы нақты себеппен атап айтсақ, бұйрық негізінде жарыстарға босатылу, денсаулық жағдайына байланысты сабақтан қалып дәрігердің анықтамасын әкелген жағдайында қатысым 100 пайыз болып есептеліп, шектік балл қойылуы керектігі айтылды.

МЕКТЕПТЕГІ КӘСІПТІК БАҒЫТ- БАҒДАР БЕРУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Кәсіптік бағдар беру мектеп бітіретін оқушылардың өзекті мәселелерінің бірі. Қазіргі заманда медиа кеңістіктерден көптеген ақпарат алуға мүмкіндік бар екеніне қарамастан, мектептегі оқушылар болашақ мамандықты таңдауда қиындықтарға тап болады.

Өкінішке орай, студенттер өздерінің қалаған мамандықтарын айтқан кезде, ересектер (ата-аналары, туыстары, мұғалімдері немесе достары болсын) дұрыс бағдар бермеуі мүмкін. Әр мұғалімнің міндеті - білім алушыларға өзінің қабілетін барынша жүзеге асыра алатын мамандықты таңдауға көмектесу.

Статистикаға сүйенсек, оқушылардың тек 12-15% -ы жоғары оқу орнына қандай мамандыққа түсетінін біледі, ал қалған 85-88% -ы өз құжаттарын қай мамандыққа жинайтынын білмейді. Оқушыларды ақпараттандыру мақсатында мектеп психологтары 9, 11 класс оқушылары арасында Климов Евгений Александровичтің тест сауалнамсын жүргізді. Сауалнама тестті өткеннен кейін, оқушылар сауалнама тестінің нәтижелерімен танысты.

Түсіндіруде мамандықтардың бес түрі бар:

- ✓ "адам-табиғат" - өсімдік шаруашылығымен, мал шаруашылығымен және орман шаруашылығымен байланысты барлық кәсіптер;
- ✓ "адам-техника" - барлық техникалық мамандықтар;
- ✓ "адам-адам" - адамдарға қызмет көрсетумен, қарым-қатынаспен байланысты барлық кәсіптер;
- ✓ "адам белгісі" - есептеулермен, цифрлық және әріптік белгілермен байланысты барлық мамандықтар, оның ішінде музыкалық мамандықтар;
- ✓ "адам-көркем бейне" - барлық шығармашылық мамандықтар.

Е. А. Климовтың сауалнама тестін өткізгеннен кейін оқушылардан ақпарат алу үшін 9-класс бітіріп колледжге түсетіндер және 10-классты жалғастыратындар оқушылар туралы мәліметтер жиналды.

Класс жетекшілерге ұсыныстар берілді: әртүрлі кәсіптермен тығыз танысу мақсатында кәсіптік бағдар беру класс сағаттарын өткізу, колледждерге оқушыларымен бірлесіп бару.

Оқушылармен үнемі бағыт бағдар мақсатында психологтармен топтық және жеке әңгімелесу жұмыстары жүргізілді.

Әңгіме мақсаты: оқушыларға кәсіптік бағдарлау мәселесінде көмектесу, оқушыларды өз қасиеттерін анықтауға үйрету, оқушыларды мамандық таңдаудағы қателіктер туралы таныстыру.

Оқушыларда сұрақтары мен мәлімдемелері болды: қашан құжат тапсыру керек? Тест

нәтижесі бойынша қандай мамандықтар бар? 9-класстан кейін колледжге түсу жақсы ма, әлде 11-классқа кейін университетке түсу жақсы ма? Егер ата-аналар колледжге түсуге рұқсат бермесе, оларға өз қалауын туралы қалай түсіндіруге болады? Мен 9-сыныптан кейін колледжге түскім келеді, бірақ әлі мамандық туралы шешім қабылдаған жоқпын. Мүмкін мен ешқайда бармаймын, бірақ әскерде қызмет етемін. Мен ата-анам айтатын жерге барамын. 9-класстан кейін грантқа түсуге бола ма? Қандай мамандықтар қажет етіледі? Мектеп бітіріп әскери борыш өтуге кетсем қалай болады, әлде жоғары оқуды бітіріп барған дұрыс па? және т. б.


Балалар кәсіби бағыт-бағдар тақырыбына өткен сабақтар мен әңгімелесу қызығушылық танытты, әр түрлі пікірлер айтты.

Оқушылармен әңгімелесу барысында оқушыларды алаңдататын сұрақтарға жауаптар айтылды, оқу орындарына түсу туралы қате пікірлерді теріске шығарылды, сондай-ақ белгілі бір мамандыққа түсу кезінде басымдықтар айтылды. Оқушыларға келесі кеңестер берілді: мамандық таңдағанда, ең алдымен ол туралы сенімді ақпаратты білу керек; кірістілікке назар аудару; достарымен бірге "компания үшін" мамандықты таңдамау (өйткені осылайша мамандық таңдауда қателесуге болады); жеке қабілеттеріңіз бен дағдыларыңызды ұйғару керектігі айтылды; мамандық таңдауда құзыреті жоқ адамдардан кеңес сураудан бас тарту және оқушыларға кез келген уақытта көмек сұрай алатындығы туралы тағы да ескертілді.


11 класс оқушылардың қандай сала таңдайтының білу мақсатында, оқушыларға сауалнама жіберілді.

Сауалнамаға жауап берген оқушы саны: 57.


Класс
57 ответов




Направление профессий
57 ответов



Направление профессий
57 ответов



[Копировать](#)



Сауалнама нәтижесінде таңдалған мамандықтар, олар:

- педагогикалық мамандық – 40,4%
- медициналық мамандық – 19,3%
- құқық мамандығы – 12,3%
- шығармашылық мамандықтар – 8,8%
- техникалық мамандықтар – 5,3%
- ғылым мамандықтары – 3,5%
- информатика мамандықтары – 3,5%
- экономикалық мамандықтар – 3,5%
- авиациялық және теңіз кәсіптері – 1,8%
- ауыл шаруашылығы қызметкерлері – 1,8%

Абай атамыз: "Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалам" демекші кәсіп таңдап, жұмыс табу үлкен өмірге қадам басқан жастардың басты мұрат-мақсаты десек артық емес. Осы орайда, 11 - класс оқушылары арасында " Өз болашағыңды өзің жаса!" тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Оқушыларға мамандықтар туралы мәлімет беріліп, тұлғалық және кәсіби өзін өзі табуына, таңдау еркіндігінің дұрыстығына бағыт бағдар беріліп, оқушыларға психологиялық қолдау жүргізілді.

СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕР ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІГІНІҢ ЖҰМЫСЫ

2023-2024 оқу жылы барысындағы тәрбие жоспары «құндылықтарға негізделген тәрбие» жобасы аясында жасақталған, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, заманауи білімдерді меңгерген, бәсекеге қабілетті, салауатты ұрпақ тәрбиелеу жүйесі болып табылады.

Құндылық дегеніміз біздің ойымыз бен мінез-құлқымызды басшылыққа алатын принцип. Бұл жоба мектептің тәрбие жүйесін жүйелендіруге бағытталған, құндылықтар жүйесі мектебіміздегі тәрбие үрдісін толыққанды қамтиды және тәрбие жүйесін жүйелендіруге көмектеседі.

Жобаның басым бағыттары: тәрбиенің негізгі үш құндылығын қамтиды. олар - қазақстандық патриотизм, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту, білімнің салтанат құруы, бәсекеге қабілеттілік, еңбекқорлық, функционалдық сауаттылық, өнерге құштарлық, отбасын дәріптеу.

Бұл жобадан күтілетін нәтиже:

- қазақстандық патриотизм
 - азаматтық сана-сезім
 - толеранттылық
 - жалпы және құқықтық мәдениет
 - салауатты өмір салты
 - шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыру
 - өзін-өзі кәсіби анықтауды қалыптастыру
 - бос уақытын тиімді қамтамасыз ету
- бойынша даму сатыларының көрінісі күтіледі.

Жобаның негізгі мәні – бастауыш, орта және жоғары сынып оқушылары бойында белгілі бір тәртіппен бірізділік негізінде жүйелі құндылықтарды қалыптастыру болатын. Осы орайда Д. Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясында 20.02.24.- 01.03.24 аралығында өткізілген «Үш құндылық һәм үш қуаттылық» тақырыбындағы сынып жетекшілердің 10 күндік іс-шаралар жоспарланып өткізілді.

МАҚСАТЫ:

Бала тәрбиесі дәстүрлерінің өзекті негіздері: тілі мен діні, тарихы мен салт-дәстүрі, рухани - материалдық және мәдени құндылықтары төңірегіндегі танымын, рухани-мәдениет саласындағы білімін кеңейте отырып, өз өмірі мен кәсіби іс- әрекетінде ұлттық бала тәрбиесі тәжірибесін қолдануға баулу.

МІНДЕТІ:

- Ұлттық рухының кемелдене түсіп, туған халқына қызмет ету бағытындағы парыз қасиетінің қалыптасуына бағдар беру.
- Ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу, ұлттық құндылықтар — біздің тіршілігіміз, бабаларымыздан қалған асыл мұра екенін түсіндіру.
- Адамгершілікке, адал достықты жалған достықтан, әділеттілік пен әділетсіздікті айыра білуге тәрбиелеу.

Жалпы іс-шаралар әр-түрлі тәрбие бағыттарын қамтыды. 1 «Ж» сынып жетекшісі Ч.Ж. Рышованың «Дос және достық», 2 «Ә» сынып жетекшісі Р.Т. Ералинаньың «Қауіпті ойындар» («*Ғаламтор қауіпсіздігі*» жобасы) , 2 «В» класының "Дұрыс тамақтану" тақырыптарындағы тәрбие сағаттары ата-аналарымен бірлесіп өткізді. Іс-шара барысы ұлттық рухының кемелдене түсіп, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге негізделді.

20 ақпан күні 4 «Г» класында ата-анамен бірлескен форматта «Ұрлық түбі қорлық» тақырыбында ашық тәрбие сағатының мақсаты Құқықтық тәрбиенің өмірлік қажеттілігін оқушыларға түсіндіре отырып, құқықтық тәрбиенің, жігердің қоғамда маңызы зор екендігін түсіндіре отырып, құқықтық сауатқа тәрбиелеу ортасын құру, өз ойларын еркін айтуға үйретуге бағытталды. Тәрбие сағатында оқушыларға ұрлық жасаудың адам өміріне қаншалықты теріс зиянды әрекеттердің орын алатындығы туралы айтылып, тақырыпқа байланысты бейнежазбалар көрсетіліп, сұрақтарға жауаптар алынды. Оқушылар топта бір-бірімен топ ережесін сақтап, жұмыс жасады. «Хлеб всему голова!» тақырыбында 3 «П» класында ата-аналармен бірлесіп 24 ақпан күні өткізілген тәрбие сағатының мақсаты ас атасы-Нанның басты тағамдары бірі екендігін балаларға тәрбие сағаты барысында ата-аналар көрнекілік ретінде нан түрлерін көрсетіп, әр нанның әзірлену жолдарын және құрамын оқушыларға түсіндірді. Оқушылар Нан түрлерін көріп, танысты.



Тәрбие сағаты барысында қойылған сұрақтарға нақты жауаптар алынып, оқушылар сабаққа белсенді қатысты. 3 «Н» класында «Не скучная лаборатория» тақырыбында ата-аналармен бірлескен тәрбие сағаты өткізілді. Ата-аналар түрлі лабораториялық іс-тәжірибелерімен бөлісіп, оқушылар берілген тапсырмаларды мұқият орындап, көрсетілген лабораториялық тапсырмаларды орындады.

23 ақпан күні 4 «Б» класында «Буллинг және оның алдын-алу» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағаты барысында оқушылар бір-бірімен дос болу, бір-біріне көмектесу үнемі жақсылық жасау, достарына деген жанашырлық таныту керектігі туралы қойылымдар қойылды. Видеороликтер көрсетіліп, Буллингтің алдын-алу туралы түсініктер берілді.

21- ақпан күні «Үш құндылық һәм үш қуаттылық» тақырыбында тәрбие бөлімінің онкүндігінің жұмыс жоспарына сәйкес 5 «И» класының ата -анасы Акбалина Ж.А класс оқушыларымен «Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына» атты сынып сағатын өткізді.

Оқушылармен отбасы құндылығы, отбасындағы қарым- қатынастар мен отбасының мүшелерінің міндеттері жайлы пікір алм асу болды. Оқушыларға сынып сағаты қызықты болып, еркін түрде өз ойларын жеткізе білді.

5 «П» класс жетекшісі Бахитова Динара Колганатовна класс оқушыларымен «Дружба-богатство бесценное» атты сынып сағатын өткізді. Тәрбие сағатының мақсаты - Оқушыларға дос, достық туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым-қатынасын нығайту. Оқушыларды адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу, өзімшілдіктен, менмендіктен тағы басқа жаман әдеттерден аулақ жүруге үйрету. Оқушылардың адамгершілік қасиетін, бір-біріне деген достық сезімдерін нығайту.

«Үш құндылық һәм үш қуаттылық» тақырыбында тәрбие бөлімінің онкүндігінің жұмыс жоспарына сәйкес 21- ақпан күні 5 «Б» класс ата -анасы Берстенова Гүлдана Аманғалиқызы класс оқушыларымен «Ұлттық құндылық-ұлт қазынасы» атты сынып сағатын сағатының мақсаты - : оқушылардың бойына халқымыздың асыл қадір-қасиеттерін сіңіру; үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай еске сақтауға және салт-дәстүрден нәр алып өсуіне, инабаттылыққа, мейірімділікке, жаман мен жақсыны ажырата білуге, ата сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу.

Онкүндігінің жұмыс жоспарына сәйкес 23 ақпан күні «Сенім арту- жетістік кепілі» тақырыбында әкелермен кездесу іс –шара «Мен үшін әке болу – бұл.....» тренингінен басталды. Дөңгелек үстел барысында әр отбасындағы әкелердің рөлі, отбасының асыраушысы, отбасы мүшесінің тірегі, қамқоршысы ретінде постер қорғалды. Сонымен қатар ситуациялық сұрақтар арқылы әр әке балаға берер тәрбие туралы өз ойларын айтып өтті. Шара соңында «Киелі шаңырақ» арқылы іс -шарадан алған әсерлері мен жылы лебіздерін білдірді. Ұйымдастырушылар: Сырбаева С. С,Кужахметова А. С., Ажибаева Г.У. Конаратбаева А.Ж

28 ақпан күні «Абайдың «Толық адам» ілімі» тақырыбында ашық сабақ 6 «Ж» класында өткізілді. Тәрбие сағаты «Абай музейіне»- саяхат арқылы басталды. Оқушыларға Абай үшін толық адам болған – рухани жетілген, жан-жақты дамып жеке тұлға болып қалыптасқан, кеміліне келген адам екені түсіндірілді. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін мәнерлеп жатқа оқып, сол өлеңде айтылатын 5 асыл істі және қандай 5 істен қашу керек талқыланады. «Менің кітапшам» әдісі бойынша берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналы тіркестер тауып жазды. Тапсырманы орындап болғаннан кейін,оқушылар тақтадаға осы тапсырманы орындау барысында бойға қандай құндылық сіңіре алды соны ретімен ілді. Сонымен қатар балалар бұл ұғымдардың барлығы барлық «Адамда» болу керек. Ал, Абай сипаттаған толық адам кім? деген сұрақтарға жауап берді.Тәрбие сағаты соңында «Шырақ» әдісі арқылы топқа бөлінген шамдарға шырақ жағылады.

Сонымен қатар 6- класс жетекшілері «Көңілді қоңырау» ұйымдастыру арқылы оқушылардың үзіліс кезіндегі уақыттарын тиімді әрі қызықты өткізе алды.

26 ақпан күні «Әр нәрсенің өлшемі бар» тақырыбында аналармен кездесу іс – шараны жарқын көңіл-күйді қалыптастырып алу мақсатында « Бірге караокемен ән шырқайық» деп, халық әні «Көзіннің мөлдірін -ай» әсем әнімен бастады. «Әр нарсенің өлшемі бар...» оның ішінде «Қажет» пен «қалау» арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады деген тақырыпта аналармен ой бөлісті. Ата-аналардың жасөспірімнің талаптары мен қалауы арасындағы тепе-теңдікті ұстау қабілетін дамыту, ата-аналар мен балалар арасындағы жағымды қарым-қатынас дағдыларын дамыту мақсатында өткізілетін іс-шара екі бөлімнен тұрды: «Ақпараттық» және «практикалық» Ақпараттық бөлімі бойынша алғашқы сөз 8 «Ә» класс жетекшісі Т.С. Алшағырова алды.

«Қажет» пен «қалау» арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады деген тақырыпта жасөспірімнің қажеттіліктері мен тілектері, оның мінез-құлқындағы қиындық белгілері, жағымсыз эмоциялармен жұмыс істеу алгоритмі, өзін-өзі реттеу жолдары және

жасөспірімдер ортасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жолдары туралы өз ойларын білу үшін аналарды «Қалау» және «Қажет» деп топқа бөліп, постер қорғады. Сонымен қатар, аналардың жақсы әсер алуы үшін әнде айтылып, биде биленді. Ата-аналар мен жасөспірімдер арасындағы негізгі түсініспеушіліктер үлкендердің талаптары балалардың қалауына сәйкес келмейтіндіктен туындайды. Бұл жағдайдағы басты міндет – екі жаққа да сәйкес келетін шешім табу. Біз баламен қалай келісуге болатынын және «қажет» пен «қалау» арасындағы тепе-теңдікті қалай табуға болатынын білу үшін ситуациялық сұрақтарға жауап беріліп, іс – шара «Өзіме – көршіме» тринингімен және ДТЖО-ы Индира Сериковнаның сөзімен аяқтады.

Ұйымдастырушылар: Досан М.М, Биханова П.Т, Ғұбайдуллина В.Н, Бекетова Г.К, Алшағырова Т.С

7«А» сыныбында «Достық - өмірлік нұсқа» тақырыбында ашық тәрбие сағаты оқушылар адал достық пен амал достықтың аражігін ажыратып, нағыз шынайы достың келбеті қандай болатындығы жайлы ой қозғады. Ашық тәрбие сағатын кластың белсенді ата-анасы Назарова Бакытнур Бердиевна өткізді.

Класс жетекші: Бүркіталы А.М.



Сонымен қатар, 6-7 класс жетекшілері «Көңілді қоңырау» ұйымдастыру арқылы оқушылардың үзіліс кезіндегі уақыттарын тиімді әрі қызықты өткізе алды.



«ҮШ ҚҰНДЫЛЫҚ ҺӘМ ҮШ ҚҰАТТЫЛЫҚ» тақырыбы аясында мектебімізде тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен бастау алған онкүндіктің бейсенбі күнінде класс жетекшілері Елеу Қ., Ертемір А. Б.А. Ысқақов пен А.М. Бүркіталы үзіліс кезінде оқушыларға «Көңілді қоңырау» сергіту ойынын өткізді.



“Алтын сақа” асық жарысы да назардан тыс қалмай оқушылардың ой-өрісін, ептілік, мергендік, шапшандық қасиеттерін дамытуға бағытталды. Оқушыларды ұлттық ойындарға қызықтыра алған Н.Т Айдарханов, Б.А Ысқақов сынды класс жетекшілердің мақсаты да ұлттық құндылықтарды пайдалану арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу болатын.

8 Ж класында өткізілген «Қыз тәрбиесі қоғам тәрбиесі» атты тәрбие сағаты қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көріктілік, ептілік, инабаттықтылық, кішіпейілділік, сұлулық т.б. жан-жақты ұлттық қасиеттерін таныту. Оқушылар класс жетекшісінің берген ақпаратымен таныса отырып, өз ойларын ортаға салды. Түрлі ситуациялық сұрақтар қойылып талқыланды. Мектеп медбикесі әрі ата-анасы Утаева А қыздарға «Жеке бас гигиенасы» туралы мағлұмат берді. Жас ерекшеліктеріне сай физиологиялық және психологиялық ақпараттар айтылды.

«Үш құндылық һәм үш қуаттылық» атты класс жетекшілер онкүндігі аясында 9а класында К. Нургалиеваның «Интернет және бала психологиясы» тәрбие сағаты мақсаты: Интернетке тәуелділікті болдырмау, шектен тыс әлеуметтік желіде бос уақыттарын зая кетірудің салдарын, интернетті шамадан тыс пайдаланудың бала психологиясына әсерін көрсету.

Оқушылар 4 топқа бөлініп өз ойларын ортаға салу арқылы интернеттің шығу тарихы туралы айтса, гугл тобы түрлі сайттар тралы баяндады. Әлеуметтік желілер қазіргі таңдағы байланыстың басты құралына айналға ұялы телефон мен кең тараған инстаграмм, ватсап секілді желілірді пайдалану туралы мағлұмат берді. Ал 4 нші бала психологиясы тобы осы интернеттің бала психологиясына әсерін баяндап ситуациялық сұрақтар қойды. Шынайы әлем мен виртуалды әлем туралы көрініс көрсетілді. Психологиялық тренинг өткізіліп қысқаша мінездеме берілді. Сабақ соңында оқушылар ұялы телефонға фотоға түсіп кері байланыс жасады.

Қорытынды кезеңінде оқушылар мен қатысушы ұстаздарға алғыс айтылып, әр балаға интернеттің зиянды жақтарын үнемі есте сақтап керек деген жүреді деген ой тастады.

19-29 ақпан аралығында «Үш құндылық һәм үш қуаттылық» тақырыбында класс жетекшілер онкүндігі аясында 11 «Ә» класында «Атадан өсиет, анадан қасиет» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатын класс ата анасы Табынбаева Г өткізді. Тәрбие сағатының мақсаты оқушыларды отбасы құндылығымен туралы түсінің беру, әке мен ананың отбасындағы рөлін түсіндіру болды. Оқушылар өздерінің ойларын ашық жеткізе білді, ата мен ананың отбасындағы рөлін ұғынды. Отбасы құндылықтары, дәстүрлері жайлы мәселелер қозғалды.

19-29 ақпан аралығында «Үш құндылық һәм үш қуаттылық» тақырыбында класс жетекшілер онкүндігі аясында 11 «А» класында «Болашағың өз қолыңда» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатының мақсаты оқушыларды мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту; оқушылардың өмір туралы, мамандықтар туралы көзқарасын дамыту, алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу, таңдаған мамандығының өз бейімділігі мен қабілетіне сәйкес келуін нақтылау, өз - өзін танудың жалпы әзірлігін қалыптастыру.

Сол онкүндік аясында 28 ақпан күні 9-11 класс ата-аналарымен «баланың бас ұстазы- ата-ана» тақырыбында кездесу кеші өткізді.

Кеш мақсаты: Ата - ана мен бала арасындағы сенімді сыйластықты, бір - біріне деген сезімді нығайту. Ата-ана - отбасының негізгі діңгегі, бастапқы дәнекері екенін ескеріп, мектеп, ата-ана, ұстаз болып бірігіп, сапалы білімді, саналы тәрбиелі, салауатты ұрпақты тәрбиелеу болатын.

Шара барысында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының мақсат міндеті таныстырылып, кәзіргі тәрбие барысындағы бала тәрбиесіндегі үш құндылық туралы ата-аналарға топтық жұмыстар беріліп, өз ойларын ортаға салды. Мектеп психологтары да шара барысында ата-аналардың отбасындағы рөлін әр түрлі тренинг ойындары арқылы

сипаттады. Сонымен қатар жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылыққа байланысты экраннан көрсетілген шағын бейнефилімдерге ата-аналар ойларын ашық ортаға сала отырып, ситуациялық сұрақтарға жауап берді

Шара соңын көктемнің алғашқы күні 1 наурыз «Алғыс айту» күніне орай болғандықтан, келген кеш қонақтары мен ұстаздар «Алғыс» әнімен қорытындылады.

2023-2024 оқу жылындағы тәрбие құндылықтарын жүзеге асыру мақсатында мектепте өткізілген Аналармен кездесу, Әкелермен кездесу, ата-аналармен бірлесе жұмыстар атқару, жас ерекшеліктеріне байланысты класс оқушыларымен жұмыстар жүргізу барысында жас класс жетекшілер де қамтылып, мектеп өміріне ата-аналарды араластыру, бала тәрбиесінде кездесетін проблемалық сұрақтарды бірлесе шешуде жұмыстар атқарылды. Сонымен қатар, класс жетекшілердің онкүндігі аясында жас класс жетекшілер ашық тәрбие сағаттарын өткізді. Атап айтсақ, Аралбаева Ақерке ата-аналармен дөңгелек үстел өткізді, Ешмұханова Ақмарал ашық тәрбие сағатын өткізді, жас жетекшілердің барлығы класымен бірге ұйымдастырылған чирлидингке қатысып, оқушымен жұмыс жасауда ауызбіршілік таныта білді.

Тәрбие сағаттарына тәжірибелі класс жетекшілер әдістемелік көмектер көрсете отырып, өткізілген тәрбие сағаттарына қатысып, ойларын білдірді, ұсыныстарын жеткізді. Жас жетекшілер үнемі тәжірибелі жетекшілерден кеңестер алып, үздіксіз байланыста жүретіндерін жеткізіп отырады.

Құқықбұзушылықтың алдын алу және болдырмауды ұйымдастыруға бағытталған кешкі рейд жұмыстарына жас класс жетекшілер де шығып тұрады.

Жас жетекшілермен жұмыс жүргізу мен әдістемелік көрстеу жұмыстары жыл бойы үздіксіз жүргізіліп отыратын болады және класпен жасалатын жұмыстары үздіксіз бақылауда болады.

Жас класс жетекшілер саны -23, оның үшеуі биыл класс алғандар Елеу Құралбек, Аралбаева Ақерке, Касымкулова Фарида.

2023-2024 оқу жылының аға тәлімгерлік бойынша жылдық жұмыс есебі

Тәлімгер мектептің тәрбие жұмысына үнемі атсалысып, балаларға қамқорлық көрсететін, тәрбие мен өнерді үйретуші, үйлестіруші жан. Өйткені, тәлімгер балалардың ортасында жүріп, олардың қоғамдық жұмыстарға араласуына, жан-жақты болып өсуіне бірден-бір септігін тигізетін тұлға.

Баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыру үшін, ең алдымен тәлімгердің өзі соған лайықты болу керек. Шындығына келгенде, тәлімгердің өзі өзгеге үлгі боларлықтай болу керек. яғни, оның бойынан барлық адамгершілік қасиеттер: мейірімділік, қарапайымдылық, әділдік, т.б. табылуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық қазыналар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасау», - деп ерекше атап көрсетілген. Осы заңның 8-бабында: «Білім беру мекемелеріндегі тәрбиелеу бағдарламалы этномәдениет элементтерімен байытылады», - делінген.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде ең берекелі, ең парасаттысы – халықтық педагогика. Халық педагогикасы – халық түйген тұжырымдар, ғасырлар бойы сұрыпталған тәжірибелер. Бұл туралы ұлы педагог К. Ушинский: «Тәлім – тәрбие дәрменсіз болмауы үшін, ол халықтық болуы тиіс», - деп орынды айтқан болатын.

2023 жылдың 5 қыркүйегінен бастап Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектепте аға тәлімгер болып жұмысқа тұрдым. Жұмысқа қабылданғаннан кейін, ең бірінші орында 2023-2024 оқу жылына арналған жоспар құрылды. Әр апта сайын жұмыстар апталық жоспарға енгізіліп, бекітіліп, жүргізіліп отырды. Бұйрық бойынша өзгеріске ұшыраған жұмыстар шегеріліп, ауыстырылып отырды.

Қыркүйек айы бойынша оқушылардың белсенділігі мен шығармашылығы тексеріліп, бақыланды. «Әрекет ету уақыты» атты мектепшілік дебат ұйымдастырылды. Қатысқан оқушылардың облыстық деңгейде еркін жұмыс істей алатыны көрінді.



«Жас Ұлан» ұйымымен, дебат қатысушылары және «ЖасINVENT» оқушылар ұйымы бірлескен «Адал ұрпақ» атты слет өткізілді. Бірлесе көтерген жүк жеңіл демекші, мектеп оқушыларын тек қана өзара емес, сырттағы қоғамдық жұмыстарға араластыру қозғалды. Қарттар күніне арналған арнайы шара ұсынылды. Мектептің өнерпаздары қарттар үйінде ғана емес, мектепте де өнерлерін паш етті.



Қазан айы бойынша «Ұстаздар күніне» орай арнайы видео түсірілді. Оқушылар өз қолдарымен сыйлық жасап, мұғалімдерге әдемі көңіл күй сыйлады. Сурет көрмесі ұйымдастырылды. «Менің сүйікті ұстазым» атты көрмеге бастауыш сынып оқушылары белсене қатысты, марапатталды.



Дублер күні өткізілді. 9-10-11 сынып оқушылары өздерін мектеп мұғалімдері есебінде жақсы жағынан көрсете білді.



Мектеп президентіне үміткерлерді қабылдау басталды. 21-қазан күні сайлау өтіп, 27-күні сайланды (бұйрық бойынша). Үміткерлер тарапынан бар болғаны 2 үміткер қатысты. Класс жетекшілер белсене қатысты дей алмаймын. Оқушылардың көбісі бейхабар, және ынталану бағыты болмады.



24-і күні «Республика күніне» орай арнайы оқушылардың мектепке арналған мерекелік кино-концерті атап өтілді. Тек қана оқушылардан құралған бұл концерт жанры өзгеше форматта орын алды. Соңғы өзгерістерге байланысты, видео мен техникадан ауытқушылықтар болғанымен, оқушылар жоғарғы деңгейде концертті алып шықты.



Қараша айында «Жас Ұлан» ұйымы мүшелерінен сауалнама алынды, арнайы видео жарияланды, «Әлем балалар көзімен» атты сурет көрмесі өткізіліп, мектеп парламенті стендасына фото түсірілді. Мектеп парламенті мен «Жас Ұлан» ұйымы мүшелерінің қызығушылығы мен өнерлерінің шешімі көрінді.



«MR and MRs autoum» атты 9-10-11 сыныптар арасында күзгі балл өткізілді. Оқушылар өнерін көрсете отырып, класс жетекшілері мен бірге белсенді болды.



Желтоқсан айы бойынша жаңа бұйрыққа сәйкес «Жас Ұлан» ұйымы мен «Жас Қыран» ұйымына қабылдану болмайтын болды. Алайда, мен жаңашылдық танытқан, өнерлі, тапқыр оқушыларды таңдап алып, «Жас Ұлан» ұйымының 7 бағыты бойынша жаңа мүшелерін тағайындадым. Олардан сауалнама алынды. «Көңілді қоңырау» атты үзілісте әр түрлі оқушылармен көңілді уақыт өткізілді. Жаңа жылға арналған 9-10-11 сыныптар арасында мерекелік шараны мектеп президентімен бірге өткіздік. Оқушылар өздерін жаңа қырынан ашып, танытты.

Екінші жартыжылдық ебойынша, мектепішілік көптеген ауқымды жобалар орын алды.

Қысқы каникул уақытында «Жас өнерпаз Жұлдыз бол» бағдарламасы аясында мектепте кастинг өткізіліп, бірнеше талантты да дарынды оқушылар іріктеліп, көзге түсіп, алдағы өтетін шараларға шақырылып, аспаптық этно-рок тобы құрылған болатын.



Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев атамyzдың 112 жылдығына арналған қалалық жарыста мектеп парламенті мүшелері сырттан келген оқушылардан сұхбат алды.



20 ақпан күні «Қонаев аруы 2024» арулар байқауы өткізілді. Байқау 5 кезеңнен тұрды.

Аруларымызға төрелік етуге «Жұбанов аруы – 2019» Алдиярова Назерке және Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің баспасөз хатшысы, тележүргізуші Әсел Бақбергенқызы келіп, төрелік жасады.

15 оқушы қатысып, оның ішінде 8 «Б» сынып оқушысы Амангалиева Динара бас жүлдені қанжығасына байлап, облыстық «Мектеп аруы – 2024» байқауына тікелей жолдама алды.



1 наурыз Алғыс айту күніне орай «Жас Ұлан» ұйымы белсенділері мектептегі мұғалімдерге тосын сый жасап, алғыстарын айтты.



Қалалық «Көктем аруы 2024» байқауына 10 «А» сынып қушысы Табынбай Қарақат екі кезеңнен тұратын байқауда 36 мектептің ішінен жүлделі бірінші орын иеленді.



16 наурыз күні Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күніне орай 100 оқушы домбырашылардың орындауымен Ә.Желдібаевтың «Ерке сылқым» күйімен арнайы түсірілім болды.



20 наурыз күні «Қонаев аруы 2024» байқауының жеңімпазы облыстық мектепаралық «Мектеп аруы 2024» байқауына қатысып жүлделі бірінші орынды иеленді.



«31 наурыз Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі Қ.И.Сәтпаевтың туғанына 125 жыл» толуына орай 26 наурыз күні «Әділет жаршысы» дебат клубымен біріге отырып, қалалық пікірсайыс турнирі өткізілді.



6 сәуір күні мектепішілік «Шырқа дауысым» байқауы өткізілді. 1-11 сынып оқушылары арасындағы талантты әрі әнші оқушыларды іріктеуге арналған байқауға 44 оқушы қатысып, өз бақтарын сынады.



Мектебімізде «7 мамыр – Отан қорғаушылар» күні қарсаңында «Жігіт сұлтаны 2024» байқауы өтті. Байқауға 8 оқушы қатысты.



15 мамыр «Халықаралық отбасы күні» мерекесіне орай мектепте 1-4 сыныптар арасында фото-көрме ұйымдастырылып, арнай 2 қабаттың А блогы даярланды.



21 мамыр күні «Самға! Жаса! Жарқыра!» атты 2023-2024 жылдың қорытынды концерті ұйымдастырылды. Бас режиссер, аға тәлімгер Ерік Ақмарал, арнайы эстетика кафедрасы мұғалімдері жұмылдырылды. Білім, ғылым, техника, спорт және өнердің талантты оқушылар шеруімен басталды. Одан кейін қанша мәрте іріктеліп, жүзден жүйрік болған талантты оқушыларымыздың мерекелік кешімен жалғасын тапты.



25 мамыр күні мектеп парламенті мүшелеріне, 11 сынып түлектеріне арнайы сый тартуымды әнші Еркеш Хасенді шақырумен білдірдім.



2023-2024 оқу жылында, алғаш рет аға тәлімгерлік маманы есебі ретінде жұмысымды ойдағыдай орындап, қойған мақсаттарыма жеттім деп ойлаймын. Көзге көрінбейтін жұмыстар да болғанымен, әр оқушының жүрегінен ерекше орын ала алдым деп білемін. Оқушылармен дос та, ана да, құрбы да, педагог те бола алдым. Алдағы уақытта осы жұмысты жандандырып, осы жылды тарихқа айналдырып, жаңа тарихтың бетін ашуға ынталанамын.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ЕСЕБІ

Әлеуметтік қызметтің мақсаты:

Оқушылардың тұрмыстық жағдайын және әлеуметтік ерекшеліктерін зерттеу. Оқушылардың әлеуметтік құқығын қорғау және балалардың дамуына жағдай жасау. Мектеп пен отбасы арасындағы қарым-қатынасты дамыту. Оқушылардың құқықтық білімін жетілдіру, азаматтық, әкімшілік, отбасылық қылмыстық заңдарды негізге алып, заңға бағынатын азамат тәрбиелеу. Мектеп пен тыс ұйымдармен өзара қарым-қатынасты үйлестіру. ҚР «Бала құқықтары туралы», «Неке және отбасы», «Білім туралы» заңдары басшылыққа алынып, бала құқығы мен мүдделерін қорғау мәселесі мектебімізде келесі бағыттар бойынша құрылды:

Балалардың құқықтары мен заңды мүддесіне байланысты ҚР заңдарын орындау;

Ата-аналарға, оқушыларға, мектеп ұстаздарына кеңес берілу, тренингтер өткізу, диагностикалық жұмыстар жүргізу;

Балалардың сапалы білім алуына және дұрыс тәрбиеленуіне әлеуметтік жағдай жасау;

Әлеуметтік жетімдіктің алдын алу жұмысын жүргізу;

Балалардың бос уақытын ұйымдастыру

Міндеттері:

Оқушылардың қызығушылықтарын және қажеттіліктерін, қиындықтарын және проблемаларын уақытылы анықтау;

Әлеуметтік, педагогикалық көмекті және қолдауды қажет ететін оқушыларға уақытылы көмек көрсету;

Әлеуметтік ынтаны дамытуға, әлеуметтік бағдарламалар және жобаларды іске асыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру;

Сабақтан тыс уақытта оқушының дарыны, ой және дене қабілеттерінің жақсаруына жағдай жасау;

Жеке тұлғаның мектепте, отбасында қоршаған әлеуметтік ортада психологиялық жайлылық және қауіпсіздік жағдайларын туғызу. Оқушыларға көмек көрсету үшін мұғалімдердің, ата-аналардың (оларды ауыстырып жүрген тұлғалар), түрлі қызметтер және органдар мамандарының әрекеттестігін үйлестіру.

Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп –гимназиясында 2023-2024 оқу жылы бойынша 1-4 класс оқушыларының жаппай ыстық тамақпен қамтылуы 2023 жылдың 2 қыркүйегінен басталды. Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп гимназиясында 1-4 класс бойынша барлығы 1731 оқушы бар. 1 класс-454, 2-класс-430, 3-класс 448, 4-класс 399. оқушы білім алады. Сонымен қатар 5-11 класс оқушылары арасында әлеуметтік аз қамтылған отбасынан шыққан 500 оқушы мектеп қаражаты есебінен тегін ыстық тамақпен қамтылды. Барлығы 871 оқушы қаржылық көмекпен қамтылды. Әр оқушыға берілген қаржы мөлшері 40567 теңге. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы облыстық білім басқармасының басшысы бекіткен 6 күндік ас мәзірі негізінде дайындалады. Үш ауысымдық мектеп болғандықтан оқушылардың сабақ кестесіне және сабаққа келу уақытына байланысты барлық кластардың асханаға бару кестесі құрылды.

Реті	Класс	Уақыты	Бала саны
1 поток	1ж 1з 1б 1в 1а 1ә 1м 1о	8:40-8:45	230
2 поток	1д 1г 1и 1ғ 1к 1қ 2с 3б 2ә	9:25-9:30	255
3 поток	3и 4д 4м 3н 3а 3ғ 5а 5ә 5б 5в 5г 5ғ 5д 5е 5ж 5з	10:10-10:15	220
4 поток	9а 9в 9г 9б 9д 9и 9ғ 9ә 9ж 9з 10в 10б 10а 10г 10ә 11а 11ә 11в 5и 5к 5п 5с 5р 8и 6б 6ж 7ә	10:55-11:00	184
Реті	Класс	уақыты	

1 поток	1н 2д 3д 2и 4н 2г 2в 2а	12:25-12:30	204
2 поток	2б 1е 4г 2п 3п 4о 2е 2р	13:10-13:15	204
3 поток	2ғ 2л 2з 2к 2қ 2ж 4к	13:55-14:00	165
Реті	Класс	уақыты	
1 поток	6с 6г 6р 6а 6ә 6к 6қ 6з 6ғ 6е 6п 6и 6в 6д 6л 7г 7к 7к 7з 7д 7ж 7в 7а 7е 7ғ 7б 7и 8д 8ж 8з 8г 8в 8к 8б 8ә 8а 8қ	уақыты: 14:40-14:45	256
2 поток	4б 3в 3г 4з 4е 3ә 4ә 4и 4қ 3е	уақыты: 16:10-16:15	254
3 поток	4а 4ғ 4в 3ж 3о 3к 3м 3з 4ж	уақыты: 16:55-17:00	238
Барлығы			2209


1-11 класс бойынша кластың әлеуметтік паспорты жинақталды. Жаңадан келген класс жетекшілерге әлеуметтік зерттеу жөнінде, түсінбеген сұрақ туындаған тұстарына көмек көрсетілді. Барлығы 140 кластың әлеуметтік паспорты жинақталды.

№	Аудандағы/қаладағы оқушылардың әлеуметтік топтамасы	Саны
1	Оқушылардың жалпы саны: Оның ішінде ұл бала саны: Қыз бала саны:	3759 1932 1827
2	Толық отбасы саны: Ондағы бала саны:	413 1034
3	Толық емес отбасы саны: Ондағы бала саны:	101 388
4	Жетім балалар: Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың саны:	3 4
5	Жартылай жетім балалар саны: Әкесі қайтыс болған: Анасы қайтыс болған:	127 107 20
6	Аз қамтылған отбасы: Ондағы балалар саны	507 855
7	АӘК алатын отбасы: ондағы бала саны:	38 96
8	Көпбалалы отбасы: Ондағы бала саны:	310 1255
9	Өгей әкемен тұратын отбасы: Ондағы бала саны:	35 83
10	Өгей анамен тұратын отбасы: Ондағы бала саны:	3 3
11	Ерекше білімді қажет ететін балалар: Үйден оқитын балалар:	53 13
12	Полиция бөлімінде есепте тұрған отбасы: Ондағы бала саны (мектеп жасындағы):	0 0
13	Полиция бөлімінде есепте тұрған оқушылар: Мектепішілік есепте тұрған оқушылар:	0 6
14	Тәуекел тобындағы (намаз оқитын немесе ата-анасы діни көзқарастағы) оқушылар: Мектеп формасын сақтамайтын оқушылар: Террористік белсенді аймақтардан келген оқушылар:	4 0 0

Қыркүйек айында ерекше білімді қажет ететін 11 оқушыға «Мектепке жол» акциясы аясы негізінде демеушілік көмек көрсету мақсатында ЖШС «F3.kz» жалпы құны 595 815 теңгені құрайтын парта-тарансформер берілді.



Қыркүйек-қазан айы бойынша оқушылардың ыстық тамақпен қамту табелін және өзара есептесу актісі бас есепшіге тапсырылды. 1-4 класс бойынша барлық оқушылардың асханада ыстық тамақ ішуіне байланысты апта сайын оқушылардың қатысымын класс жетекшілерден жинап алып, сол бойынша АКТ жасалды.



Бастауыш кластар бойынша барлық класс оқушылары ыстық тамақпен толық қамтылды. 29 қыркүйектегі Облыстық білім басқармасының өзгертілген ас мәзіріне сәйкес 11:00 дейінгі тамақтанатын оқушылар ботқа түрлерімен, кампот, кисель, пряник, булочка, лимон қосылған шәй, тәтті сусындар бар.



Асханаға оқушылардың уақытылы келуі, ас мәзірі бойынша астың берілуі, асханадағы тәртіп, оқушыларға пікірлер журналына пікір жаздыру барлығы үнемі бақылауда.



2023-2024 оқу жылы бойынша жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған барлығы 15 бала бар. 3 бала патронаттық тәрбиеде, 2 бала студент, 7 бала мектепте оқиды, 2 бала балабақша жасына жетпеген. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың үйлерін араладық, жаңадан 3 оқушы қосылды. Ол оқушылардың қамқоршыларымен байланыстамыз. 26 қыркүйек күні Қалалық білім бөліміне жетім балалардың кезекті есебін тапсырдық. Құжаттарының барлығын сканерлеп, толық құжаттарын тапсырылды.

2023 жылдың 18 қазан күні Облыстық білім бөлімі мен Қалалық білім бөлімінен жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың қамқоршылары мен үй-жайын тексеру мақсатында комиссия тексеру жасады.



2023 жылдың 29 қыркүйек күні Д. Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп – гимназиясы асханасында тамақтану сапасына мониторинг жүргізу комиссиясы жұмыс жасады. Комиссия құрамында мектеп директоры Тажимишев А.А, Қамқоршылық кеңес төрағасы Б.Әлиұлы, жалпы ата-аналар комитетінің төрайымы Утепбаева Э.Х, мектеп дәрігері Рамазанова А, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Давлетова Н.К және әлеуметтік педагогтар Абдуллина А.Н, мен Назарова Ә.Е болды. Дайындалған тағамдардың сапасын, технологиялық жабдықтарды және олардың жарамдылық мерзімдерін, азық-түліктерді, дайын тағамдарды сақтау, жеткізу мерзімдері мен шарттарының сақталуын, балалардың нақты тамақтану рационының күнделікті, перспективалық ас мәзіріне сәйкестігін, асхананың санитарлық жағдайын тексерді. Барлығы талапқа сай.



Мектептегі тамақтану, тамақтану сапасына жүргізілген мониторинг, мектепке жол бойынша konaevmektep.edu.kz мектеп сайтына жарияланды.

2023-2024 оқу жылы бойынша Ұлттық Білім беру деректор қоры (НОВД) 5-11 класс оқушыларының ішінен тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылар белгіленді.

Мектепшілік есепте тұрған 5 «С» класс оқушылары Девятков Никита мен Тогызбаев Қайсар және сабақтан үнемі қалатын 6 «П» класс оқушысы Павловский Александрдың үйіне барып АКТ жүргіздік.

2023 жылдың 27 қазанында «Дінмұхамед Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп – гимназия» КММ-де Қамқоршылар күніне арналған «Жылы жүрек» қайырымдылық акциясы өтті.

Бұл іс-шараның мақсаты жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеп, асырауға алған отбасыларға алғыс білдіру және материалдық қолдау көрсету.

Өртүрлі себептермен ата-анасы жоқ балалар үшін жауапкершілікті өз мойнына алған адамдарға арналған ерекше күн. Бұл мектепте осы балалардың ата-анасы атанған жандарға алғыс айту жақсы дәстүрге айналған. Д.Қонаев атындағы орта мектеп-гимназиясында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 15 бала мен олардың 9 қамқоршысы бар.

Мектеп директорының бұл балаларға материалдық және қаржылай көмек көрсету туралы өтінішін осы білім ошағына қосымша ғимарат салып жатқан «Портал-ПВ» ЖШС қуана қолдады. «Портал — ПВ» ЖШС директоры Ичиев Султан Хаджи Мухарбекович. Ұйым атынан Санбаев Тогимбай Алмажаевич қатысып, қамқоршыларға мейірімділік пен даналықтары үшін алғыс айтып, балаларға жұмсалған орасан еңбегі үшін 15 баланың қамқоршыларына ақшалай сертификаттар табыс етті. Қайырымдылық акциясының жалпы қоры **1 500 000** теңгені құрады, яғни олардың банктік шотына әр бала үшін **100 000** теңгеден аударылады.



30 қазан мен 10 қараша аралығында Алға ауданының жанында орналасқан «Күншуақ» қала сыртындағы лагерге демалуға үйден оқитын 9 «А» класс оқушысы Сағидоллаев Ерсұлтан жіберілді. Талап етілген құжаттары мен іс-қағаздарының барлығы дайындалып оқушы 10 күн лагерде демалып келді.

Қалалық білім бөлімінен келген барлық отчеттар бойынша ақпарат жинақталып үнемі

уақытылы жіберіліп отырады.

2023 жылдың желтоқсан күні мектептің Қамқоршылық кеңес мүшесі, кәсіпкер, «Сапа Телеком» ЖШС-нің техникалық директоры Сарсенов Есенгелді Шарипович 1 класс оқушыларын Жаңа жыл мерекесімен құттықтап сыйлықтарымен келді. «Сапа Телеком» ЖШС директоры Алимбаев Кайрат Канатбекович, коммерциялық директоры Айжанов Руслан Бакитжанович және техникалық директоры Сарсенов Есенгелді Шарипович 1 кластар бойынша аз қамтылған отбасылардан шыққан 100 оқушыны жаңа жылдық сыйлықтарымен қуантты.





Оқушыларды Жаңа Жылдық Шыршамен қамту мақсатында Президент Шыршасы, қала әкімінің шыршасы, Алматы ауданының шыршасы өтті.

2023-2024 оқу жылының екінші жарты жылдығы бойынша барлығы 2175 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. 1-4 класс бойынша әлеуметтік аз қамтылған оқушылар саны-336 оқушы, 5-11 класс бойынша 490 оқушы. Облыстық білім басқармасының бекіткен екі апталық ас мәзірі бойынша ыстық тамақ дайындалады. Тамақтың сапасын асхананың тазалығы, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайы ай сайын тексеріліп отырады. Асханада оқушылардың тамақтану уақыты таңғы 8:40 басталып 16.50-де аяқталады. Оқушылар сабақ оқу ауысымына, сабаққа келу уақытына байланысты лектерге бөлінді. Оқушылар класс жетекшілерімен бірге бекітілген уақытта келіп асханадан ыстық тамақ ішеді.



Ай

сайын тамақтың сапасына мониторинг жүргізу бойынша тексеру жүргізіледі. Комиссия төрағасы, комиссия мүшелері асхананың тазалығын, дайын тамақтың сапасын, мөлшерін асханадағы ыдыстардың жағдайын барлығына бақылау жасады.



Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілердің іс номенклатурасы реттеліп құжаттары дұрысталды. Нормативтік-құқықтық құжаттар папкасы реттелді.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар мекен-жайы бойынша барлығы 16 бала, оның ішінде мектепте оқитын оқушылар саны- 8.

Қалалық білім бөліміне қаңтар айында жетім оқушылар туралы есеп тапсырылды.

Асханаға қатысым бойынша апта сайын класс жетекшілерден қатысым алынып, бас есепшіге тапсырылады.

Мектепшілік құқықтық кеңеске қатысып мектептің ішкі тәртіп ережесін бұзған, сабақтан көп қалатын оқушылармен жұмыстанып қажет болған жағдайда үйлерін аралап, материалдық-тұрмыстық зерттеу актісі жасалды.



2024 жылдың 15 ақпан күні 11В класс оқушысы Ступенко Каринаның тәртібі бойынша профилактикалық кеңес болды. Кеңес мүшелері өз шешімін шығарып мамандарға тапсырма берілді. Ступенко Каринаның үйіне барып АКТ жасалды.



2024 жылдың 16 ақпан күні 6 «П» класс оқушысы Павловский Максим мен 5 «Р» класс оқушысы Павловская Екатерина үйіне ДТІЖО Шуренбаев Н.О, класс жетекшілер Истаева А.М, Жапарова А.Е әлеуметтік педагог Баймукашева И.Н барып әлеуметтік көмек көрсетілді.



2024 жылдың 15 ақпан күні «Досболайық» акциясы аясында 9 класс оқушыларының қатысумен жәрмеңке өтті. Жәрмеңкеден түскен қаражат әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушыларға жұмсалады.



Қайырымдылық жәрмеңкесінен түскен қаражат үйден оқытылатын оқушылар 7 «Д» класс оқушысы Орынбасарқызы Жанерке, 6 «С» класс оқушысы Орлова Надежда, 5 «Д» класс оқушысы Марат Гауһар және Қуанышбек Санжарға қаржылық көмек көрсетілді. Қазақстан ЮНЕСКО клубтарының @unescoclubs_kz «Жылды жақсылықпен баста» республикалық акциясын қолдау мақсатында және үйден оқумен қамтылған оқушылармен жұмыс жоспары аясында үйден оқитын қыз балаларға көктем мерекесімен құттықтап, 20 000 теңге көлемінде ақшалай сыйлық табысталды. Құттықтап барған сынып жетекшілері мен мұғалімдерді оқушылар да, ата – аналар да жыл қарсы алды.

«Жылды жақсылықпен баста» республикалық акциясын қолдау мақсатында және ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс жоспарына сәйкес Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп – гимназиясының логопед, дефектолог, әлеуметтік педагог, психолог мамандарының бірлескен «Мейірімділік аймағы» атты іс – шара ұйымдастырылды. Баланы психологиялық-педагогикалық қолдау – инклюзивті білім беру жүйесінде баланың тәрбиесіне, оқу процесіне, жан - жақты дамуына, әлеуметтенуіне, бейімделуіне жағдай жасауға бағытталған кәсіби белсенді жүйе.

Баланың танымын қалыптасытаратын ойын әрекеті болып саналады. Көп педагог – ғалымдардың еңбектерінде: «Ойын баланың жетекші әрекеті» деген сипаттама береді. Өйткені ойын баланы ақыл-ой жағынан да, дене бітімі жағынан дамуына да алға жетелеп, адамгершілік қасиеттерін дамытады. Аталған іс – шара барысында оқушылар түрлі жаттығулар, көңілді тапсырмалар орындады. Жұмыс барысында қатысушы балалар жоғары белсенділік көрсетіп, сыйлықтарға ие болды.



2024 жылдың наурыз айында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды қуанытып, қайырымдылық жасау мақсатында мектеп ұжымынан жиналған қаржыға барлық 15 оқушыға құны 100 000 теңге және 90 000 теңге болатын «спортмастер» және «детский мир» дүкендер желісінен сертификаттар табысталды.



Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі жекелеген отбасы үлгісіндегі балалар үйлеріне, қорғаншылық, патронаттық, қабылдаушы, отбасыларында тәрбиеленетін жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарының қорғалуы мақсатында 2024 жылдың 11 сәуір күні министрлік өкілімен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған мектепке оқитын және мекен-жайы бойынша тұратын барлығы 15 баланың үйін аралап, қамқоршыларымен кездесіп АКТ толтырылды.

Оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында жазғы лагерьмен қамтылатын оқушылар бойынша гугл форма алынып 400 оқушының тізімі жасақталды. 1 сезонға 140 бала, 2 сезонға 142 бала, 3 сезонға 118 бала қатысады.

Қорытынды:

1. Оқушылардың уақытылы тамаққа келуін үнемі бақылауда ұстау
2. Ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың қатысымын уақытылы тапсыру

3. Асханадағы күнделікті тамақ өнімдерінің сапасын бақылау
4. Ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың асханаға тұрақты келуін қадағалау
5. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың жағдайын бақылауда ұстау.
6. Оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектеп жанындағы және қала сыртындағы лагерлерге оқушылардың құжаттарын дайындап қатамасыз ету
7. Қала сыртындағы лагерге 10 оқушы, мектеп жанындағы лагерге 400 оқушы қатыстырылады деп жоспарлануда
8. 2024-2025 оқу жылына жоспар бойынша қаржылық көмекпен қамтылатын оқушылардың санын анықтау

Ұсыныс: Келесі оқу жылына дайындықты қамтамасыз ету. 1-4 класс оқушыларының барлығының ыстық тамақпен қамтамасыз етуді жоспарлау. Қаржылық көмек бойынша әлеуметтік осал топтағы оқушылардың күнкөріс деңгейін қайтадан қарастыру. Атаулы әлеуметтік көмек алатын немесе алмайтын отбасынан шыққан оқушылар туралы ақпаратты толықтыру.

SWOT ТАЛДАУ

Әлді	Әлсіз
1.Тәрбие жұмысының уақытылы жүргізіліп отыруы 2.Ата-анамен жұмыстың өте жоғары деңгейде ұйымдастырылуы, қала көлемінде тәжірибе таратуы, 3.Ата-аналар жиналысының уақытылы және қызықты өтуі 4.Ұйымдастырылған түрлі шараларға қатысу; 5.Өткізілген шаралардың әлеуметтік желіге жариялануы 6.Іс-шараларды ұйымдастыру барысында АКТ-ны жиі пайдалану 7.Мектепішілік үйірме, секция жұмыстарының ұйымдастырылуы 8.Құқықбұзушылыққа байланысты оқушылармен жүргізілген жұмыстарының нәтижелігі. 9.Ата-аналардың қоғамдық жұмыстарға белсене араласуы (сенбілік,көгалдандыру, акция); 10.Әлеуметтік ерекше санаттағы балаларға қолдау-көмек көрсету мақсатында қайырымдылық акциялардың тиімді ұйымдастырылуы 11.Психологиялық қызмет көрсету бойынша толық емес, сәтсіз отбасы тәрбиесіндегі (R - тобы) балалардың психо-эмоционалдық жағдайын зерттеу жұмысының ұйымдастырылуы 12.Оқушылардың бос уақытының тиімді ұйымдастырылуы.	1. Сынып жетекшілердің әріптестерінің тәрбие сағаттарына қатысуы, тәжірибе алмасуы; 2.Оқушыларды шығармашылықпен жұмыс жасауға баули отырып, шығармашылық жұмыстарын түрлі балаларға арналған газет-журналдарға жариялауды ұйымдастыру; 3.Психологтардың педагогтармен ағарту және профилактика жұмыстарын жүргізудің аздығы, орыс тілінде оқытылатын сыныптармен жұмыстың төмендігі; 4. Жас Ұлан ұйымы жұмысының төмендігі; 5.Орыс тілінде оқытылатын сыныптардың қоғамдық жұмысқа ат салысуының төмендігі; 6.Жоғары сынып оқушыларының кітап оқу белсенділігінің төмендігі; 7.Мұғалімдердің өткізілген шаралар мен ақпараттық сағаттар толық қатысым болмауы; 8.Кітапханалық сабақтардың аздығы; 9.Цифрлы кітапхананың болмауы. 10. «Үздіксынып жетекшісі» байқауының ұйымдастырылмауы. 11. Жыл қорытындысы бойынша сынып жетекшілер мониторингінің әлі де болса бір жүйеге қойылып ұйымдастырылмауы. 12.Жас сынып жетекшілермен жұмысты қарастыру.
Мүмкіндіктер	Қауіп- қатер
1.Тәрбие саласы бойынша құзырлы (логопед, әлеуметтік педагог, психолог, тәлімгер, ұйымдастырушы-педагог, қосымша білім беру педагогы, кітапханашы)қызметтердің жұмысының жоғары деңгейде көрсету; 2.Саналы тәрбие мен жүйелі тәртіп арқылы білім сапасына оң ықпал ету; 3.Ата-аналар, жалпы қоғам алдында мұғалімнің мәртебесін көтеріп, ұстаз имиджін қалыптастыру, мұғалім дәрежесін жоғары бағалау; 4.Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру арқылы шығармашылық-спорттық бағытта жетістіктерге жетуге болады және құқықбұзушылықтың алдын алуға болады.	1.Мектепте бала санының көптігінен баланың өмір қауіпсіздігіне деген болжалды қауіптің болуы 2. Үнемі жаңа келген оқушылармен толығып отыратын сынып ахуаланың тұрақты болмауы 3.Баланың бос уақыты тиімді ұйымдастырылмағандықтан, мектепте тәртіп пен құқыбұзушылықтың туындауы. 4.Тәртіп пен талап болмаған жерде білім сапасы да төмендейді. 5. Орта және жоғары класс оқушыларының кітапханаға деген белсенділігінің төмендігі, сауатсыздыққа жол бермеу.

ЛОГОПУНКТ ҚЫЗМЕТІ

2023-2024 оқу жылында жоспарға сәйкес логопедиялық қызмет **3 негізгі бағыты** бойынша жұмысын жалғастырады. **Өзекті мәселесі:** ҚР «Мүмкіндіктері шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық коррекциялық көмек көрсету туралы» Заңы және ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 12 желтоқсандағы №524 бұйрығына сәйкес «Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру» бойынша әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа ала отырып жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасындағы сөйлеу тілі мен жазуында кемшілігі бар оқушылармен логопункт жұмысын жалғастыра отырып, жеке және топтық жұмыс түрлерін ұйымдастыру, сөйлеу тілінің кемшіліктерін түзету, болдырмау, алдын-алу.

Мақсаты:

- Сөйлеу тілі бұзылған оқушыны оқытуды, тәрбиелеуді және қайта тәрбиелеуді, сонымен бірге сөйлеу тілінің кемістіктерін алдын-ала сақтандыру жолдарын ғылыми негізде жете зерттеу болып табылады.
- Оқушылардың сөйлеу тілінің кемшіліктерін анықтау;
- Сөйлеу және жазу тілі бұзылған оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу;
- Сөйлеу тілі кемшіліктерінің алдын-алу жұмыстарын жүргізу.

Жұмыс барысы

- Оқушыларға бақылау жүргізу, зерттеу(диагностика) жұмыстары;
- ПМПК қорытындысы;
- Сөйлеу тілінің бұзылысын анықтау;
- Ата-аналарға сауалнама;
- Класс жетекшілермен жұмыс;
- Сабаққа қатысым;
- Есепке алу, тізім жасақтау, сабақ кестесін құру
- Түзету сабағының жұмыс жоспары.

2023-2024 оқу жылының логопункт жоспарына сәйкес 2-13 қыркүйек аралығында логопедиялық диагностика жұмыстары жүргізілді. Диагностикалық жұмыс барысы электронды «Googleформа» арқылы ата-аналарға сауалнама жолдау арқылы және класс кабинеттерді аралап оқушылардың сабақ барысындағы өзін-өзі ұстау, тыңдау, байланыс, түсіну, сөйлеу, дұрыс анық сөйлеуі және т.б. қабілеттері назарға алынып жеке тексеру жұмыстары жүргізілді.

Ата-аналарға арналған сауалнама сұрақтары оқушының сөйлеу тіліндегі немесе дамуындағы ерекшеліктерін анықтау мақсатына көзделіп құрылды. Оқушының дамуындағы ерекшеліктер мен оны дәлелдейтін анықтамасы бар екеніне көз жеткізілді. Анықтаманың көшірмесі алынып, логопед маманның көмегін қажет ететіндігін растайтын ұсынымдарға баса назар аударылды. Жүргізілген диагностика нәтижесінде мектепке биыл қабылданған *1 класс оқушыларының арасынан 105 оқушы анықталып, 45 оқушы* логопункт тіркеуіне алынды. Яғни, нәтижесінде сөйлеу тілінің түрлі тұжырымдамасы (диагнозы) кездесті.

Зерттеу нәтижесіне сай сөйлеу тілінің *ЖСТД, ФФЖ, тұтықпа, ринология*, секілді диагноздар анықталды. Зерттеу күні жазылып, алынған зерттеу нәтижелерінің дәлелдемелері жасақталды.

Оқушылармен логопунктте арнайы, жүйелі жоспарлы жұмыстар жүргізіледі. Логопедтік пункттің нормативтік құжаттарына сәйкес бір логопед маманның оқушы тізімінде 30 оқушыға дейін белгіленген. Сол себепті зерттеу барысында анықталған оқушылардан *60 оқушы* есепке алынды. Оның ішінде *1 класс-45*, есепке алынды. Оқушылар тізімі жасалынып, сабақ кестесі құрылып, бекітілді. Сөйлеу тілінің бұзылыстарына, оқушылардың жас ерекшелігіне қарай топтарға бөлінді. Әр сөйлеу тілінің диагноздарына және кластарына байланысты түзету сабағының жоспары құрылып, бекітілді. Түзету сабағы аптасына *2 рет 40 минут* жүргізіледі. Оқушыларды есепке алу журналы, түзету сабағына қатысым журналы арналды. Логопункт жұмысын жалғастыру және *1 тоқсан бойынша оқушылар тізімі бұйрық негізінде жасалынды. Тізімге алынған 60 оқушының ішінде:*

ФФЖ(ФФН) – 56 оқушы

Тұтықпа (заикание) – 2 оқушы

Ринолалия(операциядан кейін) – 2 оқушы анықталды.

Әрбір оқушыға төмендегідей құжаттар дайындалды:

1. Ата-аналар арызы н/е өтініші;
2. Оқушының жеке картасы.
3. Анамнез.
4. Сөйлеу карталары.
5. Жұмыс дәптері.

Логопунктің түзету сабақтарының жұмыс кестесі сабақтардан тыс уақытта өткізілуіне мән беріледі.

Логопедтік пункт қызметі ерекше білім алуды қажет ететін және денсаулық жағдайына байланысты үй жағдайында оқитын оқушылармен де түзету-дамыту жұмыстарын жалғастырады. ЕББҚ оқушылар арасынан анықтамасында сөйлеу тілінің диагнозы мен логопед маманмен жұмыстану ұсынысы берілген жағдайда түзету сабағына алады. Биылғы оқу жылының I тоқсаны бойынша ПМПК қорытындысына сәйкес 25 оқушы логопед маманның түзету сабағына қатысады. Есепке алынып, сабақ кестесі қойылды. Сөйлеу тілінің деңгейіне, жас ерекшелігі мен сыныбына байланысты құрылған жұмыс жоспары бекітілді. Бұл оқушылармен де аптасына 2 рет түзету сабағы өткізіледі. Және де денсаулық жағдайына байланысты үй жағдайында оқитын сөйлеу тілінің бұзылысы бар 2 оқушы есепке алынып, сабақ кестесі қойылды. Бұл оқушылармен аптасына 1рет түзету сабағы өткізіледі.

Логопунктке оқушыларды
ЕСЕПКЕ АЛУ ЖУРНАЛЫ

07-10

Логопедтік /топтық, жеке/
сабақтарға қатысым
ЖУРНАЛЫ

Оқу жылы 2023 / 2024

Д. Қытайқызы, логопед, логопедтік пункт директоры

Б. Мамбетов, логопед

№	Аты-жөні	Туған жылы, айы, күні	Класс	Тіркеулер уақыты	Диагноз	Ұсыныстар	Тіркеулер шығарылды
1	Ахметов А.	05.02.2017	1.А		ФНД		
2	Мамбетов Б.	04.11.2017	1.А		ФНД		
3	Жаппасов А.	12.04.2017	1.А		ФНД		
4	Ибрагимов С.	18.05.2012	1.А		ФНД		
5	Бектасов А.	05.11.2016	1.А		ФНД		
6	Мамбетов А.	18.02.2016	1.А		ФНД		
7	Жаппасов К.	01.07.2017	1.А		ФНД		
8	Бектасов С.	16.02.2012	1.Б		ФНД		
9	Ахметов А.	27.05.2017	1.Б		ФНД		
10	Мамбетов М.	20.09.2017	1.Б		ФНД		
11	Бектасов А.	28.01.2017	1.Б		ФНД		

№	Оқушының АТЫ-ЖӨНІ	Маманмен АТЫ-ЖӨНІ	Жұмыс АТЫ-ЖӨНІ	Сәтін АТЫ-ЖӨНІ
1	Ахметов А.	+	+	+
2	Мамбетов Б.	+	+	+
3	Жаппасов А.	+	+	+
4	Ибрагимов С.	+	+	+
5	Бектасов А.	+	+	+
6	Мамбетов А.	+	+	+
7	Жаппасов К.	+	+	+
8	Бектасов С.	+	+	+
9	Ахметов А.	+	+	+
10	Мамбетов М.	+	+	+
11	Бектасов А.	+	+	+
12	Жаппасов К.	+	+	+
13	Бектасов С.	+	+	+
14	Ахметов А.	+	+	+
15	Мамбетов М.	+	+	+
16	Бектасов А.	+	+	+
17	Жаппасов К.	+	+	+
18	Бектасов С.	+	+	+
19	Ахметов А.	+	+	+
20	Мамбетов М.	+	+	+
21	Бектасов А.	+	+	+
22	Жаппасов К.	+	+	+
23	Бектасов С.	+	+	+
24	Ахметов А.	+	+	+

Анкета для родителей 1 "Р" класс

Информация об ученике, который требует помощь специалиста-психолога. **Примечание:** ответы на вопросы 1 и 2 обязательны. Последующие вопросы адресованы только учителям, которые требуют помощи специалиста-психолога.

1. Есть ли недостатки в речи вашего ребенка? (Неисправность произношения звуков, замедление, неловкое речевое)

☐ Да ☐ Нет ☐ Добавить комментарий "Другое"

2. Требуется ли вашему ребенку помощь специалиста-психолога?

☐ Да ☐ Нет

1. Балаңыздың сөйлеу тілінде кемшіліктер бар ма? (Дыбыс айта алмау, тұтығу, сөйлеу кезіндегі бұзылыстар)

22 ответа

Жауап	Пайыз
Бар	13.6%
Жоқ	86.4%

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Кабинет	Апта күндері					
				Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенді
1	Бағдат Аян	1 «А»	В14		10:40-11:20	10:40-11:20			
2	Жәдігер Ансарым	1 «А»	В14		10:40-11:20	10:40-11:20			
3	Олжабаев Ерқанат	1 «А»	В14		10:40-11:20	10:40-11:20			
4	Ғиният Төлеген	1 «Ә»	В15					10:40-11:20	10:40-11:20
5	Шахмут Арман	1 «Ә»	В15					10:40-11:20	10:40-11:20
6	Жақсылықов Ж	1 «Ә»	В15					10:40-11:20	10:40-11:20
7	Сұлтанғазиев Сұлтанбек	1 «Б»	В11	10:40-11:20			10:40-11:20		
8	Алдонғарова Айару	1 «Б»	В11	10:40-11:20			10:40-11:20		
9	Нұрлан Имран	1 «Б»	В11						
10	Қабыл Қайсар	1 «Б»	В11						
11	Жайлаубаева Медина	1 «В»	В13					10:40-11:20	10:40-11:20
12	Музаһар Ибраһим	1 «В»	В13					10:40-11:20	10:40-11:20
13	Қауыпбаев Осман	1 «Г»	Б25		10:00-10:40	10:00-10:40			
14	Амандосов Ахмедияр	1 «Г»	Б25		10:00-10:40	10:00-10:40			
15	Бакыт Ербол	1 «Г»	Б25		10:00-10:40	10:00-10:40			
16	Самат Нурали	1 «Г»	Б25		10:00-10:40	10:00-10:40			
17	Едиге Айзере	1 «Ғ»	В23	10:00-10:40				10:00-10:40	
18	Дисембай Арсен	1 «Ғ»	В23	10:00-10:40				10:00-10:40	
19	Артурқызы Аруназ	1 «Д»	Б23	10:40-11:20			10:40-11:20		
20	Жасулан Ыбырай	1 «Д»	Б23	10:40-11:20			10:40-11:20		
21	Муратова Нұрай	1 «Д»	Б23	10:40-11:20			10:40-11:20		

22	Орынбасар Адина	1 «Д»	Б23	10:40-11:20			10:40-11:20		
23	Артурұлы АбдулАзим	1 «Е»	В14			14:20-15:00		14:20-15:00	
24	Абубакир Жанболат	1 «Е»	В14			14:20-15:00		14:20-15:00	
25	Азамат Гүлхан	1 «Е»	В14			14:20-15:00		14:20-15:00	
26	Қуанышқали М	1 «Е»	В14			14:20-15:00		14:20-15:00	
27	Махамбет Нұрасыл	2 «Г»	Б-16		14:40-15:20		14:40-15:20		
28	Серікқали Құралай	2 «Ғ»	Б-25		14:40-15:20		14:40-15:20		
29	Оңғарбаев Расул	2 «Ғ»	Б-25		14:40-15:20		14:40-15:20		
30	Яулан Фатима	2 «Б»			14:40-15:20		14:40-15:20		

Апта күндері									
№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Кабинет	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі
1	Жасұланұлы Расул	1 «Ж»	Б12	10:10-10:50				10:10-10:50	
2	Серік Дамир	1 «Ж»	Б12	10:10-10:50				10:10-10:50	
3	Мұратбек Ахмад	1 «З»	Б14		09:30-10:10	09:30-10:10			
4	Жалгасканова Даяна	1 «И»	Б26		10:50-11:20				10:50-11:20
5	Хабидулла Дана	1 «И»	Б26		10:50-11:20				10:50-11:20
6	Серікұлы Арын	1 «К»	1-Б	10:10-10:50		10:10-10:50			
7	Нұржан Меиржан	1 «К»	1-Б	10:10-10:50		10:10-10:50			
8	Кажухан Ясмин	1 «К»	1-Б	14:40-15:20		14:40-15:20			
9	Асхатұлы Фарух	1 «Қ»	1-В	10:10-10:50					10:10-10:50
10	Қапаров Ерасыл	1 «Қ»	1-В	10:10-10:50					10:10-10:50
11	Мурат Амир	1 «Қ»	1-В	10:10-10:50					10:10-10:50
12	Ғалымжан Ғадидже	1 «Қ»	1-В	14:40-15:20		14:40-15:20			
13	Мейрамбетов Диас	1 «Қ»	1-В	10:10-10:50					10:10-10:50
14	Илюбекова Аяла	1 «М»	В16		10:10-10:50	10:10-10:50			
15	Нұрлан Айлина	1 «М»	В16		10:10-10:50	10:10-10:50			
16	Тулепберген Самурат	1 «М»	В16		10:10-10:50	10:10-10:50			
17	Ербол Фариза	1 «М»	В16		10:10-10:50	10:10-10:50			
18	Жаңабай Батырхан	1 «М»	В16		10:10-10:50	10:10-10:50			
19	Әбдімәлік Әмина	1 «Н»	Б11	11:00-11:40					11:00-11:40
20	Бақдәулет Ердана	1 «О»	Б21					10:10-10:50	10:10-10:50
21	Маратұлы Алихан	1 «О»	Б21					10:10-10:50	10:10-10:50
22	Темирбаев Артур	1 «О»	Б21					10:10-10:50	10:10-10:50
23	Бекмырза Диас	1 «О»	Б21					10:10-10:50	10:10-10:50
24	Райзо Әлинұр	2 «ІІ»	Б26	14:40-15:20		14:40-15:20			
25	Темирбек Саян	2 «ІІ»	Б26	14:40-15:20		14:40-15:20			

26	Давлетов Юнус	2 «Р»	В24	14:40-15:20		14:40-15:20			
27	Маратұлы Арнұр	2 «С»	В24					10:50-11:20	10:50-11:20
28	Махамбет Ерасыл	2 «Р»	В24	14:40-15:20		14:40-15:20			
29	Қарабалин Диас	2 «Д»	Б12		14:40-15:20			13:30-14:10	
30	Жубандыков Санжар	9 «И»	В32		11:50-12:25	11:50-12:25			

Мектеп бойынша «ерекше білім беруді қажет ететін» логопед көмегін қажет ететін 29 оқушы бар. Бұл оқушылардың құжаттары жинақталып, инклюзивті оқыту бағдарламасы бойынша күнтізбелік-тақырыптық жұмыс жоспары мен сабақ кестесі құрылды. Сабақ кестесі бекітіліп, түзету жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл оқушылармен аптасына 2 рет 30-35 минут түзету-дамыту сабағы жүргізіледі. Қалалық ПМПК қорытындысы бойынша төменде көрсетілген оқушылар ЕББҚ оқушыларға логопед маманмен түзету жұмысына кеңес берілген.

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Кабинет	Апта күндері					
				Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі
1	Нағмет Данабек	1 Д	Б 23	09:30-10:00				09:30-10:00	
2	Бегазиз Наз	1 З	Б14	10:15-10:45				10:15-10:45	
3	Бахыт Нұржігіт	2 А	В12					14:40-15:10	14:40-15:10
4	Шынтасов Мухаммед	2 Ә	В12	08:00-08:30	09:30-10:00				
5	Жанкин Тарғын	2 Ж	Б 6		14:00-14:30		14:00-14:30		
6	Умирбеков Хан	2 М	Б23		12:30-13:00		12:30-13:00		
7	Нағмет Мансұр	3 К	Б23	15:00-15:30				15:00-15:30	
8	Ермек Қыдыркелді	2 Қ	Г11	14:40-15:10					14:40-15:10
9	Нуржан Назым	3 Н	Б24				09:30-10:00		09:30-10:00
10	Фадеева Владислава	3 Н	Б24				09:30-10:00		09:30-10:00
11	Серікұлы Арсен	3 О	Б22	14:50-15:20				14:50-15:20	
12	Конкобаева Дария	4 Ж	1 қаб	14:50-15:20					14:50-15:20
13	Жақсылықов Ж	1 Ә	В15					11:00-11:30	11:00-11:30
14	Абибуллаева Жауһар	2 Е	Б23		15:30-16:00	14:45-15:15			
15	Серкқали Айкөркем	1Д	Б23	11:00-11:40			11:00-11:40		

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Кабинет	Апта күндері					
